ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 29 қазан №808 Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., №40, 500-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. МАМИН

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2019 жылғы 29 қазандағы №808 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 25 мамырдағы №575 қаулысымен бекітілген

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және ғылыми зерттеулерді, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен базалық қаржыландыру, сондай-ақ гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

ғылыми-зерттеу жұмысына арналған техникалық тапсырма – осы жұмыстардың мазмұнына, көлеміне және орындалу мерзіміне қойылатын талаптарды белгілейтін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған бастапқы техникалық құжат;

ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі – ғылым саласындағы уәкілетті органда аккредиттелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

жеке әріптес – мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

мемлекеттік тапсырыс – уәкілетті органның және (немесе) салалық уәкілетті органдардың базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру нысанында мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған шарт негізінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісіне тапсырысы.

3. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін қаржыландыруды әрбір нысан бойынша жеке шарт жасаса отырып, базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру нысанында бір мезгілде жүзеге асыруға болады.

4. Базалық қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шарт базалық қаржыландыру субъектісі мен уәкілетті орган немесе базалық қаржыландыру субъектісінің ағымдағы қызметін қамтамасыз етуге салалық уәкілетті орган арасында жасалады.

Гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарт (бұдан әрі – шарт), ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызмет субъектісі мен уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган не Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызметті қаржыландыруды жүзеге асыратын өзге тұлға арасында жасалады.

2-тарау. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық қаржыландыру тәртібі

5. Базалық қаржыландыру уәкілетті органда аккредиттелген және өздері үшін салалық уәкілетті орган айқындаған басым бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырманы және (немесе) мемлекеттік тапсырысты орындайтын мемлекеттік ғылыми ұйымдарға және мемлекеттік ғылыми ұйымдарға теңестірілген ғылыми ұйымдарға, мемлекеттік жоғары оқу орындарына, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі жоғары оқу орындарына, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларға дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей не жанама түрде тиесілі жоғары оқу орындарына (бұдан әрі – субъектілер) бөлінеді.

6. Базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесін, оның ішінде салалық уәкілетті органдардың ұсыныстары негізінде уәкілетті орган қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7. Базалық қаржыландыру ғылыми инфрақұрылымды және мүлікті, оның ішінде ғимараттарды, жабдықтар пен материалдарды ағымдағы қамтамасыз етуге, әкімшілік және қызмет көрсетуші персоналға еңбекақы төлеуге, сондай-ақ субъектілердің ғылыми-техникалық қызметін ақпараттық сүйемелдеуге арналған базалық қаржыландыру нормалары бойынша шығыстарды қамтиды.

8. Өздері үшін уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган айқындаған басым бағыттар бойынша соңғы екі жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырма және (немесе) мемлекеттік тапсырыс алмайтын базалық қаржыландыру субъектілері базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесінен шығарылуға жатады.

9. Базалық қаржыландыру субъектілері уәкілетті органға және (немесе) салалық уәкілетті органға бюджеттік заңнаманың талаптарына сәйкес ресімделген базалық қаржыландырудың бекітілген нормаларына сәйкес базалық қаржыландыруға арналған бюджеттік өтінімді жыл сайын жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей береді.

10. Базалық қаржыландыру нормаларын уәкілетті орган әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

11. Салалық уәкілетті органдар бюджеттік заңнамаға сәйкес ресімделген базалық қаржыландыру бойынша жиынтық бюджеттік өтінімдерді уәкілетті органға жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырынан кешіктірмей енгізеді.

12. Уәкілетті орган базалық қаржыландыру бойынша жиынтық бюджеттік өтінімді бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізеді.

13. Базалық қаржыландыру субъектілерін қаржыландыруды уәкілетті орган, салалық уәкілетті органдар тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет шеңберінде бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша жүзеге асырады.

14. Базалық қаржыландыру субъектілері есепті жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес базалық қаржыландыру қаражатының пайдаланылуы туралы есепті ұсынады.

Салалық уәкілетті органдар есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейінгі мерзімде уәкілетті органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес базалық қаржыландыру қаражатының пайдаланылуы туралы жиынтық есепті ұсынады.

Базалық қаржыландыру субъектісі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің базалық қаржыландыру қаражатын пайдалануы туралы есепте келтірілген ақпараттың дәйектілігі мен заңдылығын қамтамасыз етеді.

15. Базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесіне енгізудің негізділігін және базалық қаржыландыру көлемін растайтын құжаттар мен ақпараттық деректердің дұрыстығын уәкілетті орган, салалық уәкілетті органдар мен ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері қамтамасыз етеді.

3-тарау. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру тәртібі

16. Гранттық қаржыландыру ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының, ғалымдардың ғылыми-техникалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізуге бөлінеді. Гранттық қаржыландыру қаражатынан жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурстары жарияланауы мүмкін.

17. Гранттық қаржыландыру іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыру үшін мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеусіз беріледі және қайтарылмайды.

18. Салалық уәкілетті органдар жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі – ЖҒТК) айқындаған Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес гранттық қаржыландырудың басым, мамандандырылған бағыттары мен көлемдері туралы ұсыныстарды осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жолдайды.

19. Уәкілетті орган ұсыныстар беру мерзімі аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде салалық уәкілетті органдардың ұсыныстарын «Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – сараптама орталығы) жолдайды.

20. Сараптама орталығы гранттық қаржыландырудың басым және мамандандырылған бағыттар мен көлемі бойынша ұсыныстарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде олар бойынша ұсынымдар алу үшін ұлттық ғылыми кеңестердің (бұдан әрі – ҰҒК) қарауына жолдайды.

Сараптама орталығы ҰҒК шешімдерін жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 20 ақпанына дейін уәкілетті органға жолдайды.

21. Уәкілетті орган сараптама орталығы ұсынған гранттық қаржыландыру туралы ҰҒК шешімін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оларды ЖҒТК қарауына жолдайды.

22. ЖҒТК жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №429 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия туралы ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен тиісті шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде ЖҒТК-ның шешімін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жолдайды.

ЖҒТК басым бағыттар бойынша бөле отырып, ғылымды дамытудың басым бағыттары мен гранттық қаржыландыру көлемі бойынша шешім қабылдағаннан кейін уәкілетті орган мен салалық уәкілетті органдар жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін конкурстық құжаттаманы әзірлейді, бекітеді және гранттық қаржыландыруға конкурс жариялайды.

23. Гранттық қаржыландыруды конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган не Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыруды жүзеге асыруға уәкілеттік берген өзге тұлға жүзеге асырады.

24. Гранттық қаржыландыру конкурстық негізде мемлекеттік бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Орындаушы уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті (аралық) (жоба іске асырылатын бірінші жылы (іске асырылу мерзімі 1 (бір) жыл) жобаларды қоспағанда), екінші жылы (2 (екі) жыл) жобаларды қоспағанда) ағымдағы есепті жылдың 25 желтоқсанына дейін және қорытынды есепті ағымдағы есепті жылдың 10 желтоқсанына дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ұсынады.

Орындаушы гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепте көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын және заңдылығын қамтамасыз етеді.

25. Гранттық қаржыландыру қаражаты ҰҒК шешімімен бекітілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге тікелей байланысты шығыстарға жұмсалады.

Шығыстарға мынадай шығындар жатады:

1) еңбекке ақы төлеу – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттар мен жұмыс берушінің актілеріне сәйкес ғылыми қызметкерлердің және қаржылық-экономикалық және заңгерлік сүйемелдеуді жүзеге асыратын тұлғалардың еңбегі үшін оларға берілетін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі;

2) қызметтік іссапарлар – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға байланысты іссапарлар;

3) басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар – ұжымдық пайдаланудағы ғылыми зертханалардың, өзге де зертханалардың, өзге де ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің зерттеулерді орындауға қажетті көрсетілетін қызметтері, оның ішінде конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу үшін ұйымдастыру жарналары.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (аутсорсинг) орындауды қамтитын басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар жұмыстарды орындаушылар көрсетіліп және жұмыстардың түрлері, көлемдері, күтілетін нәтижелері толық жазылып ұсынылады;

4) материалдар сатып алу – зерттеулерді орындау үшін жұмсалатын материалдарды сатып алу;

5) жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу;

6) ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу – талдама материалдарды жариялауға, патенттеуге және сатып алуға жұмсалатын шығыстар;

7) үй-жайларды жалға алу – жоба бойынша ғылыми зерттеулерді орындау және ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу үшін пайдаланылатын үй-жайларды жалға алуға байланысты шығыстар;

8) жабдықтар мен техниканы жалға алу – жоба бойынша ғылыми зерттеулерді орындауда пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы жалға алуға байланысты шығыстар;

9) жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары – зерттеулерді орындау үшін жабдықтар мен техниканы пайдалануға байланысты, оның ішінде оларды іске қосу-баптауға және ұстауға байланысты шығыстар;

10) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер.

ҰҒК іске асырылатын жобаларды қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда уәкілетті орган және (немесе) салалық уәкілетті органдар орындаушымен шартты бұзады.

Бұл ретте уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органдарға қаражатты ҰҒК шешімі негізінде ағымдағы жыл ішінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру шеңберінде жобалар арасында қайта бөлуге рұқсат етіледі.

26. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа аккредиттелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары және олардың ұйымдары тең шарттарда қатысуға құқылы.

27. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттаманы уәкілетті орган және (немесе) салалық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді және екі жұмыс күні ішінде сараптама орталығына жолдайды.

28. Конкурстық құжаттамада және гранттық қаржыландыруға арналған конкурс туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның атауы;

2) басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атауы;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға берілетін өтінімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар;

4) гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың мақсаты;

5) жеке әріптес тарапынан салымның көлемі мен шарттары;

6) гранттық қаржыландыруға арналған өтінім берілетін тіл;

7) ҰҒК ұсынған және ЖҒТК бекіткен зерттеу түрлері мен қаржыландыру көлемі;

8) ғылыми жетекшіге және зерттеу тобына қойылатын біліктілік талаптары, сондай-ақ өзге де біліктілік талаптары;

9) биоэтика (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер жүргізу үшін) мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) орталық комиссияның оң қорытындысы;

10) конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның конкурстық құжаттама бойынша түсіндіруді жүзеге асыратын жауапты тұлғалары туралы деректер;

11) өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі конкурс жарияланған күннен бастап күнтізбелік 45 күннен кем және 60 күннен артық болмауға тиіс;

12) сараптама орталығының өтінім беруге арналған ақпараттық жүйесінің атауы және оған сілтеме;

13) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар;

14) гранттық қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарттың жобасы.

29. Қолданбалы зерттеулер бойынша грант алуға үміткер қатысушы жеке әріптестің жобаны қажетті ресурстармен, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қорғаныс, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулердің жобаларын қоспағанда, қаржы ресурстарымен ішінара қамтамасыз ете отырып қатысуын қамтамасыз етеді.

Іске асыру мерзімдері мен салым сомасы немесе қажетті ресурстар көрсетілген еркін нысандағы салым туралы келісім тараптардың ниеттерін растау болып табылады.

Жобаны іске асыру барысында жеке әріптес салым қосу ниетінен бас тартқан не оны тең мәнді ауыстыруға болмайтын жағдайларда ҰҒК шешімі бойынша жобаны қаржыландыру тоқтатылуы мүмкін.

ҰҒК жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін уәкілетті орган және (немесе) салалық уәкілетті органдар орындаушымен гранттық қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шартты бұзады.

Бұл ретте уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органдарға ҰҒК шешімі негізінде қаражатты ағымдағы жылдың ішінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру шеңберінде жобалар арасында қайта бөлуге рұқсат етіледі.

30. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурс гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мерзімді баспа басылымдары арқылы жарияланады және ол конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның, сондай-ақ сараптама орталығының интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

31. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға өтінім осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады.

32. Конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган гранттық қаржыландыруға арналған өтінімдерді конкурсқа арналған өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде сараптама орталығына жолдайды.

33. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама, сондай-ақ сұратылған сомалардың негізділігін бағалау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы №891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

34. Сараптама орталығы уәкілетті органға және (немесе) салалық уәкілетті органға шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ҰҒК шешімдерін ҰҒК хаттамасынан үзінді түрінде жолдайды.

35. Гранттық қаржыландыруға арналған әрбір өтінім бойынша қабылданған және уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган бекіткен ҰҒК шешімі гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижесі болып табылады.

36. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижелері мерзімді баспа басылымдарында жариялануға және уәкілетті органның немесе конкурс жариялаған салалық уәкілетті органның интернет-ресурстарында, сондай-ақ сараптама орталығының интернет-ресурстарында орналастырылуға жатады.

37. ҰҒК қараған, қабылданған шешімдердің негіздемесі ескеріле отырып, гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижелері, конкурс жеңімпаздары, МҒТС балы, МҒТС нәтижелері ескерілген бағалау парағы бойынша ҰҒК балдары туралы мәліметтер, сондай-ақ мақұлданбаған өтінімдер атауларының тізімі бекітілген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде сараптама орталығының интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

ҰҒК мүшелерінің дауыс беру хаттамалары, ҰҒК отырыстарының аудио және бейнежазбалары заңнамада белгіленген тәртіппен сараптама орталығында сақталады.

38. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың жеңімпаздары гранттық қаржыландыруға арналған конкурс нәтижелері жарияланған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органмен немесе салалық уәкілетті органмен не Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыруды жүзеге асыруға уәкілеттік берген өзге тұлғамен гранттық қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға шарт жасасады.

Гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың жеңімпаздары конкурс жариялаған уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға не Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыруды жүзеге асыруға уәкілеттік берген өзге тұлғаға жазбаша нысанда ресми хабарлама жіберу арқылы гранттық қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға шарт жасасудан және ғылыми зерттеулерді орындаудан бас тарта алады.

Конкурс жеңімпаздарының гранттық қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға шарт жасасудан және ғылыми зерттеулерді орындаудан бас тартуы нәтижесінде түзілген қаражатты уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті органдар ҰҒК шешімі негізінде сараланған тізімде шекті сызықтан төмен орналасқан, гранттық қаржыландыруға арналған өтінімдер арасында бөле алады.

39. Гранттық қаржыландыру қаражатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаға тікелей басшылық жасау үшін өтінім беруші тағайындайтын жобаның ғылыми жетекшісі гранттық қаржыландыруға арналған өтінімге сәйкес ҰҒК шешімін есепке алып бөледі.

40. Орындаушылар уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы аралық есепті (жоба іске асырылатын бірінші жылы (іске асырылу мерзімі 1 (бір) жыл жобаларды қоспағанда), екінші жылы (іске асырылу мерзімі 2 (екі) жыл жобаларды қоспағанда) ағымдағы есепті жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей ұсынады. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептер ағымдағы есепті жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей ұсынады.

41. Конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызмет туралы алынған аралық және қорытынды есептерді қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде оларды сараптама орталығына жолдайды.

Сараптама орталығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы №891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептерге МҒТС жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастырады.

Сараптама орталығы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы алынған аралық және қорытынды есептерді тиісті ҰҒК-нің қарауына үш жұмыс күні ішінде жолдайды.

42. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асыру және ағымдағы жылы қаржыландыру, қаржыландыруды тоқтату ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың іске асырылу барысын және олардың нәтижелілігін, оның ішінде олар іске асырылып жатқан жерге барып мониторингтеу нәтижелеріне негізделген ҰҒК шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Өтінім беруші жоба бойынша ақпаратты (атауы, өтінім беруші, ғылыми жетекші, іске асыру кезеңі, қаржыландыру сомасы, өтінімнің қысқаша абстрактісі, жылдар бойынша күтілетін нәтижелер мен алынған нәтижелердің аннотациясы, толық библиографиялық сипаттамасы бар жарияланған

(Жалғасы 18-бетте)

(Жалғасы. Басы 17-бетте)

жарияланымдардың тізбесі) сараптама орталығына жобаны іске асыру кезеңі аяқталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын ұсынуы тиіс.

Сараптама орталығы ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды іске асырудың бүкіл кезеңі аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде өзінің сайтында мемлекеттік құпиялар туралы және қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын жобаларды қоспағанда, жобалар (атауы, өтініш беруші, ғылыми жетекші, іске асыру кезеңі, қаржыландыру сомасы, өтінімнің қысқаша абстрактісі, жылдар бойынша алынған нәтижелердің күтілетін нәтижелері мен аннотациясы, толық библиографиялық сипаттамасы бар жарияланған жарияланымдар тізбесі) жөніндегі ақпаратты жариялайды.

4-тарау. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру тәртібі

43. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру стратегиялық маңызы бар мемлекеттік міндеттерді шешуге бағытталған және конкурстық негізде немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша конкурстан тыс рәсімдер арқылы жүзеге асырылады.

44. Елді әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиялық жоспарлары, индустриялық-инновациялық дамыту бағдарламалары және стратегиялық маңызы бар мемлекеттік міндеттерді іске асыруға бағытталған басқа да бағдарламалар ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың негіздемесі болып табылады.

45. Салалық уәкілетті органдар жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде уәкілетті органға қаржыландыру көлемін көрсете отырып, бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың басым және мамандандырылған бағыттары туралы ұсыныстар жібереді.

Уәкілетті орган салалық уәкілетті органдардың ұсыныстарын салалық уәкілетті органдардың ұсыныстар беруінің мерзімі аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде сараптама орталығына жолдайды.

Сараптама орталығы бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың басым және мамандандырылған бағыттары мен көлемі бойынша ұсыныстарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды ҰҒК-ның қарауына жолдайды.

Сараптама орталығы ҰҒК шешімдерін уәкілетті органға жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 ақпанына дейін жолдайды.

Уәкілетті орган сараптама орталығы ұсынған бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың басым бағыттары мен көлемі ҰҒК жөніндегі шешімін алғаннан кейін оларды ЖҒТК-ның қарауына шығарады.

ЖҒТК жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №429 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия туралы ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде ЖҒТК шешімін бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

ЖҒТК ғылымды дамытудың басым бағыттары және басым бағыттар бойынша бөлінген бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру көлемі бойынша шешім қабылдағаннан кейін уәкілетті орган және салалық уәкілетті органдар жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурстық құжаттаманы әзірлейді, бекітеді және конкурс жариялайды.

Нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға конкурсты уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті органмен мерзімді баспа басылымдарында жариялайды және ол конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның интернет-ресурсында, сондай-ақ сараптама орталығының интернет ресурсында орналастыруға жатады.

46. Нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды конкурстық рәсімдерден тыс қаржыландыру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

47. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама, сондай-ақ сұралатын соманың негізділігін бағалау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы №891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

48. Нысаналы ғылыми (ғылыми-техникалық) бағдарлама (бұдан әрі – нысаналы бағдарлама) нысаналы бағдарлама шеңберінде нақты міндеттерді шешуге бағытталған бірнеше кіші бағдарламаларды қамтуы мүмкін.

Нысаналы бағдарламаны кіші бағдарламаларға бөлу шешілетін проблемалардың ауқымы мен күрделілігіне, сондай-ақ нақты нәтижеге қол жеткізе отырып, оларды шешуді ұтымды ұйымдастыру қажеттігіне қарай жүзеге асырылады.

49. Конкурстық негізде іске асыру ұсынылатын және конкурстық рәсімдерден тыс қаржыландыру ұсынылатын нысаналы бағдарламаларды уәкілетті орган МҒТС өткізуді ұйымдастыру үшін қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде сараптама орталығына жолдайды.

50. Конкурстық негізде және конкурстан тыс рәсімдерден тыс іске асыру ұсынылатын нысаналы бағдарламаларды сараптама орталығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы №891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында белгіленген рәсімдер жүргізілгеннен кейін тиісті ҰҒҚ-ның қарауына жібереді.

ҰҒК конкурстық негізде іске асырылуы конкурстық рәсімдерден тыс қаржыландыру ұсынылатын нысаналы бағдарламаларды, сондай-ақ олардың экономикалық негізділігін бағалауды қамтитын МҒТС нәтижелерін қарайды және қаржыландыру сомасын көрсете отырып, қаржыландыру не қаржыландырудан бас тарту туралы шешім шығарады және оларды ЖҒТК-ге жібереді.

51. ЖҒТК ҰҒК шешімдерінің негізінде конкурстық негізде іске асыру ұсынылатын, сондай-ақ конкурстық рәсімдерден тыс қаржыландыру ұсынылатын нысаналы бағдарламаларды мақұлдайды (қабылдамайды).

ЖҒТК ұсынымдары Қазақстан Республикасы Үкіметіне нысаналы бағдарламаларды конкурстық рәсімдерден тыс қаржыландыру туралы шешімдер қабылдауына негіз болып табылады.

52. Уәкілетті орган конкурстық негізде іске асыру ұсынылатын, ЖҒТК мақұлдаған нысаналы бағдарламалар бойынша мәліметтерді, сондай-ақ конкурстық рәсімдерден тыс қаржыландыру ұсынылатын нысаналы бағдарламаларды салалық уәкілетті органдарға жолдайды.

Ғылыми, ғылыми-техникалық нысаналы бағдарламаларға өтінімдер, бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қарауына шығарылады.

53. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың қаражаты ҰҒК шешімімен бекітілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге тікелей байланысты шығыстарға жұмсалады.

Шығыстарға мынадай шығындар жатады:

1) еңбекке ақы төлеу – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес ғылыми қызметкерлердің және қаржылық-экономикалық және заңғерлік сүйемелдеуді жүзеге асыратын тұлғалардың еңбегі үшін оларға берілетін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі;

2) қызметтік іссапарлар – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға байланысты іссапарлар;

3) басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар – ұжымдық пайдаланудағы ғылыми зертханалардың, өзге де зертханалардың, өзге де ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілері көрсетілетін қызметтері, оның ішінде конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу үшін ұйымдастыру жарналары.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (аутсорсинг) орындауды қамтитын басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар жұмыстарды орындаушылар көрсетіліп және жұмыстардың түрлері, көлемдері, күтілетін нәтижелері толық жазылып ұсынылады;

4) материалдар сатып алу – зерттеулерді орындау үшін жұмсалатын материалдарды сатып алу;

5) жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу;

6) ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу – талдама материалдарды жариялауға, патенттеуге және сатып алуға жұмсалатын шығыстар;

7) үй-жайларды жалға алу – бағдарлама бойынша ғылыми зерттеулерді орындау және ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу үшін пайдаланылатын үй-жайларды жалға алуға байланысты шығыстар;

8) жабдықтар мен техниканы жалға алу – бағдарлама бойынша ғылыми зерттеулерді орындауда пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы жалға алуға байланысты шығыстар;

9) жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары – зерттеулерді орындау үшін жабдықтар мен техниканы пайдалануға байланысты, оның ішінде оларды іске қосу-баптауға және ұстауға байланысты шығыстар;

10) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер.

ҰҒК іске асырылып жатқан бағдарламаны қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган және (немесе) салалық уәкілетті органдар орындаушымен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шартты бұзады.

Бұл ретте уәкілетті органға және салалық уәкілетті органдарға қаражатты ҰҒК шешімі негізінде ағымдағы жылдың ішінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында бағдарламалар арасында қайта бөлуге рұқсат етіледі.

54. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары мен олардың ұйымдары бірлесіп орындаушы ретінде қатысуға құқылы.

55. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттаманы уәкілетті орган және (немесе) салалық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді және ол бекітілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде сараптама орталығына жолдайды.

56. Конкурстық құжаттамада және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурс туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның атауы;

2) басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атауы;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға арналған нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар;

4) қаржыландыруға арналған конкурстың мақсаты;

5) жеке әріптес тарапынан салымның көлемі мен шарттары;

6) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған өтінім берілетін тіл;

7) ҰҒК ұсынылған және ЖҒТК бекіткен зерттеу түрлері мен қаржыландыру көлемі;

8) ғылыми жетекшіге және зерттеу тобына қойылатын біліктілік талаптары, сондай-ақ басқа да біліктілік талаптары;

9) биоэтика (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер жүргізу үшін) мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) орталық комиссияның оң қорытындысы;

10) конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның конкурстық құжаттама бойынша түсіндіруді жүзеге асыратын жауапты тұлғалары туралы деректер;

11) өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі конкурс жарияланған күннен бастап күнтізбелік 45 күннен кем және 60 күннен артық болмауға тиіс;

12) сараптама орталығының өтінім беруге ақпараттық жүйесінің атауы және оған сілтеме;

13) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес рәсімделген ғылыми-зерттеу жұмысына техникалық тапсырма;

14) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарттың жобасы.

57. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға арналған өтінімдерді ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары және олардың ұйымы бірлесіп орындаушыларды (болған жағдайда) көрсете отырып, уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға екі данада ұсынады.

58. Уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган бағдарламалық- нысаналы қаржыландыру конкурсына қатысуға түскен өтінімдер негізінде ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалардың жобаларын қалыптастырады және жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде сараптама орталығына жолдайды.

59. Қолданбалы зерттеулер бойынша нысаналы бағдарлама алуға үміткер жеке әріптестің жобаны қажетті ресурстармен, оның ішінде, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қорғаныс, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын қоспағанда, қаржы ресурстарымен ішінара қамтамасыз ете отырып қатысуын қамтамасыз етеді.

Іске асыру мерзімдері мен салым сомасы немесе қажетті ресурстар көрсетілген еркін нысандағы салым туралы келісім тараптардың ниеттерін растау болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру барысында жеке әріптес салым қосу ниетінен бас тартқан не оны тең мәнді ауыстыруға болмайтын жағдайларда ҰҒК шешімі бойынша жобаны қаржыландыру тоқтатылуы мүмкін.

ҰҚК бағдарламаны қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті орган және (немесе) салалық уәкілетті органдар мердігермен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шартты бұзады.

Сонымен бірге уәкілетті органға және (немесе) салалық уәкілетті органдарға ҰҒК шешімінің негізінде ағымдағы жылдың ішінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде қаражатты бағдарламалар арасында қайта бөлуге рұқсат етіледі.

60. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға өтінім осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады.

61. Конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінімдерді конкурсқа арналған өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде сараптама орталығына жолдайды.

62. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама, сондай-ақ сұратылған сомалардың негізділігін бағалау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы №891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

63. Сараптама орталығы уәкілетті органға және (немесе) салалық уәкілетті органға шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ҰҒК шешімдерін ҰҒК хаттамасынан үзінді түрінде жолдайды.

64. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған әрбір өтінім бойынша қабылданған және уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган бекіткен ҰҒК шешімі бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижесі болып табылады.

65. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижелері мерзімді баспа басылымдарында жариялануға және конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның интернет-ресурстарында, сондай-ақ сараптама орталығының интернет-ресурстарында орналастырылуға жатады.

66. ҰҒК қараған, қабылданған шешімдердің негіздемесі ескеріле отырып, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижелері, конкурс жеңімпаздары, МҒТС балы, МҒТС нәтижелері ескерілген бағалау парағы бойынша ҰҒК балдары туралы мәліметтер, сондай-ақ мақұлданбаған өтінімдер атауларының тізімі бекітілген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде сараптама орталығының интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

ҰҒК мүшелерінің дауыс беру хаттамалары, ҰҒК отырыстарының аудио және бейнежазбалары заңнамада белгіленген тәртіпте сараптама орталығында сақталады.

67. Орындаушылар уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы аралық есепті (бағдарлама іске асырылатын бірінші жылы (іске асырылу мерзімі 1 (бір) жыл бағдарламаларды қоспағанда), екінші жылы (іске асырылу мерзімі 2 (екі) жыл бағдарламаларды қоспағанда) және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептерді ағымдағы есепті жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей ұсынады.

68. Уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы алынған аралық және қорытынды есептерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы №891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларына сәйкес МҒТС өткізуді ұйымдастыру және кейін тиісті ҰҒК-ге қарауға беру үшін өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде сараптама орталығына жолдайды.

Конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган бекіткен конкурстық құжаттамаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы аралық және қорытынды есептерге нысан бойынша есептілік нысаны қоса беріледі.

69. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыру және ағымдағы жылы қаржыландыру, қаржыландыруды тоқтату ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалардың іске асырылу барысын және олардың нәтижелілігін, оның ішінде олар іске асырылып жатқан жерге барып мониторингтеу нәтижелеріне негізделген ҰҒК шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша конкурстың жеңімпаздары бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша конкурстың нәтижелері жарияланған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органмен немесе салалық уәкілетті органмен не Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметі бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды жүзеге асыруға уәкілеттік берген өзге тұлғамен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға шарт жасасады.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстың жеңімпаздары конкурс жариялаған уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға не Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметі қаржыландыруды жүзеге асыруға уәкілеттік берген өзге тұлғаға жазбаша нысанда ресми хабарлама жіберу арқылы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға шарт жасасудан және ғылыми зерттеулерді орындаудан бас тарта алады.

Конкурс жеңімпаздарын бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға шарт жасасудан және ғылыми зерттеулерді орындаудан бас тартуы нәтижесінде түзілген қаражатты уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті органдар ҰҒК шешімі негізінде сараланған тізімде шекті сызықтан төмен орналасқан бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған өтінімдер арасында бөле алады.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың қаражатын ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға тікелей басшылық жасау үшін өтінім беруші тағайындайтын бағдарламаның ғылыми жетекшісі бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған өтінімге сәйкес ҰҒК шешімін ескере отырып бөледі.

Орындаушы уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті (аралық (бағдарлама іске асырылатын бірінші жылы (іске асырылу мерзімі 1 (бір) жыл бағдарламаларды қоспағанда), екінші жылы (іске асырылу мерзімі 2 (екі) жыл бағдарламаларды қоспағанда) ағымдағы есепті жылдың 25 желтоқсанына дейін және қорытынды есепті ағымдағы есепті жылдың 10 желтоқсанына дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ұсынады.

Орындаушы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепте көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын және заңдылығын қамтамасыз етеді.

Өтінім беруші бағдарлама бойынша ақпаратты (атауы, өтінім беруші, ғылыми жетекші, іске асыру кезеңі, қаржыландыру сомасы, өтінімнің қысқаша абстрактісі, жылдар бойынша күтілетін нәтижелер мен алынған нәтижелердің аннотациясы, толық библиографиялық сипаттамасы бар жарияланған жарияланымдардың тізбесі) сараптама орталығына бағдарламаны іске асыру кезеңі аяқталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын ұсынуы тиіс.

Сараптама орталығы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асырудың бүкіл кезеңі аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде өзінің сайтында мемлекеттік құпиялар туралы және қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын бағдарламаларды қоспағанда, бағдарламалар (атауы, өтініш беруші, ғылыми жетекші, іске асыру кезеңі, қаржыландыру сомасы, өтінімнің қысқаша абстрактісі, жылдар бойынша алынған нәтижелердің күтілетін нәтижелері мен аннотациясы, толық библиографиялық сипаттамасы бар жарияланған жарияланымдар тізбесі) жөніндегі ақпаратты жариялайды.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына 1-қосымша

БАЗАЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Өлш. бірл

Р/с №	Шығындар бабының атауы	Смета бойынша жоспарланған сома	Нақты жұмсалған сома	Қаражатты үнемдеу (болған жағдайда)	Растаушы құжаттардың атауы (қолда бары)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
1	Еңбекақы (барлық салықтар мен бюджетке төленетін міндетті аударымдарды қосып есептегенде).	Бюджеттік өтінімде көрсетілген сома	Нақты жұмсалған сома	3-бағ.-4-бағ.		
2	Үнемдеу қорытындысы бойынша сыйақы (барлық салықтар мен бюджетке төленетін міндетті аударымдарды қоса есептегенде).		Нақты жұмсалған сома	4-бағ.		
3	Коммуналдық көрсетілетін қызметтер	Бюджеттік өтінімде көрсетілген сома	Нақты жұмсалған сома	3-бағ.-4-бағ.		
4	Байланыстың көрсетілетін қызметі	Бюджеттік өтінімде көрсетілген сома	Нақты жұмсалған сома	3-бағ.-4-бағ.		
5	Көлікті жалға алу	Бюджеттік өтінімде көрсетілген сома	Нақты жұмсалған сома	3-бағ.-4-бағ.		
6	Міндетті сақтандыру жарнасы	Бюджеттік өтінімде көрсетілген сома	Нақты жұмсалған сома	3-бағ.-4-бағ.		
7	Негізгі құрал болып табылатын тауарды сатып алу, шығын материалдарын, өзге тауарларды алу, өзге ағымдағы шығындар, күзет қызметі, күзеттік дабыл шығындары	Бюджеттік өтінімде көрсетілген сома	Нақты жұмсалған сома	3-бағ.-4-бағ.		
8	Ғимаратты, құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеу жұмыстары	Бюджеттік өтінімде көрсетілген сома	Нақты жұмсалған сома	3-бағ.-4-бағ.		
9	Ғылыми-зерттеу қызметін ақпараттық сүйемелдеу шығыстары	Бюджеттік өтінімде көрсетілген сома	Нақты жұмсалған сома	3-бағ.-4-бағ.		
	Жиыны	Барлығы	Барлығы	Барлығы		

Ескертпе:

1) базалық қаржыландыруды жоспарлау және орындау үшін жауапты қол қоюшыларды қосуға рұқсат етіледі;

2) растаушы құжаттардың (шарттар, орындалған жұмыстардың актілері, шот-фактуралар, шоттар, есептер, төлем тапсырмалары және т.б.) көшірмесін беру талап етілмейді;

3) келтірілген мәліметтердің дұрыстығы үшін базалық қаржыландыру субъектісі заңда белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Базалық қаржыландыру субъектісінің
басшысы _____ _____
(қолы) Т.А.Ә. (бар болса)
Бас бухгалтер _____ _____
(қолы) Т.А.Ә. (бар болса)
20__жылғы «___»_____

(Жалғасы 19-бетте)

(Жалғасы. Басы 17-18-беттерде)

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына 2-қосымша

Салалық уәкілетті органдардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру қаражатын пайдалану туралы жиынтық есебі

Р/с №	Атауы	Есепті жылға жоспар (мың теңге)	Есепті жылдағы факт (мың теңге)	Игеру, %
	Барлығы			
	оның ішінде, ұйымдар бойынша:			
1				
2				
3				
...				

Басшы _____ _____
(қолы) Т.А.Ә. (бар болса)

Бас бухгалтер _____ _____
(қолы) Т.А.Ә. (бар болса)

20__жылғы «___»_____

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына 3-қосымша

Гранттық қаржыландырудың басым бағыттары мен көлемдері туралы ұсыныстар

Ұсыныстарды дайындаған салалық уәкілетті органдардың атауы:
_____

Р/с №	Ғылымды дамыту басымдығы[1] / мамандандырылған ғылыми бағыт	Негіздеме 20___ жыл 20___ жыл	Гранттық қаржыландырудың көлемі, мың теңге			
			20___ жыл	Барлығы		
1.	Ғылымды дамытудың 1-басымдығы _____					
1.1.	1-мамандандырылған бағыт	200 сөзден көп емес, Қазақстан Республикасы-ның тиісті стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сілтеме жасай отырып, бағыттардың маңыздылығын және мемлекеттік бюджет есебінен оны зерттеудің өзектілігін негіздеу				
1.2.	2-мамандандырыл-ған бағыт					
…	…					
Ғылымды дамытудың 1-басымдығы бойынша барлығы						
2.	Ғылымды дамытудың 2-басымдығы _____					
2.1.	2-мамандандырылған бағыт					
…	…					

Ұсыныс берген уәкілетті органның немесе салалық орган басшысының лауазымы, Т. А. Ә. (бар болса) және қолы

[1] ЖҒТК тиісті кезеңге тиісінше бекітілген басымдықтар бойынша

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына 4-қосымша

Гранттық/бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп

Р/с №	Шығындар бабының атауы	Смета бойынша жоспарланған сома	Нақты жұмсалған сома	Қаражатты үнемдеу	Растаушы құжаттардың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
1	Еңбекке ақы төлеу					
2	Қызметтік іссапарлар					
3	Басқа да көрсетілген қызметтер мен жұмыстар					
4	Материалдар сатып алу					
5	Жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу					
6	Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу					
7	Үй-жайларды жалға алу					
8	Жабдықты мен техниканы жалға алу					
9	Жабдықтар мен техникаларды пайдалану шығыстары					
10	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер					
	Жиыны	Барлығы	Барлығы	Барлығы		

Ескертпе:

1) әр жоба және бағдарлама бойынша есеп жеке толтырылады;

2) келтірілген мәліметтердің растығына орындаушы белгіленген заңдылық тәртіпте жауапты болады.

Ұйым басшысы _____ _____
(қолы) Т.А.Ә. (бар болса)

Ғылыми жоба жетекшісі _____ _____
(қолы) Т.А.Ә. (бар болса)

Бухгалтер-экономист _____ _____
(қолы) Т.А.Ә. (бар болса)

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына 5-қосымша

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға өтінім

Өтінім мынадай бөлімдерден тұрады:

1) аннотация;

2) түсіндірме жазба;

3) сұралатын қаржыландырудың есеп-қисабы

1. Аннотация

Аннотацияда жоба мақсатының, зерттеу бағытталған проблемалардың, зерттеу жүргізудің негізгі тәсілдерінің, күтілетін нәтижелердің қысқаша сипаты қамтылады.

Аннотация көлемі А4 форматындағы 2 (екі) парақтан аспауға тиіс.

2. Түсіндірме жазба

Түсіндірме жазба мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтеме жасалған кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер саны мен өтінімнің жалпы бет санын есептегенде есепке алынбайды):

1. Жалпы ақпарат

1.1 Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].

1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.

1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеудің түрі.

1.4. Жобаның басталатын және аяқталатын болжамды күні, оның айлармен көрсетілген ұзақтығы.

1.5. Гранттық қаржыландырудың сұралатын сомасы (жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңге).

1.6. Сарапшыларды іріктеу үшін өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер.

2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы [550 сөзден артық емес]

2.1. Кіріспе бөлім [100 сөзден артық емес].

Жоба идеясының, шешу көзделетін проблеманың қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

2.2 Жоба мақсаты [50 сөзден артық емес]

Жоба мақсаты қысқа әрі нұсқа баяндалады, ол жоба тақырыбына сәйкес келуге, қолжетімді болуға, жобаны іске асыру нәтижесінде алынуы күтілетін шешімнің сипаттамасын көрсетуге тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі мәселені көрсетуге тиіс.

2.3 Жоба міндеттері [400 сөзден артық емес]

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан сабақтас міндеттер арқылы жобаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Алға қойылған міндеттер тізбесі беріледі:

1) міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері;

2) әр міндеттің жоба мақсатына қол жеткізудегі рөлінің және басқа міндеттер мен жобадан күтілетін нәтижелермен өзара байланысының қысқаша негіздемесі;

3) өтінім берушінің ойынша маңызды деп танылған өзге де параметрлер.

3. Жобаның ғылыми жаңалығы және маңызы [1500 сөзден артық емес]

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) жобаны әзірлеудің алғышарттары, (бар болса, алдын ала нәтижелер және (немесе) жоба тақырыбына қатысты өтінім беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);

2) зерттелетін тақырыпқа жататын, мұның алдында әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген ғылыми зерттеулерге, білімнің қазіргі жеткіліксіздігіне міндетті шолу жасай отырып, жобаның ғылыми жаңалығының негіздемесі және олардың осы жобамен өзара байланысы (мәнмәтінде шолуда пайдаланылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуі тиіс, оның толық жазылуы «Библиография» атты 8-бөлімде ұсынылуы тиіс), жобаның күтілетін нәтижелерін белгілі аналогтармен салыстыру;

3) жоба нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық мұқтаждар (бар болса, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілікті, басқа да растайтын деректерді енгізу), жобаның ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңыздылығы, оның нәтижелерінің экономиканың, ғылымның және (немесе) қоғамдық қатынастардың тиісті саласын дамыту үшін қолданылуы;

4) жобаның ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігіне әсері, жобаның нәтижесінен күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсер, күтілетін әсерге қол жеткізу үшін қажетті шарттар.

Осы бөлімді сипаттау кезінде мынадай позициялардың сипаттамасына назар аудару қажет:

1) жоба идеясының қазіргі аналогтардан қағидаттық сипаттағы айырмашылықтары. Егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда бар болса, онда жобаның артықшылығы неде және ол неге қаржыландырылуы тиіс екенін негіздеу қажет;

2) егер жобаның соңғы нәтижесі өнім болса, онда жоба шеңберінде ұсынылатын өніммен салыстыра отырып, жобаның пәндік саласындағы техниканың қазіргі уақытта қалыптасқан деңгейін сипаттау қажет;

3) егер жоба өтініш беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылса, онда жобаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан айырмашылығын қысқа да нұсқа баяндау қажет.

4. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер [1500 сөзден артық емес]

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) жобаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларын сипаттау, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерін негіздеу, жобада қолданылатын зерттеу типтері (сипаттама, корреляциялық және/немесе эксперименттік), зерттеу жүргізудің дәйектілігі;

2) ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;

3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде жобада пайдаланылатын зерттеу әдістерін сипаттау, олардың жобаның мақсатымен және міндеттерімен өзара байланысы;

4) алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның дереккөздері және жобаның міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың шынайылығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын рәсімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсету, таңдауды негіздеу қажет).

5. Зерттеу тобы және жобаны басқару [1500 сөзден артық емес]

Бөлімде жоспарланатын штаттың (негізгі персоналдың) кемінде 70 % (жетпіс пайыз) деректері көрсетіліп, зерттеу тобының сипаттамасы қамтылады. Негізгі персоналды сипаттау кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) 1-кестеге сәйкес зерттеу тобының құрамы. Зерттеу тобының құрамына жоба іске асырылатын бүкіл кезең бойы жыл сайын кемінде 6 (алты) ай ішінде жобаны іске асыруға толық мөлшерлемемен тартылған қызметкерлер ғана енгізіледі. Жобаға жартылай жүктемемен қатысатын зерттеу тобының мүшелері үшін олардың жоба бойынша жұмысқа жұмсайтын сағаттарының саны көрсетіледі;

2) жобаның бағытына сәйкес келетін бағыттағы қысқаша түйіндемесін, негізгі ғылыми жарияланымдары мен жетістіктерін және жобаның мақсатына, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлін көрсете отырып, шетелдік ғалымдардың жобаға қатысуы;

3) жобаны іске асырудағы рөлі, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сипаты көрсетілген жас ғалымдардың (постдокторанттар, докторанттар, магистранттар) жобаға қатысуы. Сонымен қатар жобаға өндірістен инженерлер қатыса алады;

4) шетелдік ғалымдарды қоса алғанда, зерттеу тобының құрамына әрбір мүшенің қатысуын негіздеу. Білімі, дәрежесі/ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жоба бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі, Хирш индексі және тиісті ғылыми өлшемді базадағы (бар болса) бейінге сілтемелер, жобаға қатысуды негіздейтін негізгі жетістіктері көрсетілген әрбір мүшенің қысқаша түйіндемесі. Әрбір мүшенің жобадағы жұмысының бағыты мен сипаты, олардың жобаның мақсаты мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлі;

5) зерттеу тобы мүшелерінің дайындама сипаттамасы. Негізгі жарияланымдар туралы (бар болса – тиісті деректер базасындағы жарияланымға және/немесе Digital Object Identifier DOI сілтемені көрсету) және қолда бар патенттер, авторлық куәліктер және жобаның тақырыбына қатысты ғылыми жетекшінің және зерттеу тобы мүшелерінің басқа да қорғау құжаттары туралы мәліметтер. Мәлімделген зерттеу, олардың бұрын жүргізген зерттеулерімен қалай байланысты екенін көрсету.

Жобаның ғылыми жетекшісі үшін оның конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын барлық жарияланымдары, оның ішінде дәйексөз алу индексі, басылымның квартилі (процентилі) және тиісті ғылыми метрикалық базалардағы (DOI) жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтеме жасалған болуы тиіс.

Зерттеу тобының негізгі персоналының жоба бағыты бойынша жарияланымдары туралы (зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 10 жарияланымы), дәйексөз алу индексі және тиісті ғылыми-метрикалық базалардағы жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелері бар мәліметтер келтірілуі тиіс. Зерттеу тобы мүшелері тегінің асты сызылып көрсетілуі тиіс.

Қосымша персонал үшін (грант алған жағдайда тартылатын зерттеу тобы мүшелерінің 30%-ына дейін) олардың жобадағы орны мен рөлі, орындалатын жұмыстың сипаты және оларды іріктеу үшін қолданылатын тәсілдер көрсетіледі.

6. Зерттеу ортасы [750 сөзден артық емес]

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

1) жобаны іске асыру үшін тікелей пайдаланылатын өтініш берушінің қолында бар материалдық-техникалық базасын (жабдық, аспаптар, құралсайман, көлік, ғимараттар, құрылыстар және т. б.) оны пайдалану бағытын және ғылыми-зерттеу жабдығымен жұмыс істеуге дағдыланған зерттеу тобының мүшелерін көрсете отырып сипаттау;

2) жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын негізгі отандық және халықаралық байланыстар (коллабораторлар мен жекеше әріптестер), олардың пайдаланылу сипаты мен негіздемесі көрсетіледі. Негіздеу арқылы басқа да отандық және шетелдік ұйымдардың (зертханалардың) инфрақұрылымын пайдалану;

3) әрбір ұйымды тарту қажеттілігін негіздеп, оның жобадағы рөлін, орындалатын жұмыстың сипатын, мақсатқа және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге қосқан үлесін сипаттай отырып, жобаны іске асыруға сыртқы ұйымдарды тарту;

4) ұтқырлықты негіздеу: ғылыми іссапарлар және олардың жобаны іске асыруға әсері, әріптес ұйымдар базасындағы жұмыс кезеңдері және олардың жобаны іске асыруға әсері. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және оның жобаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі қысқаша көрсетіледі.

7. Сұралатын қаржыландырудың негіздемесі (1500 сөзден артық емес).

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

1. 2-кестеге сәйкес жоба (бюджет) бойынша жиынтық есеп. Жобаның бюджетін жобаның ғылыми жетекшісі жұмыс жоспарына сәйкес бөледі және оны осы жобаға байланысты емес шығыстардың өзге баптарына жұмсауға болмайды.

«Еңбекке ақы төлеу» бабында 3-кестеге сәйкес постдокторанттарды, докторанттарды, магистранттарды қоса алғанда, жобаның зерттеу тобының мүшелеріне еңбегі үшін сыйақы ретінде төлеуге жататын шығыстар, сонымен қатар қаржылық-экономикалық және заңдылық сүйемелдеу жүргізетін жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасын ескере отырып көрсетіледі (штаттық кесте жобасын немесе зерттеу тобының құрамын қоса беру). Есептегенде өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерден басқа, демалыс төлемдері де ескеріледі.

«Қызметтік іссапарлар» бабында 4 және 5-кестелерге сәйкес басқа ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалану үшін конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысуды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жүргізумен тікелей байланысты Қазақстан Республикасындағы және одан тыс елдерге іссапарлардың барлық шығыстары көрсетіледі (билеттер бойынша (авто, теміржол, әуе билеттері) қызмет көрсететін компаниялардың веб-сайттарынан баға ұсыныстарын, іссапарлар жоспарын қоса тіркеу қажет).

«Басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар» бабы мердігердің шаруашылық жүргізуші субъектілерден сатып алған қызметтерінің, жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажет шығыстарды, оның ішінде (1) ұжымдық ғылыми зертханалар мен басқа зертханалардың көрсетілетін қызметтерін, (2) бірлесіп жұмыс жасайтын ұйымдардың көрсетілетін қызметтерін, 3) 6-кестеге сәйкес конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және басқаларға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарналар (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін үш баға ұсынысын немесе прайс-парақтарды қоса) қамтиды. Егер жобаны іске асыруға тартылған шетелдік ғалымдар зерттеу тобының мүшелері болса, онда олардың қатысу шығыстары «Еңбекке ақы төлеу» бөлімінде көрсетіледі.

«Материалдар сатып алу» бабында 7-кестеге сәйкес химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, тұтынылатын зертханалық материалдар, ғылыми-зерттеу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары және басқалары сияқты жобаның мақсатына жету үшін қажетті барлық шығындар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін үш баға ұсынысын немесе прайс-парақтарды қоса тіркеу қажет).

«Жабдықты және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу» бабында 8-кестеге сәйкес жобаның мақсатына жету үшін қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтылымды сатып алу шығыстары көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін үш баға ұсынысын немесе прайс-парақтарды қоса тіркеу қажет).

«Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу» бабында (1) жобаның нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеу, (2) зерттеу нәтижелерін жариялау, (3) 9-кестеге сәйкес талдамалық материалдарды сатып алу шығыстары қамтылуы мүмкін (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін үш баға ұсынысын немесе прайс-парақтарды қоса тіркеу қажет).

«Жалға алу шығыстары» бабында 10 және 11-кестелерге сәйкес өтініш берушіде тиісті үй-жай болмаған кезде жобаның мақсатына жету үшін қажетті үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алу шығыстары көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін үш баға ұсынысын немесе прайс-парақтарды қоса тіркеу қажет).

«Жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары» бабында 12-кестеге сәйкес зерттеу жүргізуге тікелей қатысатын үй-жайларға, жабдықтар мен техникаларға қызмет көрсету шығыстары, сондай-ақ жобаны іске асыруға байланысты коммуналдық қызметтер шығыстары көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін үш баға ұсынысын немесе прайс-парақтарды қоса тіркеу қажет).

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» бабында 13-кестеге сәйкес әлеуметтік салықты, әлеуметтік сақтандыруды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жұмсал-ған шығыстар көрсетіледі.

2. 3-13-кестелерге сәйкес шығыстардың әрбір бабына есеп-қисаптар.

3. Жобаның мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу қажеттілігін міндетті түрде негіздеп, сондай-ақ тиісті шығыстар баптарын есептеуге негіз болған бағалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, әрбір шығыстар бабының мазмұны мен көлемінің есебін қысқаша түсіндіру.

Шығыстардың барлық баптарының жалпы сомасы қаржыландыруға сұралған соманы білдіреді және «Жалпы ақпарат» бөлімінің 1.5-тармағында көрсетілген сомаға барабар болуы тиіс.

Өтінімнің құрамында ұсынылған жобаның бюджетіне Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

8. Жобаны іске асыру жоспары [750 сөзден артық емес]

Бөлім Гант диаграммасы нысанында немесе 14-кестеге сәйкес жоба бойынша жұмыстардың егжей-тегжейлі, дәйекті жоспарын қамтиды.

Жобаны іске асыру жоспары тиісті міндеттерді шешу үшін әрбір іс-шараның маңыздылығын, жоба бюджетіне сәйкес іс-шара құнын негіздей отырып, өтінім берушінің қалауы бойынша сарапшылардың жобаны дұрыс бағалауы үшін қажетті басқа да ақпараттар көрсетілген қысқаша түсіндірмелермен сүйемелденуі тиіс.

9. Күтілетін нәтижелер [750 сөзден артық емес]

Бөлімде зерттеулердің негізгі нәтижесі, яғни жобаның мақсатына қол жеткізуге сәйкес келетін нәтиже, оның сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру түрлері көрсетіледі. Жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтиже негіздемесі келтіріледі.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына байланысты жоба нәтижесін іске асыру түрлері мыналар болып табылуы мүмкін:

1) шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалаларды жариялау (жоба нәтижелерін жариялауға арналған болжамды басылымдар, басылымның дәйексөз алу индексі, тиісті ғылыми-метрикалық базадағы басылым туралы ақпаратқа сілтеме жасай отырып). Зерттеу нәтижелері бойынша мақалалар санына қойылатын талаптар конкурстық құжаттамада белгіленеді. Әрбір бап оның шеңберінде қаржыландырылған жобаның сәйкестендіруші тіркеу нөмірі және атауы туралы ақпаратты қамтуы тиіс, онда гранттық қаржыландыру көзі көрсетіледі;

2) шетелдік және (немесе) қазақстандық баспалар кітаптарында монографияларды, кітаптарды және (немесе) кітаптардағы тарауларды жариялау;

(Жалғасы 20-бетте)

(Жалғасы. Басы 17-19-беттерде)

3) шетелдік (еуропалық, американдық, жапондық) патенттік бюролардан, қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюродан патенттер алу;

4) ғылыми-техникалық, конструкторлық құжаттаманы әзірлеу;

5) әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастығы және қалың жұртшылық арасында жұмыс нәтижелерін тарату;

6) конкурстық құжаттаманың талаптарына және жобаның ерекшеліктеріне сәйкес басқа да өлшенетін нәтижелер. Бөлімде:

1) күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолданылу саласы және мақсатты тұтынушылары;

2) күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың негізгі ғылыми бағыты мен аралас салаларын дамытуға әсері;

3) алынған ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың қолданылуы және (немесе) мүмкіндігі;

4) негіздемесі бар жоба нәтижелерінің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік және (немесе) өзге де әсері;

5) жобаның сапалық және сандық сипаттамаларымен бірге басқа да тікелей және жанама нәтижелері қосымша көрсетіледі.

10. Библиография

Бөлімде «Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы» деген 3-тармақта сілтемелер келтірілген жарияланымдар көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шығарылған жылы, бет нөмірі, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының аты болуы тиіс.

Қосымша:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі не уәкілетті органның бұйрығынан үзінді көшірме;

2) дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (егер өтініш беруші жеке тұлға болған жағдайда);

3) 1-кестеге сәйкес зерттеу тобының құрамы;

4) 14-кестеге сәйкес жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;

5) 15-кестеге сәйкес әріптес тарапынан жобаны іске асыруға үлес қосу жоспары (қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін).

3. Сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы

«Сұратылатын қаржыландыру есеп-қисабының» бір бөлігі гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру үшін сұратылатын көлемінің есеп-қисабын негіздейтін 2-13-кестелер түрінде ресімделеді.

Есеп-қисаптарға түсіндірмелер «Түсіндірме жазба» деген бөліктің «Сұратылатын қаржыландырудың негіздемесі» деген 7-бөлімінде келтіріледі.

1-кесте – Ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі зерттеу тобының құрамы

Р/с №	Аты-жөні, дәрежесі/ ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы [2]	Негізгі жұмыс орны, лауазымы [3]	Жобадағы немесе бағдарламадағы рөлі	Жұмыспен қамтылуы (толық, толық емес)	Жоба бойынша жұмыс кезеңі (ай)		
					1-жыл	2-жыл	3-жыл

[2] Жеке деректері өтінімді дайындау уақытында белгісіз, оларды тарту грант алған жағдайда жоспарланатын зерттеу тобының мүшелері үшін «аты-жөні, дәрежесі/ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы» деген бағанда «бос жұмыс орны» деген сөз көрсетіледі.

[3] Негізгі персоналға жатпайтын және өтінімді дайындау күнінде айқындалмаған зерттеу тобының мүшелері үшін «негізгі жұмыс орны, лауазымы» бағанында сызықша көрсетіледі. «Негізгі жұмыс орны, лауазымы» бағанында зерттеу тобының құрамына тиісті қызметкерлерді тартуда мәртебесі (постдокторант, докторант, магистрант, мамандық және жоғары оқу орны) көрсетіледі.

2-кесте - Сұратылған сома бойынша шығыстардың жиынтық сметалық есеп-қисабы

Р/с №	Шығыстар бабының атауы	Қаржыландыру көлемі, мың теңге			
		Барлығы	20___ жыл (1-жыл)	20___ жыл (2-жыл)	20___ жыл (3-жыл)
1.	Еңбекке ақы төлеу				
2.	Қызметтік іссапарлар:				
2.1.	Қазақстан Республикасында				
2.2.	Қазақстан Республикасынан тыс				
3	Басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар				
4.	Материалдарды сатып алу				
5.	Жабдықтар мен (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді (заңды тұлғалар үшін) сатып алу				
6.	Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу				
7.	Үй-жайды жалға алу				
8.	Жабдықты және техниканы жалға алу				
9.	Жабдықтар мен техникаларды пайдалану шығыстары				
10.	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер				
Жиыны					

3-кесте – Еңбекке ақы төлеу

Р/с №	Позиция	Жұмыспен қамтылуы (толық / толық емес)	Еңбекке ақы төлеу, теңге							
			Мөлшерлеме айына, теңге	1-жыл		2-жыл		3-жыл		Барлығы (6-бағ. + 8-бағ. + 10-бағ)
				Жұмыс айының саны	Сомасы (3-бағ. × 4-бағ. × 5-бағ)	Жұмыс айының саны	Сомасы (3-бағ. × 4-бағ. × 7-бағ)	Жұмыс айының саны	Сомасы (6-бағ. × 4-бағ. × 9-бағ)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1.	Зерттеу тобының мүшелері			х		х		х		
1.1.										
1.2.										
…										
2.	Қосымша персонал			х		х		х		
2.1.										
2.2.										
…										
Жиыны (1-бағ.+ 2-бағ.)				х		х		х		

4-кесте – ҚР шегіндегі іссапар шығыстары

Р/с №	Іссапарға баратын жер (елді мекен атауы, облыс)	1 адамға шаққандағы шығыстарды өтеу нормалары, теңге[4]		Адам-күн орташа жылдық саны		Іссапарға шығатын адамдардың орташа жылдық саны	Барып қайтуға бір жол жүрудің орташа құны, теңге*	Барлығы, теңге бағ.7х (3-бағ.х5-бағ.)+ (4-бағ.х6-бағ.)+ 7-бағ.х8-бағ.
		тәулік-ақы (2АЕК)	үй-жайды жалға алу	тәулік-ақы	үй-жайды жалға алу			
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	20___жыл (1-жыл)							
1.1.								
1.2.								
...								
2.	20___жыл (2-жыл)							
2.1.								
2.2.								
...								
	20___жыл (3-жыл)							
3.								
3.1.								
3.2.								
...								
	Жиыны (1-бағ.+2-бағ.+3-бағ.)							

[4]Іссапарға жіберілген қызметкер шығыстарды өтеу сомасын есептеу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені және «Бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысын басшылыққа алуы қажет.

5-кесте – Қазақстан Республикасынан тыс іссапарлар

Р/с №	Іссапарға баратын жер (ел, қала)[5]	Шығыстар баптарының атауы[6]	Құны, теңге	Адам-күн орташа жылдық саны	Іссапарға шығатын адамдардың орташа жылдық саны	Барлығы, теңге (4-бағ × 5-бағ. × 6-бағ.)
1.	2	3	4	5	6	7
1.	20___жыл (1-жыл) барлығы		х	х		
1.1		Барып қайтуға жол жүру ақысы [7], теңге				
		Тұру шығыны, тәулігіне теңгемен				
		Тәуліктік шығын, теңгемен				
		Визалық шығыстар				
		Медициналық сақтандыру				
	Барлығы					
...						
2.	20__ жыл (2-жыл) барлығы		х	х		
2.1.		Барып қайтуға жол жүру ақысы, теңге				
		Тұру шығыны, тәулігіне теңгемен				
		Тәуліктік шығын, теңгемен				
		Визалық шығыстар				
		Медициналық сақтандыру				
	Барлығы					
...						
3.	20___жыл (3-жыл) барлығы		х	х		
3.1.		Барып қайтуға жол жүру ақысы, теңге				
		Тұру шығыны, тәулігіне теңгемен				
		Тәуліктік шығын, теңгемен				
		Визалық шығыстар				
		Медициналық сақтандыру				
	Барлығы					
...						
Жиыны (1-бағ.+2-бағ.+3-бағ.)			х	х		

[4] Жоба іске асырылатын тиісті жылы Қазақстан Республикасынан тыс әрбір ғылыми іссапарға толтырылады.

[5] Тәуліктік шығыстар мен қонақүй бөлмелерін жалдау шығыстарын өтеу нормалары «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысына сәйкес есептеледі.

[6] Шетелге шыққан кезде шетел валютасындағы көлік шығыстары «экономикалық» сыныбы бойынша авиабилеттің құны мөлшерінде өтеледі.

6-кесте – Басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар

Р/с №	Көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша сипаттамасы	Орындаушы	Көрсетілетін қызмет нәтижесі	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Барлығы, теңге
1	2	3	4	5	6	7
1.	20__ жыл (1-жыл)	х	х	х	х	
1.1.						
1.2.						
…						
	Барлығы					
2.	20__ жыл (2-жыл)	х	х	х	х	
2.1.						
2.2.						
…						
	Барлығы					
3.	20__ жыл (3-жыл)	х	х	х	х	
3.1.						
3.2.						
…						
	Барлығы					
Жиыны (1-бағ.+2-бағ.+3-бағ.)			х	х	х	

7-кесте – Материалдар сатып алу

Р/с №	Материалдардың атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік құны, теңге	20___ жыл (1-жыл)		20__ жыл (2-жыл)		20___ жыл (3-жыл)		Жалпы құны, теңге (6-бағ.+8-бағ. +10-бағ.)
				Саны	Құны, теңге (4-бағ.×5-бағ.)	Саны	Құны, теңге (4-бағ.×5-бағ.)	Саны	Құны, теңге (4-бағ.×5-бағ.)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны:				х		х		х		

8-кесте – Жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу

Р/с №	Атауы	Өндіруші, модель, негізгі сипаттамалар	Өлшем бірлігі	Бірлік саны	Бірлік құны, теңге	Жалпы құны, теңге (4-бағ.×5-бағ.)
1	2	3	4	5	6	7
1.	20___жыл (1-жыл), барлығы				х	
1.1.						
1.2.						
…						
2.	20___жыл (2-жыл), барлығы				х	
2.1.						
2.2.						
…						
3.	20___жыл (3-жыл), барлығы				х	
3.1.						
3.2.						
…						
Жиыны					х	

9-кесте – Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу

Р/с №	Көрсетілетін қызмет атауы	Көрсетілетін қызмет нәтижесі, оның негізгі сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Бірлік саны	Барлық құны, теңге
1	2	3	4	5	6
1.	20___жыл (1-жыл), барлығы		х	х	
1.1.					
1.2.					
…					
2.	20___жыл (2-жыл), барлығы		х	х	
2.1.					
2.2.					
…					
3.	20___жыл (3-жыл), барлығы		х	х	
3.1.					
3.2.					
…					
Жиыны (1-бағ.+2-бағ.+3-бағ.)			х	х	

10-кесте – Үй-жайларды жалға алу

Р/с №	Көрсетілетін қызмет атауы	Жалға алу объектісінің негізгі сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Бірлік құны, теңге	Бірлік саны	Барлығы, теңге (5-бағ.×6-бағ.)
1	2	3	4	5	6	7
1.	20___жыл (1-жыл), барлығы	х	х	х		
1.1.						
1.2.						
…						
2.	20___жыл (2-жыл), барлығы	х	х	х		
2.1.						
2.2.						
…						
3.	20___жыл (3-жыл), барлығы	х	х	х		
3.1.						

(Жалғасы 21-бетте)

(Жалғасы. Басы 17-20-беттерде)

3.2.						
…						
Жиыны (1-бағ.+2-бағ.+3-бағ.)		x	x	x		

11-кесте – Жабдықтар мен техниканы жалға алу

Р/с №	Көрсетілетін қызмет атауы	Жалға алу объектісінің негізгі сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Бірлік құны, теңге	Бірлік саны	Барлығы, теңге (5-бағ.×6-бағ.)
1	2	3	4	5	6	7
1.	20___жыл (1-жыл), барлығы	x	x	x		
1.1.						
1.2.						
…						
2.	20___жыл (2-жыл), барлығы	x	x	x		
2.1.						
2.2.						
…						
3.	20___жыл (3-жыл), барлығы	x	x	x		
3.1.						
3.2.						
…						
Жиыны (1-бағ.+2-бағ.+3-бағ.)		x	x	x		

12-кесте – Зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары

Р/с №	Шығыстар атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік құны, мың теңге	20___ жыл (1-жыл)		20___ жыл (2-жыл)		20___ жыл (3-жыл)		Барлығы, мың теңге (6-бағ.+8-бағ.+10-бағ.)
				Бірлік саны	Құны, мың теңге	Бірлік саны	Құны, мың теңге	Бірлік саны	Құны, мың теңге	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны										

13-кесте – Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

Р/с №	Салық есебі	Еңбек төлемінің салық салынатын қоры немесе салынатын сома, теңге	Мөлшерлеме, %	Салық сомасы, теңге			
				20___ жыл (1-жыл)	20___ жыл (2-жыл)	20___ жыл (3-жыл)	Барлығы (5-бағ+6-бағ+7-бағ)
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Әлеуметтік салық төлемінің шығыстарын есептеу						
2.	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлемдерінің шығыстарын есептеу						
3.	Әлеуметтік міндетті сақтандыруға аударымдар						
4.	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасы						
5	Бюджетке басқа да міндетті төлемдер:						
5.1.	(салықтың немесе төлемнің атауы)						
5.2.	(салықтың немесе төлемнің атауы)						
5.3.	(салықтың немесе төлемнің атауы)						
Жиыны							

14-кесте –Іске асыру жөніндегі жұмыстардың жоспары

Р/с №	Міндеттердің атауы және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Орындауды бастау (күн/ай/жыл)	Ұзақтығы	Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер (тапсырмалар мен іс-шаралар бойынша), аяқталу нысаны		
				1-жыл	2-жыл	3-жыл
1	2	4	5	6	7	8

15-кесте – Әріптестің салым салу жоспары

Р/с №	Әріптестің атауы, мекенжайы, байланыс ақпараты	Салым түрі (50 сөзден артық емес)	Салым құны, мың теңге	Салым күні (күн/ай/жыл)
1	2	3	4	5

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға өтінім

Өтінім мынадай бөліктерден тұрады:
1) аннотация;
2) түсіндірме жазба;
3) сұратылған қаржыландырудың есеп-қисабы

1. Аннотация

Аннотацияда бағдарлама мақсатының, зерттеу бағытталған проблемалардың, зерттеу жүргізудің негізгі тәсілдерінің, күтілетін нәтижелердің қысқаша сипаты қамтылады.

Аннотация көлемі А4 форматындағы 2 (екі) парақтан аспауға тиіс.

2. Түсіндірме жазба

Түсіндірме жазба мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтеме жасалған кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер саны мен өтінімнің жалпы бет санын есептегенде есепке алынбайды):

1. Жалпы ақпарат

1.1. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама атауы [20 сөзден артық емес].

1.2. Шешу үшін бағдарлама әзірленген стратегиялық маңызды мемлекеттік міндет, оны.

1.3. Бағдарлама іске асырылатын жер.

1.4. Бағдарламаның басталатын және аяқталатын болжамды күні, оның айларымен көрсетілген ұзақтығы.

1.5. Бағдарламаға өтініш беруші - ұйым.

1.6. Бағдарламаны орындаушылар (бағдарламаны іске асыруға қатысатын барлық субъектілердің атауын көрсету).

1.7. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың сұратылатын сомасы (бағдарламаны іске асырудың барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгемен).

1.8. Тәуелсіз сарапшыларды іріктеу үшін бағдарламаның саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер.

2. Бағдарламаның жалпы тұжырымдамасы [750 сөзден артық емес].

2.1. Кіріспе бөлім [200 сөзден артық емес].

Бағдарлама идеясының қысқаша сипаттамасы мен негізгі қатысушылары көрсетіледі.

2.2. Бағдарламаның мақсаты [50 сөзден артық емес].

Мақсаты қысқа әрі нұсқа баяндалады, ол бағдарламаның тақырыбы мен бағдарлама әзірленетін стратегиялық маңызы бар мемлекеттік міндетке сәйкес болуы керек және нәтиже ретінде қабылданатын шешімнің сипатын көрсетеді.

2.3. Бағдарламаның міндеттері [500 сөзден артық емес].

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан сабақтас міндеттер арқылы бағдарламаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Алға қойылған міндеттер тізбесі беріледі:

1) міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері;

2) әр міндеттің бағдарлама мақсатына қол жеткізудегі рөлінің және басқа міндеттер мен бағдарламадан күтілетін нәтижелермен өзара байланысының қысқаша негіздемесі;

3) өтінім берушінің ойынша маңызды деп танылған өзге де параметрлер.

3. Бағдарламаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы

[2 000 сөзден артық емес].

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) бағдарламаның тақырыбына қатысты әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерге міндетті түрде шолу жасай отырып, бағдарламаны әзірлеуге ғылыми негіз, ғылыми жаңалықты негіздеу және олардың осы бағдарламамен өзара байланысы (мәнмәтінде шолуда қолданылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуі тиіс, оның толық жазылуы «Библиография» атты 8-бөлімде ұсынылуы тиіс);

2) бағдарламаның оны шешу үшін әзірленген стратегиялық маңызды мемлекеттік міндетке сәйкестігі. Стратегиялық маңызды мемлекеттік міндетті шешу үшін нәтижелердің қолданылуы, бағдарламаның ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңыздылығы, күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың дамуына әсері, күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсері;

3) бағдарлама нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (бар болса, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілікті, басқа да растайтын деректерді енгізу);

4) бағдарламаның күтілетін нәтижелерінің бәсекеге қабілеттілігі, оларды Қазақстан Республикасындағы және әлемдегі белгілі аналогтармен салыстыру, әлемдегі ұқсас міндеттерді шешу тәжірибесі, оны бағдарлама шеңберінде қолдану;

5) бағдарлама идеясының қолданыстағы аналогтардан немесе бәсекелес идеялардан принципті айырмашылықтары. Егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда бар болса, онда бағдарламаға салымдардың неге тиімді екенін негіздеу қажет;

6) егер бағдарламаның түпкі нәтижелерінің бірі өнім болса, онда бағдарламаның пәндік саласындағы техниканың қазіргі уақытта қалыптасқан деңгейін сипаттау қажет;

7) егер бағдарлама өтінім беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылса немесе бұрын қаржыландырылған және аяқталған ғылыми зерттеулердің элементтері болса, онда бағдарламаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан айырмашылықтарын қысқа да нұсқа баяндау қажет.

4. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер [1500 сөзден артық емес]

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) бағдарламаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларын сипаттау, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерін негіздеу, бағдарламада қолданылатын зерттеу типтері (сипаттама, корреляциялық және/немесе эксперименттік), зерттеу жүргізудің дәйектілігі;

2) ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;

3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде бағдарламада пайдаланылатын зерттеу әдістерін сипаттау, олардың бағдарламаның мақсатымен және міндеттерімен өзара байланысы;

4) алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның дереккөздері және бағдарламаның міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың шынайылығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын рәсімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсету, таңдауды негіздеу қажет).

5. Зерттеу тобы және бағдарламаны басқару [2 000 сөзден артық емес].

Бағдарламаны басқару схемасы, оның ішінде орындаушылар арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі, олардың жұмысын үйлестіру және бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау тәсілдері сипатталады.

Бөлім сондай-ақ жоспарланып отырған штаттың кемінде 70% (негізгі персонал) туралы деректерді көрсете отырып, зерттеу тобының сипаттамасын қамтиды. Негізгі персоналды сипаттау кезінде:

1) 1-кестеге сәйкес зерттеу тобының құрамы (толық емес жұмыспен қамтылуы бағдарламасына тартылған зерттеу тобының мүшелері үшін бағдарлама бойынша жұмысқа жұмсалатын сағаттар саны көрсетіледі);

2) бағдарламаның бағытына сәйкес келетін бағыттағы қысқаша түйіндемесін, негізгі ғылыми жарияланымдары мен жетістіктерін және бағдарламаның мақсатына, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлін көрсете отырып, шетелдік ғалымдардың бағдарламаға қатысуы;

3) бағдарламаны іске асырудағы орны мен рөлін, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сипатын көрсете отырып жас ғалымдардың (постдокторанттардың, докторанттардың, магистранттардың), бағдарламаға қатысуы, сонымен қатар, бағдарламаға өндірістен инженерлер қатыса алады;

4) шетелдік ғалымдарды қоса алғанда, зерттеу тобының құрамына әрбір мүшенің қатысуын негіздеу. Білімі, дәрежесі/ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жоба бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі, Хирш индексі және тиісті ғылыми өлшемді базадағы (бар болса) бейінге сілтемелер, жобаға қатысуды негіздейтін негізгі жетістіктері көрсетілген әрбір мүшенің қысқаша түйіндемесі. Әрбір мүшенің жобадағы жұмысының бағыты мен сипаты, олардың жобаның мақсаты мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлі;

5) жарияланымдар туралы (бар болса – тиісті деректер базасындағы жарияланымға және/немесе Digital Object Identifier DOI сілтемені көрсету) және қолда бар патенттер, авторлық куәліктер және жобаның тақырыбына қатысты ғылыми жетекшінің және зерттеу тобы мүшелерінің басқа да қорғау құжаттары туралы мәліметтер. Мәлімделген зерттеу, олардың бұрын жүргізген зерттеулерімен қалай байланысты екенін көрсету.

Бағдарламаның ғылыми жетекшісі үшін оның конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын барлық жарияланымдары, оның ішінде дәйексөз алу индексі, басылымның квартилі (процентилі) және тиісті ғылыми метрикалық базалардағы (DOI) жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтеме жасалған болуы тиіс. Өтінім берілген күннің алдындағы 5 (бес) жыл ішінде оның қандай бағдарламаларды басқарғанын және олардың шеңберінде қандай нәтижелер алынғанын көрсету қажет.

Бағдарлама бағыты бойынша зерттеу тобының негізгі персоналының жарияланымдары туралы мәліметтер (зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 10 жарияланымы), дәйексөз алу индексі және тиісті ғылыми-метрикалық базалардағы жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелері бар мәліметтер келтірілуі тиіс. Зерттеу тобы мүшелерінің тегі көрсетілуі тиіс.

Қосымша персонал үшін (бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру алған жағдайда тартылатын зерттеу тобы мүшелерінің 30%-ына дейін) олардың бағдарламада орны мен рөлі, орындалатын жұмыстың сипаты және оларды іріктеу үшін қолданылатын тәсілдер көрсетіледі.

6. Зерттеу ортасы [1 000 сөзден артық емес].

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) әрбір орындаушының бағдарламаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі мен рөлінен шыға отырып, олардың бағдарламаға қатысуын негіздеу. Бүкіл кезең ішінде бағдарламаны іске асыруға қатысатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері бағдарламаны орындаушылар болып есептеледі;

2) әрбір ұйымды тарту қажеттілігін негіздеумен, оның бағдарламадағы рөлін, орындалатын жұмыстың сипатын және мақсатқа және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге қосқан үлесін сипаттай отырып, бағдарламаны іске асыруға өзге ұйымдарды тарту;

3) орындаушыларда бар бағдарламаны іске асыру үшін тікелей пайдаланылатын материалдық-техникалық базаны (жабдықтар, аспаптар, құрал-сайман, көлік, ғимараттар, құрылыстар және т. б.), оны пайдалану бағытын және ғылыми-зерттеу жабдығымен жұмыс істеу дағдысы бар зерттеу тобының мүшелерін көрсете отырып сипаттау;

4) бағдарламаны іске асыру үшін пайдаланылатын негізгі отандық және халықаралық байланыстар (коллабораторлар мен серіктестер), олардың пайдаланылу сипаты мен негіздемесі көрсетілген. Негіздеумен басқа да отандық және шетелдік ұйымдардың (зертханалардың) инфрақұрылымын пайдалану;

5) ұтқырлықты негіздеу: (1) ғылыми іссапарлар және олардың бағдарламаны іске асыруға әсері, (2) әріптес ұйымдар базасында жұмыс кезеңдері және олардың бағдарламаны іске асыруға әсері. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және оның бағдарламаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі қысқа көрсетіледі.

7. Сұралатын қаржыландырудың негіздемесі [2 000 сөзден артық емес].

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) 2-кестеге сәйкес бағдарлама (бюджет) бойынша жиынтық есеп. Бағдарламаның бюджетін бағдарламаның ғылыми жетекшісі жұмыс жоспарына сәйкес бөледі және бағдарламаға байланысты емес шығыстардың өзге баптарына бағытталмайды.

«Еңбекке ақы төлеу» бабында 3-кестеге сәйкес постдокторанттарды, докторанттарды, магистранттарды қоса алғанда, бағдарламаның зерттеу тобының мүшелеріне сонымен қатар қаржылық-экономикалық және заңдылық сүйемелдеу жүргізетін жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасын ескере отырып, еңбегі үшін сыйақы ретінде төлеуге жататын шығыстар көрсетіледі (штаттық кесте жобасын немесе зерттеу тобының құрамын қоса беру). Сондай-ақ есептегенде өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерден басқа, демалыс төлемдері ескеріледі.

4 және 5-кестеге сәйкес «Қызметтік іссапарлар» бабында зерттеуді жүзеге асырумен тікелей байланысты Қазақстан Республикасы ішіндегі, сыртындағы іссапарларға сәйкес барлық шығындар көрсетіледі, оның ішінде конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу, басқа да ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалану үшін жол шығындары қамтылады (билеттер бойынша (авто, теміржол, әуе билеттері) қызмет көрсетілетін компаниялардың сайттарынан баға ұсыныстарын, іссапарлар жоспарының жобасын қоса беру қажет).

6-кестеге сәйкес «Басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар» деген бапта орындаушының іскерлік субъектісінен алатын қызметтер шығыны көрсетіледі, оның нәтижесі жоба мақсатына қол жеткізу үшін қажетті, сондай-ақ (1) ұжымдық қолданыстағы зертханалар мен басқа да зертханалар қызметтері, (2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың қызметтері, (3) конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысқаны үшін ұйымдастыру жарналары көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парақтары қоса беріледі). Егер бағдарламаны іске асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар зерттеу тобының мүшелері болса, онда оларға қатысуға арналған шығындар «Еңбекке ақы төлеу» бөлімінде көрсетіледі.

7-кестеге сәйкес «Материалдарды сатып алу» деген бапта жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті материалдарға, оның ішінде химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, шығын зертханалық материалдар, ғылыми-зерттеу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары және басқалар жұмсал-ған барлық шығындар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парақтары қоса беріледі).

8-кестеге сәйкес «Жабдықтар мен (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу» атты бапта бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға кететін шығындар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парақтары қоса беріледі).

9-кестеге сәйкес «Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу» атты бапқа (1) бағдарлама нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеуге, (2) зерттеу нәтижелерін жариялауға, (3) талдамалық материалдарды сатып алуға, (4) және жобаны ғылыми-ұйымдастырушылық сипаттағы қызметтермен сүйемелдеуге кететін басқа да шығындар енгізілуі мүмкін (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парақтары қоса беріледі).

10 және 11-кестеге сәйкес «Жалға алуға кететін шығындар» деген бапта өтініш берушіде тиісті үй-жайлар болмаған жағдайда бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алуға берілетін шығыстар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парақтары қоса беріледі). Сонымен қатар, үй-жай жоқ екендігі жөнінде тиісті органдардан анықтама тіркейді.

12-кестеге сәйкес «Жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары» деген бапта жобаны іске асырумен байланысты коммуналдық қызметтерге жұмсалатын, сондай-ақ зерттеулер жүргізуге тікелей тартылған үй-жайлар, жабдықтар мен техниканың қызмет көрсетуіне кететін шығыстар көрсетіледі ((сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парақтары қоса беріледі (коммуналдық шығындардан басқасы). Коммуналдық шығыстар бойынша жұмсалатын шығыстардың атауын, көлемін, бір бірлік бағасын, жалпы сомасын көрсетілген басшымен бекітілген сметалық шығындар жобасы ұсынылады).

13-кестеге сәйкес «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» деген бапта әлеуметтік салықты төлеуге, әлеуметтік сақтандыруға және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер шығыстары көрсетіледі.

2) шығындардың әр бабының есептері 3-13 кестелерге сәйкес.

3) жобаның мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін олардың қажеттілігінің міндетті негіздемесімен, сондай-ақ оның негізінде шығыстардың тиісті бабы есептелген көрсеткіш туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, шығыстардың әрбір бабының мазмұнына және шамасының есебіне қысқаша түсініктемелер.

Шығыстардың барлық баптарының жалпы сомасы қаржыландыру үшін сұратылған соманы білдіреді және «Жалпы ақпарат» бөлімінің 1.5. тармағында мәлімделген сомаға тең келуі тиіс.

(Соңы 22-бетте)

(Соңы. Басы 17-21-беттерде)

Өтінім құрамында берілетін жобаның бюджетіне Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

8. Жобаны іске асыру жоспары [750 сөзден көп емес]

Бұл бөлім Гант диаграммасы нұсқасында немесе 14-кестеге сәйкес жоба бойынша жұмыстардың егжей-тегжейлі, дәйекті жоспарын қамтиды.

Жобаны іске асыру жоспарына сәйкес міндеттерді шешу үшін әрбір іс-шараның маңыздылығын, жоба бюджетіне сәйкес іс-шара құнын өтінім берушінің қалауы бойынша сарапшылардың жобаны дұрыс бағалауы үшін қажетті басқа да ақпараттармен негіздейтін қысқаша түсіндірмелермен сүйемелденуі тиіс.

9. Күтілетін нәтижелер [750 сөзден көп емес]

Бөлімде зерттеулердің негізгі нәтижесі, яғни жобаның мақсатына қол жеткізуге сәйкес келетін нәтиже, оның сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру үлгілері көрсетіледі. Жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтиже негіздемесі келтіріледі.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына байланысты жоба нәтижелерін іске асыру нысандары мынадай болуы мүмкін:

1) шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда (жоба нәтижелерін жариялауға арналған болжамды басылымдар, басылымның дәйексөз алу индексі, тиісті ғылыми метрикалық базадағы басылым туралы ақпаратқа сілтеме жасай отырып) мақалаларды жариялау. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес мақалалар саны бойынша талаптар конкурстық құжаттамада белгіленеді. Әрбір мақала идентификациялық тіркеу нөмірі туралы ақпарат пен гранттық қаржыландыру көзі ретінде жоба атауынан тұруы тиіс;

2) шетелдік немесе отандық баспаларда монография, кітап/кітап бөлімдерін шығару;

3) шетелдік патенттік бюролардан (еуропалық, американдық, жапон), қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюродан патенттер алу;

4) ғылыми-техникалық, конструкторлық құжаттаманы әзірлеу;

5) әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастығы және қалың жұрт-шылық арасында жұмыс нәтижелерін тарату;

6) конкурстық құжаттаманың талаптары мен жобаның ерекшеліктеріне сәйкес басқа да нәтижелер.

Бөлімде қосымша мынадай мәселелер көрсетіледі:

1) күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолданылу саласы және мақсатты тұтынушылары;

2) күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың негізгі ғылыми бағыты мен аралас салаларын дамытуға әсері;

3) алынған ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың қолданылуы және (немесе) мүмкіндігі;

4) негіздемесі бар жоба нәтижелерінің әлеуметтік, экономикалық, эколо-гиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік және (немесе) өзге де әсері;

5) жобаның сапалық және сандық сипаттамаларын көрсететін басқа да тікелей және жанама нәтижелері.

10. Библиография

Бөлімде «Бағдарламаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы» атты 3-тармақта көрсетілген сілтемелер көрсетілген жарияланымдар көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шыға-рылған жылы, бет нөмірі, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық автор-ларының аты болуы тиіс.

Қосымша:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккре-диттеу туралы куәліктің көшірмесі не уәкілетті органның бұйрығынан үзінді көшірме;

2) 1-кестеге сәйкес зерттеу тобының құрамы;

3) 14-кестеге сәйкес бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары;

4) 15-кестеге сәйкес әріптес тарапынан бағдарламаны іске асыруға салым енгізу жоспары (қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін).

3. Сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы

Сұратылатын қаржыландыру есеп-қисабының» бір бөлігі бағдарламаны қаржыландыру жобасын іске асыру үшін сұратылатын есеп көлемін негіздейтін 2-13-кестелер түрінде ресімделеді.

Есеп-қисаптарға түсіндірмелер «Түсіндірме жазба» деген бөліктің «Сұратылатын қаржыландырудың негіздемесі» деген 7-бөлімінде келтіріледі.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына 6-қосымша

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмысына арналған техникалық тапсырма

1. Жалпы мәліметтер: 1.1. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға арналған мамандандырылған бағыт атауы (бұдан әрі – бағдарлама):	
2. Бағдарлама мақсаты мен міндеттері 2.1. Бағдарлама мақсаты: – 2.2. Бағдарлама мақсаты: –	
2.1.1. Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер орындалуы тиіс: – – 2.2.1. Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер орындалуы тиіс: – –	
3. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың қандай тармақтарын шешеді:	
4. Күтілетін нәтижелер 4.1. Тікелей нәтижелер: - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орын-дау барысында алынған жаңа білімдер немесе шешімдер, зерттеу, талдау, теориялық ізденістер, модельдеу нәтижелері; - өндіріске ғылыми әзірлемелер мен технологияларды, сондай-ақ жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдерін, макеттерін, үлгілерін енгізу; - патенттік зерттеулер нәтижелері; - өнімнің жаңа түрлерін және өндіріс тәсілдерін (технология-ларды) жасауға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық негіздер; - алгоритмдер, әдістер, әдістемелер, әртүрлі техникалық, технологиялық мәселелердің шешімі; - өнімнің жаңа түрлерін және өндіріс тәсілдерін (технолог-ияларды) жасау жөніндегі жекелеген техникалық және технологиялық шешімдер; - құбылыстар, процестер, технологиялар және т.б. есебі мен математикалық (бағдарламалық) модельдері, - зерттеу объектісімен байланысты қайта құрылатын нормативтік, техникалық, әдістемелік құжаттама; - жаңадан алынған (зерттелген) әдістерді, техникалық және технологиялық шешімдерді, нақты экономика секторларында ҒЗЖ нәтижелерін жүзеге асыру ұсыныстары; - басқалар.	
4.2. Соңғы нәтиже: (бағдарлама нәтижелері нысаналы бағдарлама іс-шаралары-ның іске асырылуына, нысаналы бағдарламаның индикатор-лары мен көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал етеді; күтілетін ғылыми және әлеуметтік экономикалық әсер; алынған нәтижелердің нысаналы тұтынушылары). Бағдарламаның нәтижелері индустрияландырудың қарқынды-лығын күшейтуге және Қазақстанның экономикалық күрделілік индексін арттыруға, жоғары технологиялық, орта жоғары салалардың және ІЖӨ-де білім беру (ғылымды қажет ететін) қызметтері үлесінің өсуіне ықпал етуге тиіс (егер қолданылса).	
Экономикаға әсер ету көрсеткіштері (зерттеу саласына байланысты): экономикалық тиімділік, бәсекелестік артықшылықтарды да-мыту (болашақ қолдану саласының дамуына қолайлы әсер ету, қолда бар нарықтардың кеңеюі және жаңа нарықтардың пайда болуы, өнімнің құнын төмендету және сапасын артты-ру, еңбек өнімділігінің өсуі, Индустрияның 4.0 өсу нүктелері, заттар интернеті үшін негіз құру) (егер қолданылса). Экологиялық тиімділік: қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану, «жасыл экономиканы» дамыту (зиянды шығарындыларды азайту, өндіріс қалдықтарын қысқарту және қайта өңдеу, экологиялық таза өндірістердің пайда болуы, өндіріс пен тұрмыста энергия тұтынуды төмендету, дәстүрлі емес энергия көздерін дамыту) (егер қолданылса). Бағдарламаның әлеуметтік әсері оның нәтижелерінің әлеу-меттік ортаны жақсартуға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға қосқан үлесін көрсетуі және мынадай көрсеткіш-термен сипатталуы тиіс: халықтың өмір сүру ұзақтығын арт-тыру, халықтың білім беру деңгейінің өсуі, инклюзивті дамуға жәрдемдесу (жаңа дәрі-дәрмек жасау, органикалық өнім өндіру, креативті индустриялар мен әлеуметтік инновация-ларды және т.б. дамыту) (егер қолдануға болса).	

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 30 мамыр №291 Нұр-Сұлтан қаласы

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (4-шығарылым) бекіту туралы

(Жалғасы. Басы 213, 215-нөмірлерде)

тасымал, құбыр төсеу жұмыстары өндірісі ережесін;

белгіленген құжаттаманы жүргізу ережесін;

экскаватор жұмысында ақаулардың пайда болу себептерін және оларды жою тәсілдерін;

экскаваторды жөндеу, монтаждау және бөлшектеу түрлерін;

экскаваторды тез тозатын бөлшектері мен тораптарының құрылымын, оларды ауыстыру тәртібін;

электротехника, автоматика, электр және телебасқару негіздерін;

негізгі жұмысты орындайтын экскаватор машинисінен бір разряд төмен тарифтелетін электр слесарь (слесар) білімі көлеміндегі электро слесарлық істі;

пісіру, такелаж және ілмектеу жұмыстары технологиясынбілуге тиіс.

Шөмішінің сыйымдылығы 0,4-тен 2,5 текше метрге дейінгі бір шөмішті экс-каваторды немесе шөмішінің сыйымдылығы 2,0 куба метрден кем ұзартылған жабдығы бар (тік күректі) экскаваторды, немесе теоретикалық өнімділігі сағатына 1000 текше метрге дейінгі көп шөмішті шынжырлы және роторлы экскаваторды басқару кезінде - 5-разряд;

шөмішінің сыйымдылығы 2,5-тен 4,6 текше метрге дейінгі бір шөмішті экс-каваторды немесе шөмішінің сыйымдылығы 2,0-тен 4,0 текше метрге дейінгі ұзартылған жабдығы бар (тік күректі) экскаваторды, немесе теоретикалық өнімділігі сағатына 1000-нан 2500 текше метрге дейінгі көп шөмішті шынжырлы және роторлы экскаваторды, немесе кен массасын селективті алуға арналған арнаулы конструкциялы көп шөмішті экскаваторды, немесе теоретикалық өнімділігі сағатына 4000 тоннаға дейінгі барабанды - орталап тиеу машина-сын немесе роторлы үлгідегі штабельдеуші - заборлы машинаны басқару кезінде - 6-разряд;

шөмішінің сыйымдылығы 4,6-тен 10,0 текше метрге дейінгі бір шөмішті экскаваторды немесе шөмішінің сыйымдылығы 4,0 текше метрден жоғары ұзартылған жабдығы бар (тік күректі) экскаваторды, немесе теоретикалық өнімділігі сағатына 2500-нан 4500 текше метрге дейінгі көп шөмішті шынжыр-лы және роторлы экскаваторды басқару кезінде - 7-разряд;

шөмішінің сыйымдылығы 10,0 текше метрден және одан да жоғары бір шөмішті экскаваторды немесе теоретикалық өнімділігі сағатына 4500 текше метрден және одан да жоғары көп шөмішті шынжырлы және роторлы экска-ваторды басқару кезінде - 8-разряд.

507. Ескертпелер:

1) экскаватор шөмішінің сыйымдылығы стандартты шөміш сыйымдылығы бойынша алынды;

2) автомобиль және теміржолдарды, суландыру және кеме жүзу арна-ларын, бөгеттерді, қоршама топырақ дамбаларын, ғимараттар мен имарат-тар астының қазаншұңқырларын, электр беру желілері және контакті желісі тіреулерін, жерасты коммуникациялары траншеяларын, су ағызу кюветтерін, тау үстіндегі және банкеттің сыртындағы арналарды, кен қазбаларын жерасты тәсілімен проходкалау күрделі бойынша ұқсас ғимараттар құрылысы кезінде резерв оймалары мен үйінділерін, кавальерлер мен банкеттерді әзірлеу және жоспарлау жөніндегі жұмыстар БТБА, 3 шығарылым, «Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары» бөлімі бойынша тарифтеледі;

3) экскаватор машинисінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген жұмыстардың барлық кешенін игерген экскаватор машинисінің көмекшілері өздері бірге жұмыс істейтін экскаватор машинисінен бір разрядқа төмен, және егер олар жұмыстың барлық кешенін игермеген болса, екі разрядқа төмен тарифтеледі;

4) адымдауыш немесе роторлы экскаваторды басқару кезінде экскава-тор машинисіне техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

66-параграф. Желдеткіш қондырғысының моторшысы, 1-разряд

508. Жұмыс сипаттамасы:

тау-кен қазбаларын желдету кезінде өнімділігі минутына 5000 текше метрге дейінгі желдеткіш қондырғыларын басқару (оның ішінде бас желдету желдеткіштері жұмысын қашықтықтан қамтамасыз ету);

бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштерін, реверстеуші құрылғы-лардың, электро қозғалтқыштардың, қосу аппаратурасының жай-күйін қадағалау;

желдету ағынын реверстеу;

желдеткіштерді қосу және тоқтату;

желдеткішті, реверстеуші құрылғыларды, қосу аппаратурасын, жұмыс істейтін және резервтегі қондырғылардың ременді және редукторлы өткіз-белерін қарау;

подшипниктер мено редукторларды майлау;

қосу муфталарының ремендері мен саусақтарын қадағалау;

желдету жұмыстары есебінің журналын жүргізу;

калорифер қондырғысына қызмет көрсету.

құбырлардың, кен қазбасы оқпаны сағасы аражабынының тығыздығын тексеру.

509. Мыналарды:

желдеткіш қондырғысының электро қозғалтқышының, қосу аппаратура-сының, бақылау-өлшеу құралдарының нысанын, жұмыс принципі мен құрылымын;

аварияларды болдырмау және жою жоспарына сәйкес желдеткіш қондырғысы жұмыс режимін;

желдеткіш қондырғысын майлау схемасын және қолданылатын майлау материалдарының қасиеттерін;

желдеткіш қондырғысын реверстеу схемасын және тәсілдерінбілуге тиіс.

Өнімділігі минутына 5000-нан 20000 текше метрге дейінгі желдеткіш қондырғыларына қызмет көрсету кезінде - 2-разряд;

өнімділігі минутына 20000 текше метрден жоғары желдеткіш қондырғы-ларына қызмет көрсету кезінде - 3-разряд.

67-параграф. Оқпаншы, 2-разряд

510. Жұмыс сипаттамасы:

адамдар мен жүктерді көтеру және түсіруге арналған көтеру машинасының машинисіне пайдалы қазба мен жыныстарды берудің тәуліктік жоспарлы оқпандарда:

1250 тоннаға дейін жүк көтеру кезінде;

750 тоннаға дейін - адам-жүк көтеру кезінде;

6000 тоннаға дейін скиптік көтеру кезінде жүктемеге қарамастан адам-дарды түсіру-көтеру көтерімдеріне қызмет көрсету кезінде, салынып жатқан шахталардың, кеніштер мен метрополитендердің оқпандарына жүк көтеру кезінде шахтадан белгі қабылдау және белгі беру;

вагонеткалар мен платформаларды кілетке орнату және бекіту, оларды түсіру;

шахта оқпаны механизмдері мен құрылғыларының жұмысын қадағалау;

кулак құрылғыларын, итергіштерді, тербелетін алаңшаларды, стопор-лар мен кілеттерді, скиптер мен қауғаларды толтыру жөніндегі басқада механизмдерді басқару;

еңісті шахталардың қабылдау алаңдарында тиеулі вагонеткаларды қабылдау және бостарын жөнелту;

оқпандарды, сақтандыру торшаларын, дозалаушы құрылғыларды үңгілеу кезінде лядтарды жабу және ашу, олардың жарамдылығын қадағалау, шахтаға берілген және түсірілген материалдардың есебін алу;

ұзын өлшемді материалдар мен ауыр жабдықты түсіруге, көтеруге және тиеуге қатысу;

көтеру мен түсірудің белгіленген тәртібі мен ережесін қамтамасыз ету;

шығу жетондарын қабылдау;

көтеру, тежегіш және сақтандыру құрылғыларының, дабыл құралдарының жарамды жай-күйін қадағалау;

скиптің қисық және дұрыс отырғызылуын қадағалау;

сигналдық құрылғыларды, кілеттерді, люктер мен затворларды ұсақ жөндеу;

сақтандыру құрылғыларын басқару;

шашылған кен массасын жинау, скиптерді тазалау;

суды сорып шығару, сорғыларға қызмет көрсету.

511. Мыналарды:

кілеттердің, скиптердің, қауғалардың, затворлардың, алаңшалардың, дозаторлардың, сақтандыру торшаларының, люктердің құрылымын;

итергіштер мен биіктік компенсаторларының, стопорлардың, кулак механизмдерінің, парашюттің жұмыс принципін;

адамдар мен жүктерді оқпан бойынша түсіру мен көтеру ережесін;

вагонеткалардың үлгілерін;

ұзын материалдарды, көлемді жабдықтарды, жару материалдары мен жару заттарын тиеу, түсіру, көтеру және түсіру тәсілдері мен жолдарын;

шығырларды, итергіштер мен төңкергіштерді пайдалану ережесін;

көтерілген жүктің санын есепке алу ережесін;

оқпан жұмысының кестесін;

пайдалы қазбаны бас жыныстан ерекшелейтін сыртқы белгілерді;

дозатор қондырғысының жұмысындағы ақауларды, кептемелерді жою тәсілдерін;

адамдар мен жүктерді түсіру мен көтеру кезіндегі жол берілетін шекті жүктеменібілуге тиіс.

Тек материалдарды, жабдықтар мен қосалқы бөлшектреді түсіру жөніндегі қосалқы оқпандарға қызмет көрсету кезінде - 1-разряд;

пайдалы қазба мен жыныстарды берудің тәуліктік жоспары бар оқпандарға қызмет көрсету кезінде:

1250 тонна және одан да артық жүк көтеру кезінде;

тіркеме салмағы 10 тоннаға дейін электровоздарда әкету жұмыстарын орындау кезінде;

750 тонна және одан да артық адам-жүк көтеру кезінде;

6000 тоннадан артық скиптік көтеру кезінде;

салынып жатқан шахталардың, кеніштер мен метрополитендердің оқпандарына адам-жүк көтеруге қызмет көрсету кезінде;

шахтадан пайдалы қазбаны бас оқпанда беру жөніндегі автоматтандырылған кешенге қызмет көрсету кезінде - 3-разряд.

512. Ескертпе.

Судың ағыны секундына 5 текше метрден жоғары шахта оқпандарында оқпаншының разряды оқпан жүктемесіне қарай көзделген разрядтан бір разрядқа жоғары белгіленуі мүмкін.

68-параграф. Пайдалы қазбаны геофизикалық опробациялау операторы, 4-разряд

513. Жұмыс сипаттамасы:

кенді жерасты тау-кен қазбалары мен карьерлері қабырғасында және забойларында, ұңғымалар мен шпурларда, көлік сыйымдылықтарында, үймелерде, транспортер ленталарында және тағы басқа опробациялау және оларда металдың болуын анықтау процесін ядролық-геофизикалық аппаратураны қолдана отырып, рентгенорадиометриялық, нейтронды және гамма- әдістерімен пайдалы қазбаны геофизикалық опробациялау жөніндегі анағұрлым білікті оператордың басшылығымен жүргізу;

ұнтақ және ірі жарма сынамаларда өлшеу;

қызмет көрсететін аппаратураны жұмысқа дайындау: аспаптарды схемаға қосу, анализатордың немесе спектрометр көмегімен қайталама спектрді өлшеу, спектрлерді графикалық құру, таңдаулы жұмыс режимдерін белгілеу, жұмыс тұрақтылығын тексеру;

жасанды қоспалар мен кен модельдерін дайындау;

қызмет көрсететін аппаратураны құру үшін эталонды полигон дайындау;

өлшеу нүктесіне датчикті орнату;

штангілер мен шығырлардың көмегімен забой оқпанына ұңғыма снаряд-тарын беру және оларды алу;

техникалық құжаттаманы жүргізу;

күрделі емес есептерді орындау;

қызмет көрсететін жабдықтың механикалық бөлігін профилактикалық қарау және оның жұмысындағы ақауларды жою.

514. Мыналарды:

кенді ядролық-геофизикалық аппаратураны қолдана отырып түрлі әдістермен опробациялау тәртібін және ережесін;

радиоактивті сәулелер спектрлері мен спектрометриялық әдістер туралы негізгі мәліметтерді;

спектрлер құрылымы ережесін;

ядролық-геофизикалық әдістердің физикалық негіздерін;

қолданылатын ядролық-геофизикалық аппаратураның жұмыс принципі мен пайдалану ережесін;

қолданылатын сәуле көздері үлгілерін және олармен жұмыс ережесін;

тау-кен жұмыстарын жүргізу негіздерін;

тау-кен қазбаларының нысаны мен орналасуын;

тау-кен жыныстары сыныптамасын;

жасанды қоспалар мен кен модельдерін дайындау ережесін;

электротехника негіздерін білуге тиіс.

69-параграф. Пайдалы қазбаны геофизикалық опробациялау жөніндегі оператор, 5-разряд

515. Жұмыс сипаттамасы:

кенді жерасты кен қазбалары мен карьерлері қабырғасында және забой-ларында, ұңғымалар мен шпурларда, көлік сыйымдылықтарында, үймелерде, транспортер ленталарында және тағы басқасынамалау және оларда металдың болуын анықтау процесін ядролық-геофизикалық аппаратураны қолдана оты-рып, рентгенорадиометриялық, нейтронды және гамма- әдістерімен жүргізу;

радиоизотоп көзі мен есептеуішті датчиктің зондовое құрылғысына орнату;

селективтік және дифференциалдық сүзгілерді дайындау;

эталонды полигондарда, жасанды қоспалар мен кен үлгілерінде аппара-тураны құру элементтерді спектрлер бойынша сәйкестендіру;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс режимін таңдау;

сынамалар мен табиғи шөгінділердегі элементтер қоспасын анықтау кезіндегі түзетулерді есептеу;

берілген алгоритмдер бойынша өлшеу режимін белгілеу;

пайдалы қазбаларды қайта өндіру үшін бағалауға арналған бақылау өлшемдері;

өлшеу нәтижелерін есептеу техникасы көмегімен өңдеу.

қызмет көрсететін жабдықты ағымдық жөндеу;

516. Мыналарды:

кенді түрлі әдістермен опробациялау тәртібін және ережесін;

ядролық физика, радиоэлектроника, жоғары математика негіздерін;

түрлі детектор үлгілерімен спектрометрия сәулелерінің физикалық негіздерін;

қолданылатын есептеу техникасының жұмыс принципін;

ядролық сәуле спектрлерін интерпретациялау тәсілдерін;

селективтік және дифференциалдық сүзгілерді дайындаудың, аппарату-раны құрудың ережесі мен тәртібін;

ядролық-геофизикалық аппаратура құрылымын білуге тиіс.

(Жалғасы 23-бетте)

(Жалғасы. Басы 22-бетте)

70-параграф. Газ өлшеуші, 1-разряд

517. Жұмыс сипаттамасы:

тау-кен қазбаларындағы кен газдарын бензинді шаммен, газ талдауышпен немесе индикаторлармен өлшеу;

тау-кен қазбаларында кен газдарын болуын өлшеу;

ауаның тозаңдану дәрежесін тексеру;

өлшеу нәтижелерін ауысым сайынғы рапортқа, журналға және ақпараттық тақтаға жазу;

шаң-газ режимінің бұзылуының алдын алу және жою шараларын қабылдау;

газдалған қазбаларда болуға тыйым салатын белгілерді орнату.

жұмысшыларды газдалған қазбалардан алып шығу;

желдеткіш құрылғыларының жай-күйін және жарамдылығын қадағалау;

бензинді шамдардың, газ талдауыш пен индикаторлардың жарамдылығын тексеру;

ауаны сынау орнын таңдау;

ауа мен шаң сынамасын талдауға алу және оларды зертханаға тапсыру;

ауаның жылжу жылдамдығын, температурасын, ылғалдылығын және депрессиясын өлшеу;

қызмет көрсететін учаскедегі, забойдағы электр аппаратурасын, электр жабдықтарын, кабельдер мен қорғану құралдарын сырттай қарау;

газбен уланған кезде алғашқы көмек көрсету.

518. Мыналарды:

тау-кен қазбаларының атаулары мен орналасуын, оларды желдету схемасын;

желдеткіш құрылғыларының орналасуы мен нысанын;

кен ауасының құрамын және онда түрлі газдар мен шаңның болуының шекті процентін;

газ ұстаушы және бұрып әкетуші жүйелердің сызбасын;

метанның, көмірқышқылының, көміртегі қышқылының және басқа да газдардың қасиеттерін;

бензинді шамдардың, газ талдауыш пен индикаторлардың, аспираторлардың құрылымын;

шахта авариясының алдын алу және жою жоспарын;

қазбаларда газ анықталған кездегі сақтану шараларын;

зертханалық талдауға ауа мен шаң сынамасын алудың ережесі мен әдістерін білуге тиіс.

III санаттағы, санаттан тыс, тозаң, суфлярлық бөлінулер мен көмірдің, газдың кенеттен атқылау, газ жарылысы қаупі бар шахталарда (кеніштерде) жұмыс істеу кезінде - 2-разряд.

71-параграф. Үңгілеуші, 5-разряд

519. Жұмыс сипаттамасы:

6-разрядты үңгілеушінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген жұмыстардан басқа, жазық, еңісті және тік кен қазбаларында үңгілеу жөніндегі жұмыстар кешенін орындау;

шпурлар мен оқпандарды дизельдіден басқа, өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен, массасы 35 килограмға дейінгі (пневмоұстауышпен қоса) перфораторлармен, электр бұрғылармен және пневмобұрғылармен бұрғылау;

өнімділігі сағатына 60 текше метрге дейінгі аспалы бұрғылау аспапты тиеу машиналарын қолдана отырып, кен массасын тиеу және шпурларды бұрғылау жөніндегі жұмыстарды орындау;

көмір және сланец шахталарында - перфораторлар мен өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларының барлық үлгілерімен шпурларды бұрғылау;

тау-кен қазбаларын: ұнтақтау балғаларын, пневмоломдарды қолдана отырып;

жару және гидравликалық тәсілмен;

қолмен ұнтақтау;

жару жынысын әзірлеу;

тау-кен массасын кен немесе вагонеткаларға скреперлеу;

тау-кен массасын 6-разрядты үңгілеушінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген тиеу машиналарынан басқа, тиеу, тиеу-жеткізу машиналарымен және қолмен забой аймағында көлік құралдарына тиеу немесе жынысты жұмысталған кеңістікке лақтыру;

электр және пневматикалық жетекті және дизельді қозғағышты тиеу, тиеу-жеткізу машиналарын, қайта тиегіштерді, гидромониторлардың, скрепер шығырларын, су және арнаулы ерітінділер қабатына сіңіру қондырғыларын, механикаландырылмаған шитті үңгілеу кешендері мен жұмыста қолданылатын басқа да машиналар мен механизмдерді басқару және оларға қызмет көрсету;

проходкалау комбайндарын басқаруға қатысу;

жазық және еңісті кен қазбаларында;

6-разрядты үңгілеушінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген бекітпелерден басқа, барлық бекітпе түрлерін орнату;

қиысу алаңының аумағы 20 шаршы метрге дейінгі қисық сызықты кен қазбаларында тюбингті, блокты және бетонды құрастырмалы бекітпені тұрғызу;

қораманы орнату және бөлшектеу, арматураны орнату;

жару жұмыстарынан кейін кен массасын суландыру;

уақытша бекітпені бөлектеу және жөндеу;

тұрақты және уақытша рельс жолдарын салу және алу;

конвейерлерді, рештактарды, разминовкаларды, құбыр ставтарын құрастыру, бөлшектеу, орнын ауыстыру, ұзарту және қысқарту;

тік тау-кен қазбалары мен оқпандарын үңгілеу кезінде расстрелдердегі оқпандар мен полкалардағы жүру бөлімшелерін құру;

сөрелердің, люлькалардың, тартпа рамаларының орнын ауыстыру және бекіту;

тоннельдерге түрлі диаметрдегі құбырларды төсеу, оларды оқпандарға бетондап, жіктерін жаба отырып асу;

кессондарда темірбетон шлюз камераларын орнату;

үңгілеу кешендерін монтаждау және құрастыру;

забой жабдығына қызмет көрсету, монтаждау және құрастыруға, жоспарлы алдын ала жөндеуге қатысу;

материалдар мен жабдықты тиеу, түсіру және жеткізу, забой аймағындағы тиеулі және бос вагонеткаларды электровоздың, шығырдың көмегімен немесе қолмен әкету және әкелу;

жүргізілетін қазба бекітпесін жөндеу, қазбаны шашылған кен жынысынан тазарту;

тау-кен қазбасын құлама бойынша үңгілеу;

шурфтарды үңгілеу және бекіту;

забой жанындағы тау-кен қазбаларын сланецтеу;

забой аймағындағы тау-кен жыныстарын полимер материалдарымен бекіту.

520. Мыналарды:

тау-кен жыныстарының қасиеттерін және олардың беріктігі бойынша сыныптамасын;

тау-кен қазбасын механикаландырылған құралмен және қолмен әзірлеу ережесін және тәсілдерін;

жазық, еңісті және тік тау-кен қазбаларында үңгілеу жүргізу тәсілдерін;

тау-кен қазбаларының қиысу нысандарын;

уақытша және тұрақты бекітпе түрлерін, оларды орнату тәсілдерін;

полимер материалдарының түрлері мен қасиеттерін, олармен жұмыс ережесін, қолдану тәсілдерін;

арнаулы ерітінділердің қасиеттерін, оларды жасау тәсілдерін;

тау-кен қазбаларында үңгілеу кезінде қолданылатын жабдықтардың, машиналар мен механизмдердің құрылымын, оларды пайдалану ережесін;

арматураны құрастыру және орнату ережесі мен жолдарын;

әкету жолдарының құрылымын, стрелка бұрмаларын бөлу мен төсеу, жол профилін тексеру тәсілдерін;

аспалы жабдық мөлшерін;

құбырды төсеу және бекіту тәсілдерін;

бұрғыларды, қаптамаларды қайрау және оларға май құю сапасына қойылатын талаптарды, олардың нысандары мен мөлшерлерін;

жару жұмыстарын жүргізу ережесін;

материалдар мен жабдықтарды забой аймағында тиеу, түсіру және жеткізу ережесі мен тәсілдерін;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақаулардың түрлерін және оларды жою тәсілдерін;

электротехника мен металлдар технологиясы негіздерін 3-разрядтағы электро слесарь білімінің көлемінде білуге тиіс.

521. Ескертпе:

үңгілеушінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген үңгілеу жұмыстарының барлық кешенін игерілмеген болса, үңгілеушілерді тарифтеу бір разрядқа төмен жүргізіледі.

72-параграф. Үңгілеуші, 6-разряд

522. Жұмыс сипаттамасы:

тік оқпандарды үңгілеу, тереңдету, реконструкциялау, қайта жарақтандыру жөніндегі негізгі жұмыстарды орындау:

механикаландырылған кешендерді, оқпан үңгілеу машиналарын, агрегаттары мен комбайндарын, тиеу машиналары мен агрегаттарын басқару;

шпурлар мен оқпандарды бұрғылау, тұрақты бекітпені тұрғызу;

негізгі айналманы оның жағдайын маркшейдерлік деңгей бойынша тексере отырып арматуралау, төсеу және тарату;

сақтандыру сөрелері мен тартпа рамаларын монтаждау және бөлшектеу, шпурлар мен ұңғымаларды зарядтау және жару процесін басқару;

өтпелі кен қазбаларында веер үлгілі және көп бұрышты бекітпені, камераларда және оқпан айналасы албарында, қиысу алаңының аумағы 20 шаршы метрден аса;

дейінгі қисық сызықты кен қазбаларында тюбингті, блокты және бетонды құрастырмалы бекітпені тұрғызу;

шпурлар мен оқпандарды дизельдіден басқа, өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен, массасы 35 килограмға дейінгі (пневмоұстауышпен қоса) перфораторлармен, электр бұрғылармен және пневмобұрғылармен бұрғылау;

өнімділігі сағатына 60 текше метрге дейінгі аспалы бұрғылау аспапты тиеу машиналарын қолдана отырып кен массасын тиеу және шпурларды бұрғылау жөніндегі жұмыстарды орындау, кен массасын дизельді қозғағышының қуаты 147,2 киловаттан (ат күші 200-ден) жоғары тиеу-жеткізу машиналарымен тиеу және тасымалдау, өтпелі кен қазбаларында механикаландырылған үңгілеу кешендерін басқару;

көшкінді, карстарда, шашыраңқы құмда үңгілеу жұмысын арнаулы бекітпені қолдана отырып орындау;

тоннель қаптамасының бірінші тесу сақинасын орнату;

метрополитенде: тұрақты жол құрылысы кезінде кен қазбаларын қозғалысты үзбей реконструкциялау;

стрелка бұрмаларын және қиыспа тоғысуларды оларды пайдалануға беру үшін қажетті реттеулермен төсеу;

жолдың қисық учаскелерінде қысқартылған рельстерді есептеу және іріктеу.

523. Мыналарды:

тік оқпандарды жүргізу кезінде қолданылатын проходкалау агрегаттарының, кешендерінің, оқпан проходкалау машиналарының, комбайндарының, агрегаттардың барлық үлгілерінің конструктивтік ерекшеліктерін;

тік оқпандарды бұрғылау, бекіту және арматуралау кезінде қолданылатын айлабұйымдардың құрылымын, оларды пайдалану ережесін;

оқпан жанамасын тік қазбалармен айыру тәсілдерін;

өңдеулердің барлық түрлерін монтаждау тәсілдерін;

тік оқпандарды үңгілеу кезінде полимерлі экранды тұрғызу тәсілдерін білуге тиіс.

73-параграф. Тау баурайларын үңгілеуші, 3-разряд

524. Жұмыс сипаттамасы:

тегіс тау баурайлары мен орташа тіктіктегі (I және II санатты) тау баурайларын үңгілеу және шабақтау жөніндегі жұмыстарды орындау, тік баурайлардағы (III санатты) қосалқы жұмыстарды орындау;

тау баурайларының жай-күйін қарау, баурайларды ілініп қалған кен жыныстары кесегінен қол және механикаландырылған құралдың көмегімен шабақтау;

кен массасын жинау, жұмыс өндірісі орнын тазарту;

I және II санатты тау баурайларында ауамен, сумен, электрмен жабдықтау желілерін салу;

құрылғыларды біліктілігі анағұрлым жоғары тау баурайларын үңгілеушінің басшылығымен монтаждау;

құрылғылар мен жүктерді ілмектеу және такелаж құрылғыларының көмегімен және қолмен олардың орнын ауыстыру;

болт қосындыларын бекіту;

бетон қоспалары мен ерітінділерді әзірлеу;

құрылғыларды монолиттеу;

шығырларға қызмет көрсету, такелаж құрылғыларының бөлшектеу және түсіру;

қоршауға және топтық сақтандыруға қатысу.

525. Мыналарды:

тау-кен қазбаларының негізгі қасиеттерін;

тегіс және орташа тіктіктегі тау баурайларын үңгілеу, шабақтау және бекіту тәсілдерін;

қолданылатын электро және пневматикалық құралдың, құрылғыларының мен альпинистік жабдықтардың түрлерін нысаны мен құрылымын;

қолданылатын материалдардың сұрпы мен сипаттамаларын;

құрылғыларды, бұйымдарды, құрал мен монтаж құрылғыларының тасымалдау, қоймалау, ілмектеу ережесін;

құрылғыларды бекіту тәсілдерін;

тік баурайларды (III санатты);

жұмыс өндірісі ережесін;

жеке және топтық сақтандыру тәсілдерін;

альпинизм техникасын альпинисті даярлаудың I кезең деңгейінде білуге тиіс.

74-параграф. Тау баурайларын үңгілеуші, 4-разряд

526. Жұмыс сипаттамасы:

тік баурайлардағы (III санатты) үңгілеу және шабақтау жөніндегі, жұмыстарды орындау, (I - III санаттар) құрылғыларды монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау;

орнықсыз жартас баурайларын қауіпсіз жағдайға келтіру үшін, оларды әзірлеу және құлату;

тегіс және тіктігі орташа тау баурайларында массасы 5 тоннаға дейінгі болат, бетон және темірбетон құрылғыларын монтаждау және электрмен пісіру, тік баурайлардағы (III санатты) құрылғыларды монтаждауға қатысу;

III санатты баурайларда ауамен, сумен, электрмен жабдықтау желілерін салу;

тас ұстаушыларды монтаждау кезінде арматура, сетка және тросс тарту;

жару жұмыстарымен байланысты емес оқпандарды бұрғылау;

такелаж және көтеру құрылғылары мен механизмдерін орнату және бекіту;

коммуникациялардың орналасу сызбасын мен баурай рельефінің эскиздік түсірімін жасау.

527. Мыналарды:

құрылғыларын монтаждау және электрмен пісіру, тік баурайлардағы оқпандарды бұрғылау жұмыстары өндірісі технологиясын; такелаж және көтеру құрылғыларының I - III санатты баурайларда қабылдау, орнату және бекіту тәсілдерін;

пневматикалық бұрғылау қондырғысының құрылымын және онымен жұмыс ережесін; қауіпсіз жұмыс өндірісі, барлық санаттағы баурайларда сақтану және өзін өзі сақтандыру ережесін;

тау баурайында жұмысты ұйымдастыру жолдарын;

электрмен газбен пісіру жұмыстарын жүргізу ережесін, орындалатын жұмыс шегінде;

альпинизм техникасын альпинистің III спорттық разряды деңгейінде білуге тиіс.

75-параграф. Тау баурайларын үңгілеуші, 5-разряд

528. Жұмыс сипаттамасы:

ерекше тік баурайлардағы (IV санатты) үңгілеу шабақтау және бекіту жөніндегі жұмыстарды және тік және ерекше тік баурайлардағы (III – IV санаттар) бұрғылау жұмыстарын орындау;

шпурлар мен оқпандарды белгілеу және бұрғылау;

жартас негіздемелерінің сынбаларын анкерлермен және тростармен бекіту;

ерекше тік және тік баурайлардағы қауіпті учаскелерін қауіпсіз жағдайға келтіру тәсілдерін таңдау;

ірі габаритті құрылғылар мен III – IV санаттары баурайлардағы массасы 5 тоннадан артық құрылғыларды монтаждау және электрмен пісіру;

такелаж жабдығы мен айлабұйымдарды ерекше тік тау баурайларында құрастыру, орнату және алу;

күрделі жағдайларда құтқару жұмыстарын жүргізу.

529. Мыналарды:

тау баурайларын үңгілеу жөніндегі жұмыстарды орындау процесінде күрделі монтаж жұмыстарын атқарудың тәсілі мен ережесін;

ерекше тік баурайларда ауамен, сумен, электрмен жабдықтау желілерін салу тәсілдерін;

барлық санаттағы тау баурайларында шпурлар мен оқпандарды белгілеу және бұрғылау ережесін;

жартас негіздемелерінің сынбаларын бекіту тәсілдерін;

электрмен, газбен пісіру, жару және слесарь жұмыстарын жүргізу тәсілдері мен ережесін, орындалатын жұмыс шегінде;

тауда құтқару жұмыстарын жүргізудің негізгі тәсілдерін;

биіктіктегі жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын;

альпинизм техникасын альпинистің II спорттық разряды деңгейінде білуге тиіс.

76-параграф. Тау баурайларын үңгілеуші, 6-разряд

530. Жұмыс сипаттамасы:

кері еңісті тау баурайларда үңгілеу, шабақтау жөніндегі жұмыстарды орындау;

тау баурайының ерекше күрделі және ерекше қауіпті жерлерін әзірлеу және сынамалау, қауіптілік дәрежесін анықтау және III - IV санатты алдағы жұмыс учаскелерін қауіпсіз жағдайға келтіру.

531. Мыналарды:

тау-кен жыныстарының геологиялық сипаттамасын, олардың физикалық-механикалық қасиеттерін;

элементарлық топография мен геология негіздерін;

барлық санаттағы тау баурайларында жару жұмыстарын жүргізу ережесін;

кері еңісті баурайларда монтаж және такелаж жұмыстарын жүргізу ережесін;

альпинизм техникасын альпинисті даярлаудың деңгейіндебілуге тиіс.

532. Ескертпелер:

1) тау баурайларының Iсанаты - өсімдік және сынықтарының мөлшері 30 сантиметргедейінгі тас ұсақтарымен жабылған және жазықтыққа қарай еңіс бұрышы 30 градусқа дейінгі, жүруге және жүктерді қосымша бекітпелер мен тіреусіз тасымалдауға мүмкіндік беретін тегі тау баурайлары;

2) тау баурайларының II санаты – кертпеш, сүйір ұштары, жарықтары көп, өсімдікпен, сондай-ақ сынықтарының мөлшері 1 метрге дейінгі тастармен жабылған, жазықтыққа қарай еңіс бұрышы 45 градусқа дейінгі, тіктігі 30 градусқа дейін жететін, қол тіреуімен жүріп тұруға болатын, ал жүк тасымалдау үшін жұмысшы жанына арнаулы бекітпе керек болатын жалаң жартастар;

3) тау баурайларының III санаты – сүйір ұштары мен жарықтары онша көп емес, тақталары мен қабырғалары, түрлі іріліктегі сынықтары бар тас шашырандысы бар, тіктігі 45 градустен 60 градусқа дейінгі, жүріп тұру басқа жұмсышының сақтандыруымен немесе өз сақтануымен ғана мүмкін болатын жалаң жартастар;

4) тау баурайларының IV санаты – жазықтыққа қарай еңіс бұрышы 60 градустан жоғары және кері тіктіктегі ерекше тік тау баурайлар

77-параграф. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, 3-разряд

533. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым машиналардың, тораптар мен механизмдердің, таратып бөлу құрылғыларының механикалық бөлігін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдерге қоршаулар мен қаптаулар жасау және оларды жөндеу кезіндегі электр-газбен пісіру жұмыстары;

қызмет көрсететін жабдықты бояу, жазба түсіру, майлау;

май сынамасын іріктеу және оны ауыстыру;

пневматикалық құралды бөлшектеу, құрастыру, жуу, сынамалау, майлау, қабылдау, тапсыру және профилактикалық жөндеу;

такелаж және ілмектеу жұмыстарын орындау;

қарапайым бөлшектерді 12-13-квалитеттер бойынша слесарьлық өңдеу және дайындау.

534. Мыналарды:

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдердің нысанын, техникалық сипаттамасын, оларға техникалық қызмет көрсету нормалары мен көлемін;

слесарлық және монтаж ісі негіздерін;

машиналардың күрделі емес кинематикалық схемаларын;

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдерді пайдалануға қойылатын техникалық талаптарды;

металлдар мен бөлшектерді өңдеудің тәсілдері мен жолдарын;

күрделі емес металл конструкциялар мен механизмдерді монтаждау тәртібін;

қолданылатын бақылау-өлшеу жабдықтары мен аспаптарының нысанын, пайдалану ережесін;

такелаж және ілмектеу жұмыстарын орындау ережесін;

кен қазбаларының атауларын және орналасуын, олар бойынша қозғалыс ережесін;

цехтағы жарықтық, дыбыстық және ароматикалық сигнализация жүйелері мен ережесін;

дыбыстық және көрінетін сигналдарды қабылдау мен беру ережесін;

биркалы жүйе ережесін білуге тиіс.

535. Жұмыс үлгілері:

1) булы су арматурасы - сальниктерді салу;

втулкаларды, тығыздауыш сақиналарды ауыстыру;

фланецтер мен жіктердегі қосу болттарын тарту;

2) шахталық және адамдарды тау-кен қазбалары бойынша жеткізуге арналған вагонеткалар - скаттарды, подшипниктерді, тістемелерді, буферлерді ауыстыру;

кузовтарды түзеу;

3) барлық диаметрдегі вентильдер - клапандарын жұқалап тегістеу;

4) вентиляторлар - жөндеу және орнату;

5) вкладыштар - орнына келтіру және параллелдер бойынша кесу;

6) електер - сүзгілерді ауыстыру;

7) ұнтақтауыштар, вагон төңкерушілер (жерасты жағдайында) - ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

8) конвейерлер - роликтерді, роликтерді, редукторларды, жетекті және тартпа станция барабандарын, ауытқушы барабанды ауыстыру;

ленталар мен шынжырлардың тартылуын реттеу;

9) қырғышты конвейерлер - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу;

10) тиеу машиналары - шкивтерін, пальцілерін ауыстыру;

арқанды бекіту;

11) тиеу-жеткізу машиналары - жетекші мостыларын бөлшектеу;

бас өткізгіш пен редуктор блогының саңылауларын реттеу;

гидравлика, бейтараптандыру және отын бағын жуу;

12) диірмендер - ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

13) насостар - втулкаларды, муфтаның қосу пальцілерін ауыстыру;

сальниктерді тығыздау;

муфта қоршауын орнату және бекіту;

құбырларды қосу;

техникалық қызмет көрсету;

14) төңкергіштер, қоректендіргіштер, итергіштер, станциондық су әкету қондырғылары, уаты балғалары, перфораторлар, гидромониторлар - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

15) сынама алушылар - шынжыр мен шөмішті ауыстыру;

16) қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар (пневмокамералық насостар) - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

17) әуе-канат жолдары станциялары - техникалық қызмет көрсету, күштік арқанды бағыттау үшін роликтер мен шкивтерді орнату;

18) диаметрі 6 дюймге дейінгі құбырлар - төсеу, тіреулерді әзірлеу және орнату, жекелеген секциялар мен запорной арматурасын ауыстыру;

19) төсеу жұмыстары өндірісіне арналған құбырлар - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу;

20) шламды тасымалдауға арналған құбырлар - монтаждау, бөлшектеу, жөндеу;

21) қатты пайдалы қазба геологиялық-барлау ұңғымаларын бұрғылауға арналған бірінші сыныпты бұрғы қондырғылары - жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

Жұмыстарды жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі біліктілігі анағұрлым жоғары слесарьдің басшылығымен орындау кезінде - 2-разряд.

78-параграф. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, 4-разряд

536. Жұмыс сипаттамасы:

машиналардың, тораптар мен механизмдердің, механикалық бөлігін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

күштік арқанды, аспалы жолдар арқандарының қосу муфтыларын ауыстыру;

(Жалғасы 24-бетте)

(Жалғасы. Басы 22-23-беттерде)

автоматтандырылған шамханалардың жабдығын қарау және жөндеу;

құбырлардың, транспортерлер жұмысының, металл конструкцияларының, тростар мен блоктардың жай-күйін қадағалау, олардың тозу дәрежесін анықтау және жекелеген элементтерді ауыстыра отырып жөндеу;

қарапайым бөлшектерді 8-11-квалитеттер бойынша слесарлық өңдеу және дайындау;

топырақты қатыру кезінде тұздықты желіге және қатырушы колонкаларға қызмет көрсету.

537. Мыналарды:

қызмет көрсететін механикалық жабдықты монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, опробациялау және баптау ережесі мен тәсілдерін;

желдеткіш схемасы мен шығатын ауа ағынының бағытын;

металл конструкциялар, арқандардың, аспалардың жекелеген тораптары мен элементтерінің нысанын;

тораптарды майлау жүйесін;

бөлшек бетін өңдеудің негізгі параметрлерін;

такелаж жұмыстары мен тау-кен машиналары мен механизмдерін шахтаға түсіру тәсілдерін;

жерасты қазбаларында, шахта үстіндегі ғимараттарда металды өңдеу мен электр-газбен пісіру жұмыстары өндірісі технологиясын;

шахта үстіндегі ғимараттарда электр-газбен пісіру жұмыстары өндірісі жөніндегі нұсқаулықты білуге тиіс.

538. Жұмыс үлгілері:

1) кептіру барабандары, кептіргіш құбырлар - кептіру трактінің герметикалығын тексеру және ақауларды жою;

араластырғыштар мен қоректендіргіштерді жөндеу;

2) инерциялық және өздігінен теңгерменетін електер - вибраторларды, пружиналарды, қорап корпусын ауыстыру, реттеу;

3) төмен литражды және бу драгалары - жөндеу;

4) конусты, валкалы, жақты жармалаушылар - құрамдағы сегменттері мен валкілерін, жармалаушы конусты, эксцентрикті, жетекті валды краммен ауыстыру;

жармалаушы жақтарды ауыстыру және жармалау ірілігін реттеу;

5) лентасының ені 1400 миллиметрге дейінгі ленталы конвейерлер - ленталарды ұштарын өңдеп, вулканизациялай отырып ауыстыру және жөндеу;

6) компрессорлар - поршеньді сақиналарды, металл сальниктерді, шатун болттарын, клапандарды ауыстыру;

7) оттегі, пневматикалық компрессорлар - ағымдағы және орташа жөндеу;

8) еденнен басқарылатын көпірлі крандар, кран - балкалар, электро тельферлер, тальдер, автомобильді крандар, тіркеме салмағы 25 тоннаға дейінгі шахта электровоздары - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, опробациялау және күрделілігі орташа тораптарын реттеу;

техникалық қызмет көрсету;

қозғалтқышты, өздігінен жүретін кареткаларды жөндеу;

9) өздігінен жүретін тау-кен машиналары, бұрғылау станоктары мен қондырғылары, өздігінен жүретін вагондар, көтеру машиналары (шығырлар) - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, опробациялау және күрделілігі орташа тораптарын реттеу;

техникалық қызмет көрсету;

қозғалтқышты, өздігінен жүретін кареткаларды жөндеу;

10) шарлы, өзі ұнтақтайтын, балғалы диірмендер - негізгі валды ауыстыру, жөндеу, техникалық қызмет көрсету, редукторды және тісті өткізгіштерді түгендеу;

11) пневмосорғылар, түтін сорғышлар, эксгаустерлер - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру;

12) тиеу-жеткізу машиналары, жерасты дизельді автосамосвалдар - бөлшектеу, құрастыру және гидравлика жүйесін, цилиндрлерді, басқару рулін орнату;

бас раманы, стреланы, шөмішті, жүргізуші кабинасын, металл қаптауларды, жетекші валдарды жөндеу;

13) брикетті пресстер - қалып құралының жиынтықтарын ауыстыру;

14) айналма пештердің, шар диірмендерінің, конвейерлердің, пластикалы транспортерлердің, қоректендіргіштердің редукторлары - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру;

15) диаметрі 6 дюймнен жоғары құбырлар - төсеу;

тіреулерді жасау және орнату;

құбырлар мен жаппа арматурасының жекелеген секцияларын ауыстыру;

16) қатты пайдалы қазбаларға арналған геологиялық барлау ұңғымаларын бұрғылайтын екінші - бесінші сыныпты бұрғылау қондырғылары, гидрогеологиялық және геофизикалық ұңғымаларды бұрғылау қондырғылары - жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

17) желдеткіш қондырғылары - жөндеу және қызмет көрсету;

бағыттаушы күректері ауыстыру;

18) дегазациялық және аспирациондық қондырғылар - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру;

19) экскаваторлар, үйінді жасағыштар, тасымалдау-үйінді көпірлері - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру;

техникалық қызмет көрсету;

гидравликалық жүйені жөндеу: гидравликалық домкраттарды, гидроцилиндрлерді, май құбырларын, жаппалы арматура мен аспаптарды ауыстыру және жөндеу;

20) сусыздандыратын центрифугалар - конусты щитті, қырғыларды, шнекті, сорғыны ауыстыру;

21) сусыздандыратын элеваторлар - шөміш шынжырын ауыстыру.

79-параграф. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, 5-разряд

539. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі машиналардың, тораптар мен механизмдердің, аппаратуралардың механикалық бөлігін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

қысым астында жұмыс істейтін ыдыстарды жөндеу, опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

көтеру ыдыстарының бас және соңғы арқандарын ауыстыру;

көтеру ыдыстары мен тіркеме құрылғыларын тексеру;

арқан құрылғыларының, скип көтермелері тиеу және түсіру құрылғыларының ұзындығын тексеру және реттеу.

540. Мыналарды:

қызмет көрсететін күрделі механикалық жабдықты монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, опробациялау және баптау ережесі мен тәсілдерін;

өздігінен жүретін тау-кен жабдығының конструктивтік ерекшеліктерін;

қызмет көрсететін жабдықтың кинематикалық схемасын;

күрделі бөлшектер мен тораптарды қалпына келтіру тәсілдерін;

жұмыс істейтін бөлшектерге, тораптарға, механизмдерге түсетін шекті жүктемелерді;

ақаулар мен авариялардың алдын алу шараларын; күрделі жабдықты, агрегаттар мен тораптарды жөндеудің, сынаудың және тапсырудың техникалық шарттарын;

қысым астында жұмыс істейтін ыдыстар мен тіркеме құрылғыларын пайдалану және куәландыру ережесін;

шахта жабдығын жиынтықтау және прокат базасына тапсыру ережесін, жөнделген жабдыққа құжаттама жасауды;

чертеждерді, эскиздерді, кинематикалық схемаларды жасау ережесін;

орындалатын жұмысқа қажетті көлемде слесарлық істі білуге тиіс.

541. Жұмыс үлгілері:

1) аппараттар, жоғары қысымды газ құбырлары - тексеру, жөндеу, сынау;

2) оттегілі және аргонды аппаратура - тексеру, жөндеу, сынау;

3) жоғары салмақты технологиялық (карьерлік) автосамосвалдар - жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

4) машиналар мен механизмдердің гидротаратып бөлгіштер, клапанды блоктары, орталықтандырылған майлау жүйелері - жөндеу және баптау;

5) конусты жармалағыштар - втулкаларды қайта престей отырып базалық тораптарды жөндеу, эксцентриктердің, аспа тораптарының, коникалық өткізгіштердің іргелес жүзбелі сақиналарын реттеу;

6) лентасының ені 1400 миллиметрден жоғары ленталы конвейерлер - ленталарды ұштарын өңдеп, вулканизациялай отырып ауыстыру және жөндеу;

храпты тоқтатқыш пен тежегіштерді реттей отырып, оларды жөндеу;

7) өздігінен жүретін тау-кен машиналары, бұрғылау станоктары мен қондырғылары, өздігінен жүретін вагондар, көтеру машиналары (шығырлар) - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, опробациялау және күрделі агрегаттары мен тораптарын реттеу;

пневмогидрожүйені жөндеу және баптау;

8) жүк көтеру машиналары - кранасты жолдарды жөндеу, реттеу және нивелирлеу;

9) тиеу-жеткізу машиналары, жерасты дизельді автосамосвалдар - гидравлика жүйесін реттеу;

гидромеханикалық ауыстыру қорабын бөлшектеу, құрастыру;

рычаг механизмін, руль жетегін, стреланы автоматты басқаруды жөндеу;

10) конвейерлердің көтергі және жетекті станцияларының басқару жабдығы мен аппаратурасы - монтаждау және баптау;

11) лентасының ені 2000 миллиметр және одан да жоғары ауыр конвейерлердің, кесектегіштердің, агломерациялық және күйдіру машиналарының, дозаторлардың, шихта материалдарының, ауыр қоректендіргіштердің редукторлары - тісті циндрлі, коникалық және бұрамды ауыспа саңылауларын жөндеу және реттеу;

12) сепараторлар, отырғызба машиналары, қойылтқыштар, вакуум - сүзгілер, вакуумді насостары, флотомашиналар, адамдар мен жүктерді көтеруге арналған лифтілер, қазандықтар мен бу машиналары, бу қыздырғышы бар резонансты және валкалы електер, түтін сорғыштар, шлам насостары - монтаждау, жөндеу, баптау;

13) қатты пайдалы қазбаларға арналған геологиялық барлау ұңғымаларын бұрғылайтын алтыншы - сегізінші сыныпты бұрғылау қондырғылары - жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

14) цилиндрлер, подшипниктер - монтаждау және барлық қосындыларды түпкілікті бекіту;

15) экскаваторлар, үйінді жасағыштар, тасымалдау-үйінді көпірлері - қозғағыштар мен редукторларды орталандыру, теңгермелеу;

гидравликаны жөндеу, барлық жүйені реттеу;

компрессорларды жөндеу және баптау;

16) тіркеме салмағы 25 тонна және одан да жоғары шахта электровоздары - бөлшектеу, жөндеу, техникалық қызмет көрсету.

80-параграф. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, 6-разряд

542. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі машиналардың, тораптар мен механизмдердің, аппаратуралардың, бақылау-өлшеу аспаптарының механикалық бөлігін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

аппаратураны пневмоника және логикалық элементтерді қолдана отырып жөндеу, монтаждау және баптау.

543. Мыналарды:

өздігінен жүретін кен машиналарының агрегаттары мен тораптарының ерекше күрделі жүйелерінің конструктивтік ерекшеліктерін;

өздігінен жүретін кен машиналарының ерекше күрделі жүйелерінің жұмыс режимін белгілеу принципін;

сызбаларды, эскиздерді, кинематикалық схемаларды жасау ережесін;

теориялық механика, пневмоника негіздерін білуге тиіс.

544. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

545. Жұмыс үлгілері:

1) тепловоз тоңазытқыштарын басқару автоматикасы - тексеру, реттеу;

2) гидравликалық жетектермен және автоматты өлшеу құрылғымен жабдықталған вагон төңкергіштер - баптау;

3) агломерациялық және күйдіру машиналары - машинаның және жылу саңылауының қозғалысын реттеу, жетекті және бас радиусты тексеру;

4) өздігінен жүретін тау-кен машиналары, бұрғылау станоктары мен қондырғылары, көтеру машиналары (шығырлар) - агрегаттар мен тораптардың ерекше күрделі жүйелерін, гидропневмоавтоматики жүйелерін жөндеу, баптау, реттеу және кешенді сынау;

аспаптардың жұмысын тексеру;

отын аппаратурасын жөндеу;

5) доңғалақты сепараторлар, отырғызба машиналар - автоматты жүйелерді баптау;

6) тиеу-жеткізу машиналары, жерасты дизельді автосамосвалдар - трансмиссия және гидротрансформатор жүйесін құрастыру және реттеу;

агрегаттар мен тораптарды сынау;

7) скипті және кілетті шахта көтергісінің көтеру машиналары, жолаушылар және жүк лифтілері - жөндеу, сынау және жұмысқа тапсыру;

8) флотация машиналары - импеллерлерді теңгермелеу;

9) тепловоздардың тік өткізгіштері - жөндеу, реттей отырып орнату;

10) центрифугалар, ауа үрлеуіштер - роторларды динамикалық теңгермелеу;

11) тоңазытқыштар, жоғары қысым агрегаттары, сепараторлар, компрессорлар - жөндеу, баптау, реттеу.

81-параграф. Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, 7-разряд

546. Жұмыс сипаттамасы:

машиналардың, тораптар мен механизмдердің, аппаратуралардың, бақылау-өлшеу аспаптарының ерекше күрделі кинематикалық басқару жүйелерін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

ерекше күрделі машиналардың диагностикасы және профилактикасы;

жұмысының параметрлері мен сенімділігін жақсарту мақсатымен жабдықтың қарапайым кинематикалық схемаларына өзгерістер енгізу;

хопер үлгісіндегі вагондардың жүкті түсіру және бекіту механизмінің пневматикалық және механикалық жүйесін түгендеу, жөндеу, сынау және реттеу;

ерекше күрделі, шөмішінің сыйымдылығы әртүрлі экскаваторлардың гидробөлгіштері мен пневмобөлгіштерін монтаждау, бөлшектеу, баптау, опробациялау.

547. Мыналарды:

ерекше күрделі машиналардың, агрегаттардың конструктивтік ерекшеліктерін;

машиналар мен механизмдер жүйелерінің ақауларын диагностикалау және жөндеу жұмыстарын орындау жолдарын;

қарапайым кинематикалық схемаларды жасау тәртібін;

теориялық механика, металдар технологиясы, материалдардың қарсылығы негіздерін білуге тиіс.

548. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

82-параграф. Жару материалдарын таратушы, 3-разряд

549. Жұмыс сипаттамасы:

жару материалдары мен жару заттарын алу, оларды автокөлікке немесе арбаға тиеу, жеткізетін жерге дейін: базистік, карьерлік, жерасты және басқа да таратушы қоймаларға дейін ілесу;

жару материалдары мен жару заттарын түсіру және тапсыру;

құжаттарды ресімдеу;

жару материалдары бөліп салу, сақтау, кептіру, еріту;

жару материалдары мен жару заттарын жарамдылығын анықтау;

патрон таңбалау;

от білтелі шнурды жасау және кесу;

жару материалдары мен жару заттарын беру, қалдықтарын қабылдау;

жарамсыз жару материалдарын сынауға және жоюға қатысу;

жару материалдарының келіп түсуі мен шығысын есепке алу;

көпіршесінің қарсылығы мен тұтастығына қарай электрлі детонаторларды іріктеу;

патрондарды буып-түю, жәшіктер мен пакеттерге салу;

гильзалар мен пакеттерге гидро оқшаулау заттарын сіңіру;

жару материалдары мен жару заттарының олардың қоймаларға келіп түсуіне және жасалған уақытына қарай, кезектілігін бақылау;

шашыраңқы жару заттарын қайталап ұнтақтау үшін бөліп салу;

жару материалдарынан босаған тараны базистік қоймаға қайтару;

тұтату трубкаларын жасау және таңбалау.

550. Мыналарды:

жару материалдары мен жару заттарының үлгілерін мен қасиеттерін;

жару материалдары мен жару заттарын сақтау, беру, сынау және жою, оларды жоғарыға, шахта оқпаны бойынша және қоймаға дейін тасымалдау ережесін;

нитроглицеринді жару материалдарын еріту, аммиакты-селитралық жару материалдарын кептіру, оларды патрондау және нөмірлеу ережесін;

жару материалдары мен жару заттарын есепке алу жүйесі мен тәртібін;

қоймалардың құрылымын;

қоймаларды жарықтандыру және оларды күзету ережесін;

өртсөндіргіш құрылымын және оларды пайдалану ережесін;

жару жұмыстарын жүргізу ережесін білуге тиіс.

Жерасты қоймаларында тәулігіне 1 тоннадан көп және үстіңгі қоймаларда 10 тоннадан көпжару материалдарды беру кезінде - 4-разряд.

83-параграф. Төңкеруші, 2-разряд

551. Жұмыс сипаттамасы:

өнімділігі тәулігіне 2000 тоннаға дейінгі төңкергішті басқару;

төңкергіштік қажетті шекке дейін бұрылуын қадағалау;

тиеулі вагонеткалар мен шәшкелерді төңкергішке беру, оларды бекіту, төңкеру және босағандарын шығару;

тиеулі вагонеткаларды шығырдың көмегімен және қолмен итеріп әкелу және бостарын әкету;

вагонеткаларды қолмен төңкеру;

автоматты режимдегі төңкергіш жұмысын қадағалау;

тарту шығырын қашықтықтан басқару;

тиеулі вагонеткаларды ағыту және оларды бункерлерге беру;

вагонеткаларды тіркеу;

ірі кен кесектерін бункер торшасында жармалау;

бос жыныстар мен бөгде заттарды алу;

жолдар мен бос вагонеткаларды тазалау;

төңкергіш жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

552. Мыналарды:

төңкергіш құрылымын жұмыс принципін және оны басқару тәсілдерін;

қызмет көрсететін учаскенің технологиялық схемасын;

вагонеткаларды төңкергішке бекіту тәсілдерін;

тарту шығыры мен қосу аппаратурасын пайдалану және басқару ережесін;

вагонеткалар мен электровоздардың тіркеу құрылғыларының түрлерін;

оларды тіркеу және ағыту ережесін;

пайдалы қазба түрлерін;

тау-кен массасын вагонеткадан бункерге түсіру тәсілдерін;

жолдар мен тау-кен қазбаларының, стрелкалар мен бұрма айналымдарының бағыты мен орналасуын;

оларды пайдаланудың белгіленген белгілері мен ережесін;

майлау режимі мен қолданылатын майлау материалдарының қасиеттерін;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ақаулардың пайда болу себептерін және оларды жою тәсілдерін;

слесарлық іс, электр техника негіздерін, жабдықты электр желісіне қосу схемасын;

тау-кен массасын түсіру кезінде тозаңдатпау әдістерін білуге тиіс.

Өнімділігі тәулігіне 2000 тонна және одан жоғары төңкергішті басқару кезінде - 3-разряд.

84-параграф. Үйінділердегі түсіруші, 2-разряд

553. Жұмыс сипаттамасы:

жүк тиелген автосамосвалдарды үйіндіде күтіп алу, олардың қозғалысын реттеу;

жынысты, қожды, салма материалды және басқа да өндіріс қалдықтарын көлік құралдарынан түсіру;

үйіндінің үйілуін, оның айналасының соқамен, бульдозермен немесе скрепермен тегістелуін, кондициялық және кондициялық емес пайдалы қазбаның бөлек түсірілуін қадағалау;

үйіндіні өсіру;

қабылдау ыдыстарын жабысқан және қатып қалған тау-кен массасы мен басқа да материалдардан тазарту;

шөміштерден қатып қалған қож бен «козелдерді» түсіру;

жол габариттерін шашылған тау-кен массасынан тазарту, қож құйылған жерді жинау;

экскаваторасты төсемді салуға қатысу;

автосамосвалдардың үйінді үстінде жүрген кездегі маневр қауіпсіздігі мен ескерту белгілерін беру;

жуу аспаптарындағы жұмыс кезінде дренаж арналары мен қоршауларды құру;

шойтастарды қайлалау;

қауіпті жерлерді белгімен қоршау;

жұмыс орны шегіндегі жолдардың жарықтандырылуын қадағалау;

түсіру көлік құралының есебін жүргізу;

автосамосвалдарды түсіруге арналған қажетті құрылғылардың құрылымын;

жылжымалы компрессорды қосу және оның жұмысын қадағалау.

554. Мыналарды:

үйінді жұмыстарын жүргізу және көлік қозғалысы ережесін;

автосамосвалдардың тормозының, қотарып түсіру құрылғысының конструкциясын;

компрессорлардың жұмыс принципін;

жүк түсірілетін автосамосвалдардың жүк көтергіштігін;

үйіндінің профилі мен бағытын;

үйіндідегі көлік жолдарының орналасу схемасын;

пайдалы қазбалардың жыныстан ерекшеленетін сыртқы белгілерін;

электрослесарлық іс негіздерін білуге тиіс.

85-параграф. Үйінділердегі түсіруші, 3-разряд

555. Жұмыс сипаттамасы:

жүк тиелген теміржол құрамдарын қабылдау, олардың түсіру орнына қарай қозғалысын реттеу;

жынысты, қожды, салма материалды және басқа да өндіріс қалдықтарын думпкарлардан, вагондардан, вагонеткалардан, қож шөміштерінен түсіру;

шөміштерді қою және оларды қисайтуға дайындау;

үйіндіні өсіру қадағалау;

теміржол құрамдарын босату басталғаны және аяқталғаны туралы белгі беру;

теміржол габариттерін шашылған тау-кен массасынан тазарту;

үйінді тасылым жолдарды төсеуге, қозғауға, өсіруге және көтеруге қатысу;

тұйықжолдың жұмыс бөлігінің теміржолын ұстау, ағымдағы жөндеу;

рельстен жылжып кеткен составты қоюға қатысу;

люктерді, борттар мен вагон есіктерін жабу және ашу;

қауіпті жерлерді белгімен қоршау;

босатылған вагондардың есебін жүргізу;

думпкарды қотару үшін әуе магистралын қосу.

556. Мыналарды:

үйінді жұмыстарын жүргізу және теміржол көлігі қозғалысы ережесін;

вагондардың, думпкарлардың, тормоздардың, қотарып түсіру құралдары мен компрессорлардың конструкциясын;

босатылатын көлік ыдыстарының жүк көтергіштігін;

думпкар қораптарын босату және бекітудің тәсілдері мен шарттарын;

теміржолдар мен бұрмалардың құрылымы туралы негізгі мәліметтерді;

үйіндідегі көлік жолдарының орналасу схемасын;

теміржол тұйығының рельс жолдарын ұзарту және қозғау тәртібін білуге тиіс.

86-параграф. Тау-кен қазбаларын шабақтаушы, 3-й разряд

557. Жұмыс сипаттамасы:

жару жұмысы өндірісінен кейін тау-кен қазбаларының, борттарының, керпештерінің траншеяларының жай-күйін, жүру бөлімшелерімен жабдықталған тік тау-кен қазбаларын қарау;

еңіс бұрышы 55 градусқа дейінтау-кен қазбаларының бүйірлері мен шатырын ілініп қалған тастар мен тау-кен кесектерінен перфоратордың, уату балғасы мен арнаулы құралдың көмегімен шабақтау;

қазба габариттерінен кен массасын жинау;

қада қағу, оларға сақтандыру арқандарын бекіту;

камералардың жоғарғы кертпешінен ірі кен кесектерін бөлшектеу және түсіру;

уақытша бекітпе орнату;

тау-кен қазбалары бекітпелерінің жай-күйін қадағалау;

қызмет көрсететін жабдық жұмысындағы ұсақ ақауларды анықтау және жою.

558. Мыналарды:

жұмыста қолданылатын перфоратордың, уату балғасы мен арнаулы құрылғылар мен құралдың құрылымын, олармен жұмыс істеу ережесін;

(Жалғасы 25-бетте)

(Жалғасы. Басы 22-24-беттерде)

массивиегі және бұзылған жағдайдағы кен қазбасының негізгі қасиеттерін;

кертпештер мен траншеялардың жол берілетін еңіс бұрыштарын;

қызмет көрсететін учаскеде тау-кен қазбаларын шабақтау жөніндегі жұмысты қауіпсіз жүргізу ережесін, тәсілдері мен жолдарын;

арқан бекітпесін тексеру тәсілдерін.

Еңіс бұрышы 55 градустан артық тау-кен қазбаларының бүйірлері мен шатырын ілініп қалған тастар мен кен кесектерінен арнаулы құралды, сақтандыру белбеуін және басқа да арнаулы құрылғыларды қолдана отырып шабақтау кезінде - 4-разряд;

қолданыстағы магистральдық теміржолдар мен тоннельдерге жақын жерде тау-кен қазбасын құлатумен байланысты жару жұмыстары өндірісінен кейін кен қазбаларын шабақтау кезінде - 5-разряд.

87-параграф. Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электр слесарі, 3-разряд

559. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым машиналардың, тораптар мен механизмдердің, сигнализация және жарықтандыру құралдарының, таратып бөлу, абоненттік кабельді және телефон желілерінің электр бөліктерін монтаждау, бөлшектеу, жерге қосу, жөндеу, опробациялау әне техникалық қызмет көрсету;

электр өткізетін әуе желілерін жөндеу және монтаждау, найзағайдан қорғанысты орнату;

электр өткізетін желілердің тіреулерін орнына ауыстыру; бақылау-өлшеу аспаптарын: амперметрлерді, вольтметрлерді, манометрлерді ауыстыру және желіге қосу;

ток күшін, ауыспалы және тұрақты кернеуі төмен тізбектердегі кернеу күшін өлшеу;

жерге қосу контурларын орнату;

икемді кабельдерді вулканизациялау, жазба түсіру;

аккумулятор батареяларын зарядтау, электролитті толтыру және ауыстыру;

сигналды құрылғыларды ілу, электр шамдарын, электр патрондарды ауыстыру;

автоматтандырылмаған шамханалардағы электротехникалық жабдықты қарау және жөндеу;

төмен кернеулі ауыспалы ток электр қозғалтқыштарын қарау және ағымдағы жөндеу;

ілмектеу жұмыстарын орындау.

560. Мыналарды:

қызмет көрсететін машиналардың, электраппаратурасының нысанын, техникалық сипаттамасын, оларға техникалық қызмет көрсету нормалары мен көлемін;

электротехника, монтаж ісі негіздерін;

төмен вольтті электр қондырғыларының құрылымы мен техникалық пайдалану ережесін;

таратып бөлу құрылғылары мен шағын станциялардың, күштік таратып бөлу желісінің алғашқы коммутация схемаларын;

қызмет көрсететін машиналардың, электраппаратурасын пайдалануға қойылатын техникалық талаптарды;

күштікэлектраппараттарын, күрделі емес металлоконструкциялар мен механизмдерді монтаждау тәртібін;

броньдалған кабельдерді құрғақ дайындамаларын монтаждау нұсқаулығын;

бақылау-өлшеу аспаптары мен құралының нысанын және пайдалану ережесін;

электротехникалық қондырғылардағы жұмысқа жіберу ережесін;

электр тогынан зардап шеккендерге алғашқы көрсету ережесін;

қызмет көрсететін өндірістік бөлімшедегі жабдықтың атауын және орналасуын;

шахтадағы жарық, дыбыстық және басқа да сигнализация жүйелерін және жұмыс істеу принципін;

дыбыстық және басқа да көрінетін сигналдарды қабылдау және беру ережесін;

бирка жүйесі ережесін білуге тиіс.

561. Жұмыс үлгілері:

1) булы-су арматурасы - бақылау-өлшеу аспаптарын: амперметрлерді, вольтметрлерді, манометрлерді ауыстыру және желіге қосу;

2) төмен кернеулі электр жарық беру және белгі желісі арматурасы - аспаптарды, светильниктерді, дыбысты белгі құрылғыларын, рубильниктерді, ажыратқыштарды және тағы басқа монтаждау және орнату;

3) телефон аппараты - жөндеу;

4) електер - электр жабдығын, есептеу аспаптарын орнату;

түгендеу және техникалық қызмет көрсету;

5) жармалаушылар - электр жабдығын орнату және техникалық қызмет көрсету;

6) икемді, броньдалған кабельдер - төсеу, ілу, бекіту, құрғақ дайындау, төмен кернеулі кабельдердің ұштарын пресстеу;

7) компрессорлар - электр жабдығын аппараттарын монтаждау, техникалық қызмет көрсету;

8) ленталы конвейерлер - электр қозғалтқыштарын орнату, ауыстыру және желіге қосу;

9) қырғыш конвейерлер - электр қозғалтқыштарын орнату, ауыстыру және желіге қосу;

10) контакторлар, қосқыштар - контактілерді ауыстыра отырып бөлшектеу және құрастыру;

11) сорғылар - электр қозғалтқыштарын желіге қосу, жерге қосудың дұрыстығын тексеру, техникалық қызмет көрсету;

12) бірінші жармалаудағы қоректендіргіштер- электр жабдығын орнату және техникалық қызмет көрсету;

13) сақтандырғыштар - қайта зарядтау;

14) пм үлгісіндегі қосқыштар -байланыстармен катушкаларды ауыстыра отырып жөндеу;

15) жарықшамдар - жөндеу;

16) бұрғы қондырғылары - электр жабдығына техникалық қызмет көрсету;

17) желдеткіш қондырғылары - электр жабдығына техникалық қызмет көрсету;

18) электр аппараттары мен электр машиналарының шунттары, пышақтары, ұштары мен перемычкалары - дайындау және орнату;

19) жарықтандыру щиттері, рубильниктер мен магнитті қосқыштардың контактілері - жөндеу;

20) төмен вольтті электр жабдықтары - подшипниктерін ауыстыра отырып бөлшектеу, құрастыру, орнату және желіге қосу.

Біліктілігі анағұрлым жоғары жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электр слесарьдің басшылығымен жұмыс орындау кезінде - 2-разряд.

88-параграф. Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электр слесарі, 4-разряд

562. Жұмыс сипаттамасы:

күрделілігі орташа машиналардың, тораптар мен механизмдердің, жоғары вольтті кіші станция жабдығының электр бөліктерін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

электр күштік қондырғыларды жерге қосу және нөлдеу;

электр жабдығының изоляциясын тексеру және жоғары вольтті қозғалтқыштар мен трансформаторларды кептіру;

икемді кабельдер мен конвейер ленталарын жөндеу, дайындау, вулканизациялау;

топтық прожекторлы жарықты жөндеу, қосу муфталарын ауыстыру;

автоматтандырылмаған шамханалардағы электротехникалық жабдықты қарау және жөндеу;

таратып бөлу құрылғыларын, электр қозғалтқыштарының, трансформаторлардың, генераторлардың, тежегіш электромагниттерінің жұмысын қадағалау және бақылау;

қайта құру қондырғыларына, кіші станцияларға, сигнализация, орталықтандыру, рельс транпорт құралдарын бұғаттау және автоматты бағдаршаммен бұғаттау құралдарына техникалық қызмет көрсету;

1000 вольтқадейінгі электр құралдарын сынау;

жөнделген электр машиналарын, аппараттар мен аспаптарды сынау.

563. Мыналарды:

техминимум көлеміндегі электротехниканы;

қызмет көрсететін электр жабдығын монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, сынау және баптау тәсілдері мен ережесін;

электр машиналарының құрылымы мен нысанын;

қосуды реттеу аппаратурасының конструкциясы мен монтаж схемаларын;

жоғары кернеулі токты қосу және алу ережесін;

цехтық таратып бөлу құрылғылары мен кіші станциялардың коммутация схемаларын;

электр қозғалтқыштарының статорлық және роторлық обмоткаларын қосу схемасын;

жөнделген электр машиналарын, аппараттар мен аспаптарды сынауға арналған техникалық шарттарды;

электротехникалық қондырғылардағы жұмыс ережесін;

электр жабдығын баптау және сынамалық қосу нұсқаулығын;

жерасты тау-кен қазбаларында, шахта үстіндегі ғимараттарда, металды өңдеу технологиясын және электрогазбен пісіру жұмыстары өндірісі;

жерасты тау-кен қазбаларында, шахта үстіндегі ғимараттардағы электрогазбен пісіру жұмыстары өндірісі жөніндегі;

жерге қосу құрылғысы жөніндегі;

газды шахталар мен кеніштердегі тұйық орындарда электр энергиясын пайдалану жөніндегі;

шахталық икемді кабельдерді қарау, жөндеу және сынамалау жөніндегі;

жарылыс қаупі жоқ кеніш электр жабдығын қарау және түгендеу жөніндегі нұсқаулықтарды білуге тиіс.

564. Жұмыс үлгілері:

1) қосуды реттеуші аппаратура - бөлшектерін жеткере немесе қалпына келтіре отырып бөлшектеу, құрастыру;

2) жоғары вольтті майлы ажыратқыштар - профилактикалық қарау, жөндеу;

3) електер - электр жабдығын жөндеу;

4) электрлі драгалар - қызмет көрсету, жөндеу және сынау;

5) жармалаушылар - электр жабдығын монтаждау және баптау;

6) икемді, броньдалған, төмен және жоғары вольтті кабельдер - сақина және қосу муфталарын орната отырып жөндеу;

7) ленталы конвейерлер - басқару және дабыл жүйесін жөндеу;

8) қырғыш конвейерлер - басқару және қорғау жүйесін монтаждау және жөндеу;

9) тау-кен машиналары, бұрғы станоктары мен қондырғылары, шығырлар – электр жабдығын монтаждау және тексеру, электр қозғалтқыштарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

10) пластинкалы қоректендіргіштер - теристорлық қайта құрушыларды монтаждау және жөндеу;

11) барлық үлгідегі разрядниктер - жөндеу, сынау;

12) электрлі реакторлар, электрлі машиналардың зәкірі, контролерлері, барлық үлгідегі релелер - бөлшектеу, жекелеген элементтерін ауыстыра отырып жөндеу, монтаждау;

13) ағынды-тасымал жүйелері - технологиялық және резервтік қорғауларды, датчиктерді, храпты тоқтату электромагниттерін, соңғы ажыратқыштардың жұмысын, электрбұғаттау жай-күйін тексеру;

14) автоматты телефон станциялары - жөндеу, баптау және қызмет көрсету;

15) тоққабылдағыштар - жаңаларын құрастыру және түзете отырып жөндеу;

16) электровоздардың тоққабылдағыштары, фазаұлғайтқыштары - алу;

17) трансформаторлар мен таратып бөлу құрылғылары - тексеру;

18) аспирациялық қондырғылар - электронды платалар мен электр жабдығын жөндеу;

19) желдеткіш қондырғылары - электр жабдығын жөндеу және қызмет көрсету;

20) жарықтандыру щиттері, рубильниктер мен магнитті қосу контактілері – жөндеу;

21) экскаваторлар - электр жабдығын монтаждау, бөлшектеу және жөндеу;

22) жоғары вольтті электр қозғағыштар - подшипниктерді, щеткаұстауыштарды, щеткаларды бөлшектеу, құрастыру, ауыстыру, коллекторларды жөндеу.

89-параграф. Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электр слесарі, 5-разряд

565. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі машиналардың, тораптар мен механизмдердің, аппаратураның, бақылау-өлшеу аспаптарының, автоматты қондырғылардың, телемеханика құралдарының электр бөліктерін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

басқару құралдарын монтаждау және жөндеу;

жоғары жиіліктегі телефондау блоктарын монтаждау және баптау;

1000 вольттан жоғары кернеу кезінде электр қорғанысы құралдарын сынау;

жылжымалы және стационарлық қондырғылардың автоматты басқару және реттеу схемаларындағы ақауларды анықтау және жою;

токтың жерге кетуінен қорғаныс аппараттарының белгі беру мерзімін және фидерлік автоматтар мен қосқыштардың ең жоғары ток қорғанысы шамасын тексеру.

566. Мыналарды:

радиотехника, телемеханика, автоматика, радиоэлектроника негіздерін;

автоматика және телемеханика құралдарының құрылымын;

электротехникалық ережелер мен нормаларды;

электромонтаж схемаларын жасау ережесін;

қызмет көрсететін жабдықтың схемасын және оны энергиямен қоректендіру жүйесін;

машиналардың, аппараттардың, аспаптардың электр бөлігінің жұмысындағы ақаулардың себептері мен белгілерін;

кабельдер мен электротехникалық материалдар сыныптамасын;

кабельдердің изоляциясын, сыйымдылығы мен омикалық қарсылығын өлшеу және сынау ережесін;

жөнделген жабдыққа арналған құжаттаманы жасауды;

электр беру желілеріндегі жұмыс өндірісі әдістерін;

электр қорғанысы құралдарын сынау ережесін;

электр қондырғыларында жұмысты қауіпсіз ұйымдастыру және жұмыс істеп тұрған электр қондырғысын қадағалау тәртібі күрделі электр машиналарын, аппараттар мен аспаптарды реттеуге және сынауға арналғантехникалық шарттарды білуге тиіс.

567. Жұмыс үлгілері:

1) механизмдердің жұмыс режимін басқару және бақылау диспетчерлік пультінің аппаратурасы - электроника элементтерін профилактикалық қарау, монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау, техникалық қызмет көрсету;

қосу кабельдерін жөндеу;

басқару схемасын монтаждау және баптау;

2) жылу жеткізгіштің (ыстық су мен будың) жұмсалуын бақылау аппаратурасы - жөндеу, баптау, техникалық қызмет көрсету;

3) қосуды реттеу аппаратурасы - монтаждау, баптау, ыңғайлау;

4) «АСУТП» жүйесі аппаратурасы - жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

5) квазиэлектронды «АТС» - тораптары мен блоктарын монтаждау, ыңғайлау;

6) жоғары жиіліктегі блоктар, передатчиктер мен қабылдағыштар, радиостанциялар мен байланыс радиорелелі аппаратурасы - монтаждау, баптау;

7) жоғары вольтті майлы ажыратқыштар - профилактикалық қарау, жетектерді жөндеу;

трансформатор майын ішінара немесе толық ауыстыра отырып күрделі жөндеу;

8) жоғары вольтті кабельдер - қосу муфталарын орната отырып жөндеу;

9) ленталы конвейерлер - басқару және дабыл жүйесін жөндеу;

10) қырғыш конвейерлер - басқару және қорғау жүйесін монтаждау және жөндеу;

11) тау-кен машиналары, бұрғы станоктары мен қондырғылары, көтеру машиналары - электр жабдығын жөндеу;

12) магнитті қосқыштар - баптау, байланыстарды, катушкаларды ауыстыра отырып жөндеу;

13) электрондық кернеу реттеуіштері, электрондық реле, қорғаныс панельдері - электр параметрлерін қарау, тексеру, жөндеу;

14) трансформаторлар мен таратып бөлу құрылғылары - тексеру, баптау және жөндеу;

15) турбогенераторлар - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру;

16) экскаваторлар, үйінді жасаушылар, тасымал - үйінді көпірлері - электр қозғағыштар мен редукторларды орталандыру, оларды теңгермелеу, монтаждау, жетектердің электр схемаларын баптау;

17) электр қозғалтқыштары, генераторлар, қосалқы электр машиналары, электр өлшеу аспаптары, топтық қайта қосқыштар мен олардың жетектері, контроллерлер мен барлық үлгідегі релелер - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, электр тізбектері қосындыларының дұрыстығын тексеру;

18) кіші электр станциялары мен цех ішілік таратып бөлу желілері, турбокомпрессорлар, басжелдету желдеткіштері, автоматика мен бақылау-өлшеу құралдарымен бір кешенді көтеру, мұздату қондырғылары - бөлшектеу, жөндеу, құрастыру, баптау және техникалық қызмет көрсету.

90-параграф. Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электр слесарі, 6-разряд

568. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі электр машиналары мен аппараттардың, бақылау өлшеу аспаптарының, автоматты жұмыс істейтін қондырғылардың, телемеханика құралдарының күрделі электр бөліктерін монтаждау, бөлшектеу, жөндеу, баптау,опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

электрондық, телемеханикалық, радиорелелі аппаратураның, изотопты реленің, датчиктердің, реттемелі электр жетек жүйелерінің автоматты жүйелерін баптау және сынау;

бақылау, автоматтандыру және қорғаныстың барлық элементтерінің жұмысы мен өзара әрекеттерін опробациялау;

электр схемаларындағы ауыспалы процестерді осциллографирлеу және талдау, осциллограммалар бойынша жүктемені және жылдамдықты анықтау;

жартылай өткізгіш және микроэлектрондық элементтердегі схемаларды құрастыру және тексеру;

функционалдық блоктар мен схемалардың нақты сенімділігін анықтау;

байланыссыз элементтерде жиналған және 1000 вольттан жоғары кернеуге арналған схемаларды монтаждау, баптау және тексеру;

технологиялық жабдықтар мен механизмдерді энергиямен жабдықтау, автоматтандыру және қашықтықтан басқару жүйелеріндегі автоматика мен бақылау-өлшеу аспаптары элементтерін баптау және сынау;

басқару аппараттары мен станцияларының қорғаныс жүйесіндегі электроника элементтерін баптау және сынау;

электр драгаларын жөндеу және сынау, қызмет көрсету;

барлық үлгідегі электр машиналарының зәкірлерін теңгермелеу жүктемесін орната отырып динамикалық теңгермелеу.

569. Мыналарды:

жартылай өткізгіш және микроэлектрондық техникадағы, электрондық және телемеханикалық аппаратура аппараттарының құрылымын;

күрделі жабдықтар мен қондырғылар жұмыс принципінің конструктивтік ерекшеліктерін;

күрделі электр машиналарын, аппараттарын, аспаптар жұмысын реттеу тәсілдері мен ережесін;

электротехниканы, телемеханиканы, радиоэлектониканы жұмыс істеуге қажетті көлемде;

жоғары дәлдіктегі бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын;

барлық үлгідегі электр машиналарының зәкірлерін динамикалық теңгермелеу жолдары мен тәсілдерін;

электр қондырғыларын пайдалану ережесін білуге тиіс.

570. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

571. Жұмыс үлгілері:

1) жоғары вольтті камералардың аппаратурасы - изоляцияның қарсылығын өлшеу және аппараттардың өзара әрекетін тексеру;

2) бу қазандықтарының жұмысын бақылау жөніндегі аппаратура - баптау, сынау;

3) радиоизотопты аппаратура - технологиялық жабдыққа орнату және алу;

ағымдық жөндеу, дозиметриялық, радиометриялық бақылау;

4) «ТМ320» үлгісіндегі телемеханика аппаратурасы-тораптар мен блоктарды монтаждау және ыңғайлау;

5) генераторлар - орнату кезінде орталандыру;

6) өздігінен жүретін кен машиналары, бұрғы станоктары мен қондырғылары - электр жабдығының, автоматиканың, тиристорлық басқару схеманың ерекше күрделі жүйелерін жөндеу, баптау, реттеу және кешенді сынау;

7) автоматика және қашықтықтан басқару аспаптары - реттеу;

8) «АСУТП» жүйесі - телемеханикалық, радиорелелік және квазиэлектронды аппаратура схемаларын баптау және сынау;

9) жылдамдық өлшегіштер, есепшілер, кернеу регуляторлары, барлық үлгідегі электрондық релелер, қорғаныс панельдері - реттеу және сынау;

10) өнеркәсіптік теледидар қондырғылары - реттеу және кешенді сынау;

11) электр шынжырлары – омикалық қарсылығын тексеру;

12) күштік электр қозғалтқыштарын: қосалқы электр машиналары, электр аппараттар мен электр аспаптары – сынау, теңгермелеу, стендіде сынау, сипаттамасын алу;

13) теристорлық және жиілік реттейтін схемалары бар басқару электр жетектері - монтаждау, баптау, тораптары мен блоктарын жөндеу, опробациялау.

91-параграф. Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электр слесарі, 7-разряд

572. Жұмыс сипаттамасы:

электр машиналары мен аппараттардың, автоматты қондырғылардың, телемеханика құралдарының күрделі басқару жүйелерін монтаждау, бөлшектеу, баптау, опробациялау және техникалық қызмет көрсету;

теристорлы қозғыш автоматты электрондық блоктарын, электрондық, телемеханикалық аппаратура жүйелерін, датчиктерді, асинхронды-синхронды реттемелі электр жетегін баптау және сынау;

тізбектер мен аппараттар схемаларын микропроцессорлық техниканы қолдана отырып жөндеу және қызмет көрсету;

бақылау, автоматтандыру және қорғаудың барлық элементтерінің жұмысы мен өзара әрекет етуін опробациялау, оларды жөндеу және баптау;

жетектердің электр схемаларындағы ауыспалы процестерді осциллографирлеу және талдау;

жартылай өткізгіш элементтер мен микросхемалардағысхемаларды құрастыру және тексеру;

аппаратураны микросхемалар мен логикалық элементтерді қолдана отырып монтаждау және баптау;

автоматтандырылған жетектер жүйесіндегі бақылау-өлшеу аспаптарын баптау және сынау;

жабдық сипаттамасын алу, техникалық құжаттаманы жүргізу, формулярларды толтыру.

573. Мыналарды:

қызмет көрсететін аппараттың жартылай өткізгіш техникасындағы, электрондық және телемеханикалық аппаратурасындағы аппараттардың құрылымын;

өздігінен жүретін тау-кен машиналарының агрегаттары мен тораптарының күрделі жүйелерінің конструктивтік ерекшеліктерін;

микросхемалар мен электрондық құрастыру құрылғыларының жұмыс принципін, үлгілерін;

электротехниканы, телемеханиканы, осциллограммаларды түсіру ережесін, жұмысқа қажетті көлемде;

қызмет көрсететін жоғары дәлдікті электрондық-өлшеу аспаптарының құрылымын білуге тиіс.

574. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

575. Жұмыс үлгілері:

1) жылжымалы құрамның жоғары вольтті және төмен вольтті электрондық аппаратурасы - тексеру, ақауларды жою және реттеу;

2) бульдозерлер, жетекпен басқару блоктары - жөндеу, баптау, сынау;

3) автоматтандырылған электр жетегі жүйесіндегі бақылау-өлшеу аспаптары - жөндеу, баптау;

4) сорғы станциясы - электр жетегі теристорлық қозғыш электрондық блоктарын баптау, сынау, жөндеу;

5) шөмішінің сыйымдылығы әртүрлі экскаваторлардың бас электр жетектерін басқару панелдері мен блоктары - бөлшектеу, монтаждау, опробациялау, баптау және сынау;

6) экскаваторлардың синхронды электр қозғалтқыштарын қосу және жұмысын басқару панельдері - бөлшектеу, монтаждау, баптау, осциллограммаларды түсіру және жетектердің электр схемаларындағы ауыспалы процестерді талдау;

7) изоляцияны, ең жоғары ток қорғанысы және нөлдік қорғанысты бақылау аспаптары - баптау, жөндеу;

8) «АСУТП» жүйелері - монтаждау және микросхемалар мен логикалық элементтерді қолдана отырып баптау;

9) турбокомпрессорлар - теристорлық қозғыш автоматты электронды блоктарын баптау және сынау;

(Жалғасы 26-бетте)

(Жалғасы. Басы 22-25-беттерде)

10) электр қозғалтқышы - электр жетекті асинхронды-синхронды реттеуді баптау және сынау.

10-тарау. Тау-кен химиялық шикізатты шығару және байыту жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Мирабилит шығару жөніндегі дренажшы, 3-разряд

576. Жұмыс сипаттамасы:

таза немесе ластанған мирабилитті қолмен немесе жабысқақ балшықпен шығару;

дренажды жыраларды салу, бекіту, тереңдету және кеңейту;

дренажды жыралар еңістерінің жобасын мирабилиттің бетін тегістеу.

577. Мыналарды:

дренаж жыраларын үңгілеу және бекітудің тәсілдері мен ережесін;

мирабилитті шығару тәсілдерін;

таза және ластанған мирабилиттің сыртқы айырмашылық белгілерін білуге тиіс.

2-параграф. Кратцер машинисі, 3-разряд

578. Жұмыс сипаттамасы:

қоймадан бункерге шикізат пен дайын өнімді беру кезінде өнімділігі сағатына 1000 текше метрге дейінгі кратцерді басқару;

қоймада өнімді көшіру;

кратцерді қома бойынша қозғалту және оны жұмыс үшін бекіту;

кратцерді майлау және ұсақ жөндеу.

579. Мыналарды:

шикізат пен дайын өнімді кратцердің көмегімен бункерге беру және бункерлерге тиеуді реттеу;

слесарьлық істің және электротехниканың негіздерін білуге тиіс.

Қоймадан бункерге шикізат пен дайын өнімді беру кезінде өнімділігі сағатына 1000 текше метрден жоғары кратцерді басқару - 4-разряд.

3-параграф. Фрезагрегат машинисі, 4-разряд

580. Жұмыс сипаттамасы:

фрезагрегат көмегімен мирабилиттің бетінен натрия сульфатын жинау;

тракторлық жетекте фрезборон көмегімен мирабилитті алаңның бетін фрезерлеу;

фрезагрегатты күту;

фрезерленген бетінің сапасын бақылау;

фрезагрегат жұмысындағы бұзушылықты жою.

581. Мыналарды:

фрезагрегаттың құрылғысын;

фрезерлеу технологиясын және талаптарды білуге тиіс.

4-параграф. Күкірт шығаратын және сутөкпе ұңғымалардың операторы, 4-разряд

582. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары білікті күкірт шығаратын және сутөкпе ұңғыма операторының басшылығымен қызған судың күкіртті пластадан күкірт пен ласта суларын сору процесін жүргізу;

қызмет көрсететін ұңғымаларды жұмысқа қосу;

технологиялық режимнің параметрлерін және кен пластында жылу тасымалдағыштың бағытталған қозғалысын бақылау;

пластыдағы су қысымына және күкіртті сору дебитіне байланысты жылу тасымалдағышты толтыру, ұңғымаларды қыздыру параметрлерін реттеу;

күкірт шығару ұңғымаларындағы жылу тасымалдағыш шығыстарын және су төкпе ұңғымаларынан сорылатын пласта суларының мөлшерін, олардың температурасын және қысымын өлшеу;

ұсақ жөндеу жүргізу және жапқыш арматура мен қызмет көрсететін жабдықтардың клапандарын реттеу.

583. Мыналарды:

табиғи күкіртті өндірудің технологиялық схемасын;

қызмет көрсететін жабдықтың және бақылау-өлшеу аспаптарының құрылғысын;

технологиялық режимдердің параметрлерін және жүргізілетін процесті реттеу ережесін;

күкіртті және пласт суларын сору кезінде болатын физикалық-химиялық процестер;

пласта суларының химиялық құрамын;

коммуникация схемасын;

күкіртті және пласта суын сору қағидаттарын;

табиғи күкірттің сапасына қойылатын талаптарды білуге тиіс.

5-параграф. Күкірт шығаратын және сутөкпе ұңғымалардың операторы, 5-разряд

584. Жұмыс сипаттамасы:

қызған судың күкіртті пластысынан күкірттің жердің астынан шығуы кезінде су төкпе ұңғымалардан күкіртті және пласталы суды сору процесін жүргізу;

бір ұңғымаларды жабу және басқа су төкпе ұңғымалардан төгу жолымен кен пластындағы жылу тасымалдағыштың бағытталған қозғалысын жасау;

күкіртті және пластылы суларды мәжбүрлеп сору кезінде жылу тасымалдағыштың дұрыс бағытта қозғалуын, су төкпе ұңғымалардың су дебитін реттеу;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды жөндеуге дайындау жөндеу жүргізетін персоналға жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру, жабдықты жөндеуден қабылдау.

585. Мыналарды:

күкірттің жердің астынан шығу процесінің технологиясын;

қызмет көрсететін жабдықтардың және қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылғысын, міндетін;

арматура және коммуникация схемасын;

гидрогеологиялық жағдайға және тиісті ұңғыма бойынша жылы тасымалдағыш қозғалысының динамикасына байланысты күкірттер мен пластылы суды сору режимдерін;

табиғи күкірттің және қолданылатын материалдардың сапасына қойылатын техникалық талаптарды білуге тиіс.

6-параграф. Ұңғыма жұмыстарын реттеуші, 3-разряд

586. Жұмыс сипаттамасы:

резервуарларда тұздықтың болуын қадағалау;

тау-кен иелігі, бұрғылау ұңғымалары мен сутұздыққұбыр коммуникацияларын тексеру және қызмет көрсету;

судың ұңғымаларға бір қалыпты келіп түсуін қамтамасыз ету;

тығыздығы бойынша тұздықтың концентрациялығын тексеру;

тұздықты және су дөңгейжиегінің деңгейін айқындау;

сынамаларды іріктеу;

ұңғымалар мен құбырларды жылылау;

сорғы қондырғыларының жұмысын реттеу және үйлестіру.

587. Мыналарды:

қызмет көрсететін жабдықтардың, ұңғымалар мен тұздықпен жабдықтау коммуникацияларының құрылғысын және міндетін;

резервуарлардағы тұздықтың шекті көлемін;

сорғы қондырғыларының өнімділігін және олардың жұмысын реттеу;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының міндетін және пайдалану ережесінбілуге тиіс.

7-параграф. Ұңғыма жұмыстарын реттеуші, 4-разряд

588. Жұмыс сипаттамасы:

тау-кен иелігіне бекітілген гидроұңғылау әдісімен тасты тұз қыртысын шаю процесін жүргізу;

сорғы қондырғыларына қызмет көрсету;

ұңғымаларға су мен мұнайдың келіп түсуін реттеу;

ұңғымаларды жылылау;

сутұздыққұбырлар мен мұнайқұбырларының жағдайын қадағалау;

сынамаларды іріктеу;

қызмет көрсететін жабдықтардың бұзушылығын анықтау және жою.

589. Мыналарды:

коммуникация схемасын;

қызмет көрсететін жабдықтың құрылғысын;

тұз кенорындарын шаю процесінің физикалық-химиялық негіздерін;

нас қондырғылары мен басқа жабдықтарға қызмет көрсету ережесін;

слесарьлық істі білуге тиіс.

8-параграф. Сульфатшы, 2-разряд

590. Жұмыс сипаттамасы:

мирабилитті жекелеген кесектерде құмның ластанған жұқа қабаттарынан тазалау;

кесекті мирабилитті бөлшектеу және штабел-торына салу;

мирабилиттің жағдайын тексеру және натрий сульфатының дайын болғанын айқындау;

орындалған жұмысты өлшеу және есеп жүргізу.

591. Мыналарды:

натрий сульфатын шығару технологиясын;

мирабилитті сусыздандырудың және сульфатты жинау шарттарын;

натрий сульфатының сапасына қойылатын талаптарды, олардың сапасын сорттары және дайын болған дәрежесі бойынша айқындау ережесін;

мирабилитті штабель-торына салу және оның көлемін өлшеу ережесін білуге тиіс.

9-параграф. Сульфатшы, 3-разряд

592. Жұмыс сипаттамасы:

мирабилитті қорыстар мен жабысқақ балшықтан тазалау;

өндірістік алаңдарды жобалау және сульфат жинау кезінде және маусымның басталуына дейін құмның ластанған жұқа қабаттарынан тазалау;

қолмен тумпакқа немесе үйіндіге домбықтаумен натрий сульфатын жинау;

мираболит шығару және өңдеу процесін басқару.

593. Мыналарды:

натрий сульфатының пайда болу шарттарын;

қазылатын кенорындарының пайдалану ерекшеліктерін;

натрий сульфатын шығару үшін алаңдарды дайындау тәсілдерін және қолданылатын құралдардың құрылғысын;

натрий сульфатын түсірмеу және ластамай жинау ережесін;

мирабилитті бөлшектеудің әдістерін, тәсілдерін және негізгі ерекшеліктерін білуге тиіс.

10-параграф. Мышьяк түсіруші, 3-разряд

594. Жұмыс сипаттамасы:

мышьякты тозаң ұстап қалғыш камералар мен бункерлерден түсіру;

мышьякты қаптарға төгу және таразылау;

қаптарды болат барабандарға салу;

болат барабандардың қақпағын жаншу;

болат барабандарды фанералы барабандарға қою;

барабандарды тасып шығару және шаңсорғышпен өңдеу;

тозаң ұстап қалғыш камералар мен бункерлерді тазарту;

мышьякты түсіру бойынша пневматикалық қондырғыны басқару және оның жұмысын реттеу.

595. Мыналарды:

тозаң ұстап қалғыш камералар мен бункерлердің құрылғысын;

пневматикалық құрылғылардың жұмыс қағидаттарын және оларға қызмет көрсету ережесін;

мышьякты түсіру тәсілдерін;

мышьякты қаптар мен барабандарға тиеу нормаларын;

болат барабандардың қақпақтарын жаншу тәсілдерін;

мышьякты тығындаудың техникалық шарттарын білуге тиіс.

11-тарау. Шымтезек шығару және қайта өңдеу жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Шымтезекті кептіру жөніндегі аппаратшы,4-разряд

596. Жұмыс сипаттамасы:

жылдық өнімділігі 30 мың тоннаға дейінгі шымтезектерді кесектейтін зауыттарда шымтезекті кептірудің технологиялық процесін жүргізу;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша шымтезекті кептіру режимін реттеу;

кесектерді, конденсаттарды кептіру сапасын бақылау;

фрезерлік шымтезекті кептіру үшін беруді реттеу;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою;

пешке отын тиеу;

қосалқы жабдықтарға қызмет көрсету.

597. Мыналарды:

шымтезек кесектейтін зауыттың технологиялық схемасын;

фрезерлік шымтезекті кептірудің және кесектеудің технологиялық процесін;

қолмен және автоматты режимде кептіру кезінде кептіру жабдықтарының, престеу жабдықтарының және шымтезектерді кескілейтін зауыттардың дайындық бөлімшесінің құрылғысын;

шымтезекті кептіру сапасына әсер ететін факторларды;

сумен жабдықтау және оның электр жабдықтарын блоктау тәсімін;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану ережесін;

слесарьлық істі білуге тиіс.

Жылдық өнімділігі 30 мыңнан 60 мың тоннаға дейінгі шымтезектерді кесектейтін зауыттарында шымтезекті кептірудің технологиялық процесін жүргізу кезінде - 5-разряд;

жылдық өнімділігі 60 мың тоннадан артық шымтезектерді кесектейтін зауыттарында шымтезекті кептірудің технологиялық процесін жүргізу кезінде - 6-разряд.

2-параграф. Шымтезек жұмысшысы, 1-разряд

598. Жұмыс сипаттамасы:

қалған кесектерді жағу, жағу ошақтарын жою, суды ұстау үшін уақытша бөгеттер салу, шымтезек сынамаларын жеткізу;

жанар-жағармай материалдарын әкелу, тасу және беру;

қар ұстау үшін құрайды дайындау және карьерге егу;

өндіріс орындарын паспорттау;

теміржол өтпелерін, көпірлерді, қатарларды қардан және мұздақтан тазарту;

шымтезекті түгендеу;

жыраларды тазалау;

суды, жеңіл жүктерді, әртүрлі бөлшектерді және материалдарды жеткізу және тасымалдау;

томарларды жинау;

шымтезек алаңын дайындау және жөндеу кезінде тіркемелі және аспалы механизмдерде жұмыс істеу, механизмдерді тіркеу және ағыту, өртке қарсы агрегаттарға қызмет көрсету;

жабдықтарды күзету;

кент, аула аумақтарын және өндірістік үй-жайларды тазалау.

599. Мыналарды:

кесілген қалдықтарды жағудың ережесін;

тұтануды сөндіру және оқшаулау ережесін;

суқоймалары мен басқа су көздерінің орналасқан жерін;

суды ұстау үшін уақытша бөгеттердің құрылғысын;

жанар-жағармай материалдарын сақтау, беру ережесін;

өртсөндіргіштердің құрылғысын және қолдану ережесін;

карьерлерге ағаш егу тәсімін және ережесін;

шымтезекті түгендеу және алаңды паспорттау бойынша жұмыстарды жүргізу ережесін;

шымтезекті кептіру механизмдерімен жұмыс жасау ережесін;

батпақты дайындау өндірісі және гидротехникалық жұмыстар кезінде қолданылатын механизмдердің (аспалы және тіркемелі) міндетін және жұмыс қағидатынбілуге тиіс.

3-параграф. Шымтезек жұмысшысы, 2-разряд

600. Жұмыс сипаттамасы:

жалпы және карталы арналары арқылы көпірлер салу және жөндеу;

шымтезектің есебін жүргізу, шымтезекке есеп жүргізуде, тиеу және түсіру кезеңді сынамаларды іріктеу;

барлық тәсілдермен шымтезекті шығару, кептіру және жинау кезінде қолданылатын машиналарға қызмет көрсету жөніндегі қосалқы жұмыстарды орындау;

шымтезекті шығару, жинау және тиеу кезінде қолданылатын машиналарға қызмет көрсету кезінде кабельдерді көшіру;

жекелеген бөліктерге (кірпіштерге) қалыпталған шымтезек таспаларын бөлу;

рольгангты реттеу және тазалау.

601. Мыналарды:

жалпы және карталы арналар арқылы көпірлер салуды және жөндеу ережесін;

шымтезек шығаратын агрегаттың жұмыс қағидаттарын;

рольгангты көтеру және түсіру ережесін білуге тиіс.

4-параграф. Шымтезек жұмысшысы, 3-разряд

602. Жұмыс сипаттамасы:

шымтезек массивтерінде томарларды және бұталы өсімдіктерді тамырымен жұлуымен бірге орман ағаштарын құлату, бұтақтарды шабу, дөңгелектеу және жарамды ағаштарды қатарлап салу, жарамды ағаштар мен томарларды айналма және маятникті аралармен кесу;

шпалдарды, лафеттерді, рельстерді тасымалдау және көшіру;

шымтезек шығаратын машиналар үшін рельстер төсеу, бекіту және жолдарды түзету;

арқанды және таспалы конвейерлерге қызмет көрсету, рельстер мен шпалдарды шала өңделген шымтезек үгінділерінен тазарту;

томарларды бір жерге үю;

тақталарды төсеу және қабылдау, шымтезек кірпіштерін төсеу;

забойдағы шымтезек қабатының көлденең жоталарын және бүйір кемерлерін кесу;

троспен және тамыр жұлғыш құрылғылармен забойдан ірі томарларды шығару;

шымтезек шығаратын экскаватор машинисінің басшылығымен сорғы станцияларын, экскаваторды, аралық тіреулерді, конвейерлерді, керу станцияларын, шымтезек шығаратын агрегаттар мен механизмдерді қайта көшіруге, қозғалтуға және орнатуға қатысу;

төсемдердің құрылғысын;

кесекті шымтезекті кептіру (аудару, торларды, торкөздерді қалау және оларды қайта қалау) бойынша жұмыстарды жүргізу;

шымтезектерді қатарлау;

қабырғаларды есептеу және қатарларда желөткізгіштер салу;

бункерлер мен конвейерлерге шымтезекті қолмен тиеу;

агрегаттар өту үшін жолдарда тазалау;

тазалайтын машиналардың соңынан қалдықтарды жинау;

машиналар өту үшін өткелдер салу;

қоймада әртүрлі жүктерді, минералдық компоненттердің қоспаларын тиеу, түсіру, оларды ыдыстарға және ыдыстардан құю;

шикізатты құлатқыш машиналарданемесе гидротасқын әдісімен түсіру және өңдеу;

кесекті лотоктарға қызмет көрсету.

603. Мыналарды:

орман ағаштарын құлату, томарлар мен бұталы өсімдікті тамырымен жұлу жұмыстарын жүргізу ережесін;

жарамды ағаштарды бөлуге және отындарды дайындауға өлшемдер мен сорттарын;

ағаштарды, отындар мен томарларды бөлу және салу ережесін;

ауыр және күрделі машиналарды көтеру, көшіру ережесін;

ауыр машиналарды бекіту, монтаждау және орнату тәсілдерін;

көтергіш-тасымалдағыш әрі такелажды құрылғылардың құрылғысын және оларды орнату тәсілдерін;

ағаш жұмыстары;

шымтезек шығаратын агрегаттың жалпы схемасын және жұмыс қағидаттарын, оның қозғалысы бойынша жұмыстарды жүргізу ережесін;

керу станцияларының, конвейерлердің құрылғысын;

шымтезекті шығарудың, төсеудің, кептірудің, қатарлаудың ережесін және технологиялық схемасын;

желөткізгіштердің құрылғысын;

шымтезекті жинау және қайта өңдеу кезінде қолданылатын механизмдердің жұмыс қағидаттарын;

минералдық компоненттерді пайдалану ережесін;

өртсөндіргіш сумен жабдықтау схемасын білуге тиіс.

5-параграф. Карьершілер, 2-разряд

604. Жұмыс сипаттамасы:

берілген профильге сәйкес карьер қазу;

мұздақты сындыру, қалдықты және минералдық үйінділерді түсіру, карьерді қазу барысында кездесетін томарлар мен ағаш оқпандарын шығару;

пайдаланылатын механизмдерді келесі жұмыс учаскесіне көшіруге қатысу және қажеттігіне қарай олардың жолына тақтайлар төсеу;

шымтезек қабатын кірпішке кесу, оларды тасу және кептіру үшін төсеу.

605. Мыналарды:

шымтезек қабатының сапалы көрсеткіштеріне қарай карьер қазудың негізгі шарттарын және ережесін;

шымтезек массасын кептіру әдістерін;

томарларды тамырымен жұлу және жұмыс барысында кездесетін ағаш оқпандарын шығару әдістерін;

карьерде механизмдерді көшіру ережесін;

пайдаланылатын құралға, жабдыққа, инвентарға қойылатын талаптарды, және оларды қолдану ережесінбілуге тиіс.

6-параграф. Жыра қазушылар, 2-разряд

606. Жұмыс сипаттамасы:

қолмен қазу және жалпы, коллекторлық, су жеткізетін, таулы және ұстаушы арналарды, алғашқы траншеяларды, суды төгуге арналған арналарды, суқоймаларын және шымтезекті және минералды топырақтағы карта жыраларын жөндеу;

жобалау және олардың еңістерін бекіту;

жұмыс процесінде кездесетін томарларды, ағаш оқпандарын шығару.

607. Мыналарды:

топырақтың санатын, олардың қазудың ережесі мен тәсілдерін;

қолмен қазу, арналардың барлық түрін, алғашқы траншеяларды, суқоймаларын жөндеу, олардың еңістерін жобалау және бекіту жөніндегі жұмыс өндірісінің ережесін;

шаблондарды, құралдарды және құралдардың барлық түрін пайдалану ережесі мен тәсілдерін, оларды баптау және жөндеу ережесінбілуге тиіс.

7-параграф. Шымтезек массасын қайнатушы, 4-разряд

608. Жұмыс сипаттамасы:

шымтезек массасын қайнатудың технологиялық процесін жүргізу және реттеу;

келіп түсетін шымтезек шикізаттарының сапасын тексеру;

шымтезек шикізаттарын қоспалауыштарға бөлу;

шымтезек шикізаттарын, суды, буды, эмульсияны оларды шығындау нормаларына сәйкес мөлшерлеу;

шымтезек шикізаттарын дайындау жөніндегі механизмдерді: конвейерлерді, гидроараластырғыштарды, мөлшерлегіштерді, электр қозғалтқыштарды басқару;

олардың жұмысын қадағалау;

қызмет көрсететін жабдықтардың жұмысындағы жекелеген бұзушылықтарды жою.

609. Мыналарды:

келіп түсетін шымтезек шикізатының ботаникалық құрамын, оның ылғалдылығын айқындау әдістемесін;

шымтезек массасының компоненттерін мөлшерлеу ережесін;

қызмет көрсететін механизмдердің құрылғысын және жұмыс қағидаттарын, олардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою тәсілдерін білуге тиіс.

8-параграф. Кесекті шымтезекті шығару және қайта өңдеу жөніндегі машиналардың машинисі, 4-разряд

610. Жұмыс сипаттамасы:

басқа механизмдермен бір кешенде жұмыс істейтін шымтезек шығаратын механизмдерді, шығарылған шымтезекті қалыптастыру және төсеу кезінде сыйымдылығы 9 текше метрге дейінгі кузовы бар төсеу машиналарын, кесекті шымтезекті тасымалдайтын және кептіретін машиналарды басқару;

машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету, олардың жекелеген тораптарын, агрегаттарын реттеу және оларды жұмысқа дайындау;

қызмет көрсететін машиналардың, механизмдердің жұмыс режимін қадағалау, олардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою, жоспарлы-ескерту жөндеу жұмыстарына қатысу.

(Жалғасы 27-бетте)

(Жалғасы. Басы 22-26-беттерде)

611. Мыналарды:

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдердің құрылғысын, техникалық сипаттамасын және пайдалану ережесін;

кесекті шымтезекті шығару және қайта өңдеу, оны кептіру алаңына төсеу, жинау, тасымалдау технологиясын;

кесекті шымтезекті шығару және қайта өңдеу жөніндегі машиналар мен механизмдерді күту және техникалық қызмет көрсету ережесін, олардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою;

олардың жұмыстарына берілген режимдерде жекелеген тораптар мен агрегаттарды реттеу ережесін білуге тиіс.

9-параграф. Кесекті шымтезекті шығару және қайта өңдеу жөніндегі машиналардың машинисі, 5-разряд

612. Жұмыс сипаттамасы:

қатпарлы-қабатты тәсілмен кесекті шымтезекті шығару жөніндегі машиналарды, сыйымдылығы 9 текше метр және одан да артық кузовы бар төсеу машиналарын, шымтезек шығаратын машиналармен бір кешенде жұмыс істейтін механизмдер мен жетектерді, шымтезекті кесектерді жинау және шығару кезінде тасымалдағыш құралдарды басқару;

машиналарға, механизмдерге техникалық қызмет көрсету, оларды реттеу, жұмысқа дайындау, жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою.

613. Мыналарды:

қызмет көрсететін машиналардың, механизмдердің, жетектердің, тасымалдағыш құралдардың конструкциясын, техникалық сипаттамасын, оларды пайдалану, техникалық қызмет көрсету, реттеу, жұмыстағы ақаулар мен бұзушылықтарды жою ережесін және нұсқаулығын;

шымтезекті шығару, қайта өңдеу, төсеу, кептіру, жинау, тасымалдау жөніндегі жұмыстарды жүргізу ережесін;

жанар-жағармай материалдарын шығындау нормаларын білуге тиіс.

10-параграф. Фрезер шымтезегін шығару және қайта өндіру жөніндегі машиналардың машинисі, 4-разряд

614. Жұмыс сипаттамасы:

тракторларды және тіркелгіш жабдықтарды:

фрезер шымтезегін кептіру кезінде қармаушы ені 18 метрге дейінгі құлатқыштарды және қопсытқыштарда;

берілген тереңдікке шымтезек қабаттарын фрезерлеу кезінде қармаушы ені 6 метрге дейінгі фрезбарабандарды;

минералдық компоненттерді тиеу және себу машиналарын басқару;

қызмет көрсететін машиналардың жұмыс механизмін реттеу, тіркегіш жабдықтарды тіркеу ағыту;

басқарылатын тракторларға және тіркелетін жабдықтарға техникалық қызмет көрсету,

олардың жүйелері мен тораптарының дұрыстығын тексеру,

жанар-жағармай және басқа материалдар құю,

жұмыста кездесетін ұсақ бұзушылықтарды жою,

жоспарлы-ескерту жөндеу жұмыстарына қатысу.

615. Мыналарды:

қызмет көрсетілетін тракторлардың, тіркегіш жабдықтардың құрылғысын және техникалық сипаттамасын,

оларды пайдалану жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды;

тракторларды және тіркегіш жабдықтарды басқару кезінде технологиялық жұмыстарды жүргізу ережесін;

минералдық компоненттерді себу нормасын;

шымтезекті кептірудің, шымтезек қабаттарын фрезерлеудің технологиялық жүйесін;

жанар-жағармай шығыстарының нормаларын;

слесарьлық істі білуге тиіс.

11-параграф. Фрезер шымтезегін шығару және қайта өндіру жөніндегі машиналардың машинисі, 5-разряд

616. Жұмыс сипаттамасы:

өздігінен жүретін және пневматикалық құлатқыштарды;

өздігінен жүретін өздігінен түсіретін престерді, тіркелетін және аспалы жабдықтары бар тракторларды;

қармаушы ені 18 метрден артық құлатқыштар мен қопсытқыштарды;

сыйымдылығы 14 текше метрге дейінгі бункері бар жинағыш машиналарды;

шымтезек төсемдерін бумаға престеу жөніндегі машинаны;

тіркелген құлатқыштармен біріккен қармаушы ені 6-дан 9 метрге дейінгі фрезбарабандарды;

қозғалтқыш қуаты 58,9 киловатқа (80 ат күші) дейінгі трактордың көмегімен шымтезекті аммиакты сұйықтықпен байыту жөніндегі машиналарды;

механикаландырылған іріктеу және үйілмелерден шымтезектің сынамаларын орташалау жабдықтарын басқару;

өздігінен жүретін керуенделген машиналарды басқару;

басқарылатын машиналарға, механизмдерге техникалық қызмет көрсету, оларды жұмысқа дайындау;

берілген жұмыс режиміне сәйкес оларды жұмысқа дайындау, жұмыстағы бұзушылықтарды анықтау және жою;

жоспарлау-ескерту жөндеу жұмыстарына қатысу.

617. Мыналарды:

фрезер шымтезегін шығару және өңдеу жөнінде қызмет көрсететін машиналардың құрылғысы мен техникалық сипаттамасын және оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты;

жұмыстың технологиялық схемасын, жұмыстардың циклдық кестесін;

орындалатын жұмыстың сипаттамасына сәйкес фрезер шымтезегін шығару және қайта өңдеу жөніндегі машиналарға қызмет көрсету ережесін;

тіркелетін жабдықтардың шектен тыс жүктемесін;

жиналатын шымтезектің ылғалдылық нормасын;

шымтезектің циклдік жинауға байланысты аммиакты судың берілу нормаларын;

орналастыру схемасын, фрезер шымтезегінің қатарларының өлшемін және олардың арасындағы арақашықтықты білуге тиіс.

12-параграф. Фрезер шымтезегін шығару және қайта өндіру жөніндегі машиналардың машинисі, 6-разряд

618. Жұмыс сипаттамасы:

өздігінен жүретін пневможинағыш комбайндарды;

қайта тиейтін жинағыш машиналарды;

қармаушы ені үлкейтілген фрезер барабаны немесе фрезер-құлатқышы бар құрамды жинағыш машиналарды;

тіркелетін және аспалы жабдықтары бар тракторларды;

пневматикалық жинағыш машиналарды,

сыйымдылығы 14 текше метрден артық бункері бар жинағыш машиналарды;

фрезер-құлатқыштарды, қармаушы ені 9метр және одан артық фрезбарабандарды;

қозғалтқыш күші 58,9 киловаттан (80 ат күші) артық трактордың көмегімен шымтезекті аммиак сұйықтығымен байыту машиналарын басқару;

технологиялық жұмыстарды орындау және орындалатын жұмыстарға сәйкес қызмет көрсететін машиналар мен механизмдерді реттеу.

619. Мыналарды:

фрезер шымтезегін шығару және қайта өңдеу машиналарының конструктивтік ерекшеліктерін және олардың жұмысының технологиялық тәсілін;

тіркелетін жабдықтардың шектен тыс жүктемелерін;

шымтезекті шығару жөнінде технологиялық жұмыстарды орындау тәсілдерін;

қызмет көрсететін машиналардың, механизмдердің және тіркелетін жабдықтардың жұмысындағы бұзушылықтарды анықтау және жою;

трактордың тіркелетін жабдықпен орын ауыстыру ережесін білуге тиіс.

13-параграф. Шымтезек кен орындарын пайдалануға даярлау жөніндегі машиналардың машинисі, 4-разряд

620. Жұмыс сипаттамасы:

шымтезек шығару үшін алаңдарды дайындау, жөндеу және ағымдағы күту бойынша технологиялық операцияларды орындау кезінде өздігінен жүретін машиналарды, тіркелетін және аспалы жабдықтары бар қозғалтқыш күші 44,2 киловатқа (60 ат күші) дейінгі тракторды басқару;

орман ағаштарын, орман бұталары мен бұталы өсімдіктерді құлату;

томарларды тамырымен жұлу;

алаңдарды жобалау және кескіндеу, дренаж төсеу;

томарлар мен ағаштарды үймеге жинау;

орманды жинағаннан (құлатқаннан) кейін үйінділерден ағаштарды қазып шығару;

бұтақтарды шабу, оқпандарды қазу, ағаштар мен томарларды тиеу және түсіру;

жүктер мен материалдарды шығару;

кептіретін желілердің, өрт сөндіруші суқоймаларының жыраларын қазу, тазалау, арналады, жыраларды, траншеяларды, орларды жабу;

аршу жұмыстарын, фрезерлеген бетін бірқалыпты таптаумен шымтезек қабатын тұтастай терең фрезерлеу бойынша жұмыстарды жүргізу;

машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету және реттеу, олардың жұмысындағы бұзушылықтарды жою, жұмыс барысында басқа учаскелерге көшіру.

621. Мыналарды:

өздігінен жүретін машиналардың, тіркелетін және аспалы жабдықтары бар тракторлардың құрылғысын және техникалық сипаттамасын;

шымтезекті шығару үшін алаңдарды дайындау және жөндеу жөніндегі жұмыстардың технологиялық процесін, техникалық шарттарын және схемаларын;

жанар-жағармай материалдарының шығыс нормаларын;

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдерді пайдалану, техникалық күту және алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізу ережесін және нұсқаулығын білуге тиіс.

Өздігінен жүретін машиналарды, тіркемелі және аспалы жабдықтары бар қозғалтқыш қуаты 44,2 киловаттан 58,9 киловатқа (60-дан 80-ге дейін ат күші) дейінгі тракторды басқару кезінде - 5-разряд;

өздігінен жүретін машиналарды, тіркемелі және аспалы жабдықтары бар қозғалтқыш қуаты 58,9 киловаттан (60-дан 80-ге дейін ат күші) артық тракторды;

орманды құлату және оларды үймекке төсейтін комбайнда және ағашты қазу, кесу және тиеу, томарларды жұлу машиналарында жұмыс істеу кезінде - 6-разряд.

14-параграф. Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі, 4-разряд

622. Жұмыс сипаттамасы:

шөміштің жалпы геометриялық сыйымдылығы 1,0 текше метргедейінгі, қайта өңдейтін механизмдері, үздік конвейері, дизелдік қондырғысы бар шымтезек шығаратын көпшөмішті экскаваторды басқару;

шығарылған және қайта өңделген шымтезектерді электртөсегіш машинаға тиеу;

электртөсегіш жұмысын қадағалау;

электртөсегіш машиналардың қозғалысына қатысу: электр кабельді, ажырайтын ажыратқыш пен жерге қосылатын қондырғыларды сөндіру, тасымалдау және іске қосу.

623. Мыналарды:

қызмет көрсететін экскаватордың құрылғысын және оның механизмдерінің кинематикалық схемасын;

электртөсегіш машиналарды тиеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу ережесін;

экскаваторлық жұмыстардың циклдық кестесін;

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдердің, жабдықтардың жұмыс қағидаттарын;

электр слесарьлық істі;

экскаваторды пайдаланудың техникалық шарттарын;

шымтезек қабатын, оның тип мен ылғалдылығына қарай экскавациялау әдісін;

электртөсегіш машинасы бар қызмет көрсететін экскаватордың жұмыс режимін;

машиналарды, механизмдер мен қондырғыларды жыралар, теміржолдар арқылы және электр берілісі желісінің астымен тасымалдау ережелерін білуге тиіс.

15-параграф. Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі, 5-разряд

624. Жұмыс сипаттамасы:

шөміштің жалпы геометриялық сыйымдылығы 1,0-ден 1,5 текше метрге дейінгіжәне дизельдік қондырғысы бар шымтезек шығаратын көпшөмішті экскаваторды басқару;

бункермен бір кешенде және бір электртөсегіш машинасымен немесе екі электртөсегіш машинасымен немесе жабдықталған арқанды тасымалдағышпен жұмыс істейтін экскаватормен белгіленген тереңдіктен шымтезек қабатын қазып шығару;

шымтезекті, қазып шығару, қайта өңдеу және бункерлерге немесе электртөсегіш машиналарға беретін механизмдерді басқару;

шымтезек қабаттарын қазып шығарудың, оны қайта өңдеудің және тиеудің технологиялық процесін жүргізу;

келесі забойды қазу үшін берілген трасса бойынша қызмет көрсететін экскаваторды мерзімдік тасымалдау, басқа жұмыс орнына қайта көшіру.

625. Мыналарды:

барлық типтегі шымтезек шығаратын экскаватор механизмдері жетектерінің құрылғысын және кинематикалық схемасын;

жерге қосылатын құрылғыларды және ажыратқыштарды орнату ережесін;

қазылатын карьердің паспорттық деректерін және шымтезек қабаттарының сапалық көрсеткіштерін;

карьер енінің шымтезек қабатының тереңдігіне, шымтезек таспасының қимасына және төсем тереңдігіне байланысы;

шымтезек қабатының көрсеткішіне: типі, тереңдігіне, ажырау дәрежесіне және шымтезектің ылғалдылығына қарай экскавациялау өнімділігі;

шымтезек қабаттарын қайта кептіру дәрежесіне қарай қосылатын судың мөлшерінбілуге тиіс.

16-параграф. Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі, 6-разряд

626. Жұмыс сипаттамасы:

электртөсегіш машиналарымен бір кешенде жұмыс істеу кезінде шөміштің жалпы геометриялық сыйымдылығы 1,5 текше метр және оданкөп артық әрі дизелдік қондырғысы бар шымтезек шығаратын көпшөмішті экскаваторды басқару;

берілген тереңдікке шымтезек қабаттарын экскавациялау;

келесі забойды қазу үшін берілген трасса бойынша қызмет көрсететін экскаваторды мерзімдік тасымалдау, басқа карьерге қайта көшіру;

жерге қосылатын құрылғыларды және ажырайтын ажыратқыштарды көшіру және орнату.

627. Мыналарды:

әртүрлі типті шымтезек шығаратын экскаваторлар мен оның механизмдерінің конструктивтік ерекшеліктерін;

шөміштің қозғалу жылдамдығы мен экскаватордың қозғалу ұзындығы бойынша экскаватор жұмысының оңтайлы режимдерін;

қабаттардың барынша тереңдігінен ортасы және төселетін шымтезек таспаларының мөлшері бойынша карьердің тиімді енін айқындаудың ережесін және тәсілдерін;

қабатты оның типіне, тереңдігіне, ылғалдылығына қарай экскавациялау әдісін білуге тиіс.

17-параграф. Шымтезек плиталарын престеуші, 4-разряд

628. Жұмыс сипаттамасы:

гидравликалық престе шымтезек массасын престеу процесіне қатысу;

шымтезектің бетіне балқытылған битумның қабатын жағу;

жабыстыру үшін дайындалған шымтезек плиталарын гидравликалық пресс үстеліне қою;

гидравликалық прессті қосу және сөндіру;

жабыстырылған шымтезек плиталарын рольганг бойынша аралау станогына беру;

шымтезек плиталарын аралау;

желдеткішті қосу және сөндіру;

қызмет көрсететін жабдықтарды тазалау.

629. Мыналарды:

шымтезек массасын престеудің негізгі технологияларын;

шымтезек плиталарын жабыстырудың технологиялық процессін;

қолданылатын құралдың міндетін;

қызмет көрсететін престердің, желдеткіш қондырғылардың құрылғысын білуге тиіс.

18-параграф. Шымтезек плиталарын престеуші, 5-разряд

630. Жұмыс сипаттамасы:

престеу ережесі мен режимін сақтай отырып, гидравликалық престе шымтезек массасын престеу;

пресс-қалыптарды шымтезек массасымен толтыру, оны мөлшерлеу және тегістеу, толтырылған пресс-қалыптарды штамп арқылы гидравликалық престерге беру;

шымтезек плиталарын табандықтарға түсіру және оларды кептіру вагонеткаларына немесе платформаларға тиеу;

қалыпталған шымтезек плиталарының ылғалдылығын қарап айқындау.

631. Мыналарды:

шымтезек плиталарының технологиялық шикізат құрамын;

шымтезек массасының ылғалдылығын және біркелкілігін айқындау әдісін;

престеу кезінде қажетті қысым шамасын;

престеу бөлімшесіндегі жабдықтардың құрылғысын;

қызмет көрсететін жабдықтардың бұзушылықтарын анықтау және жою;

слесарьлық істібілуге тиіс.

19-параграф. Түбір жұлушы, 2-разряд

632. Жұмыс сипаттамасы:

томарларды қолмен және қарапайым құрылғылардың көмегімен жұлу;

орман ағаштарын құлату және бұталы өсімдіктерді жұлу;

бұтақтар мен тамырларды шабу;

ағаштарды сорттары бойынша бөлу;

жарамды және отын ағаштарын қатарға жинау;

томарлар мен бұтақтарды бір жерге үю.

633. Мыналарды

орман ағаштарын құлату, томарларды және бұталы өсімдіктерді тамырымен жұлу жұмыстарын жүргізудің ережесін;

жарамды және отын ағаштарын бөлу үшін өлшемдері мен сорттарын;

ағаштарды қатарлар жинау және бұтақтар мен томарларды бір жерге үюдің тәртібін;

қолданылатын құрылғыларды, жабдықтарды, құралдарды пайдалану ережесін және тәсілдерін білуге тиіс.

12-тарау. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

634. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші (4-шығарылымы) БТБА-ға 1-қосымшада көрсетілген.

635. 2012 жылғы басып шығарылған,БТБА (4-шығарылымы) бұрын қолданыста болған бойынша атаулары көрсетілген, БТБА-ның осы бөлімінде көзделген жұмысшылар кәсіптері атауларының тізбесі (4-шығарылымы) БТБА-ға 2-қосымшада келтірілген.

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының (4-шығарылым) 1-қосымшасы

Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

Р/с №	Кәсіптердің атауы	Разрядтар диапазоны	Беті
1	2	3	4
«Арнайы мақсаттағы метрополитендер, туннельдер жәнежерасты ғимараттарының құрылысы»бөлім			
1.	Көтеру-жылжыту тас төсегіштерінің машинисі	5	4
2.	Топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғыларының машинисі	4-6	4
3.	Тау-кен жабдықтарының монтажшысы	3-6	6
4.	Оқшаулаушы	3-5	9
5.	Үстірт жұмыстардағы үңгілеуші	2-6	12
6.	Үңгілеудегі электр слесарі	3-6	16
7.	Жерасты үңгілеу жабдықтарының электр слесарі - монтажшысы	3-6	19
«Байыту, агломерациялау, кесекшелеу (жалпы кәсіптері)»бөлім			
8.	Кесекшелерді булаудағы автоклавшы	3	23
9.	Кесекше қоспасын дайындау аппаратшысы	4-5	24
10.	Қойылтқыш аппаратшысы	3	25
11.	Байыту өнімін бақылаушы	2	26
12.	Дозалаушы	2	27
13.	Електеуші	2	28
14.	Реагенттерді ерітуші	3	29
15.	Жармалаушы	2-6	30
16.	Лентадағы жинаушы	1	32
17.	Кептіруші	2-3	33
18.	Концентраттаушы	2-5	35
19.	Күйдіруші	3-5	35
20.	Диірмен машинисі	3	38
21.	Жуу машиналарының машинисі	2-4	40
22.	Кен орталау машинасының машинисі	4-6	42
23.	Кесекше пресінің машинисі	1-4	42
24.	Қоректендіргіш машинисі	2	44
25.	Басқару пультінің операторы	2-5	45
26.	Қалдық шаруашылығын реттеуші	2	47
27.	Сепараторшы	3	48
28.	Сұрыптаушы	1	50
29.	Сүзгіші	2-3	51
30.	Тиеуші	1	53
31.	Тозаң түсіруші	2	53
32.	Флотатор	4	54
33.	Центрифугалаушы	2-4	55
34.	Шламдаушы-бассейнші	2-4	57
«Кен және алтын араласқан пайдалы қазбаларды шығару және байыту» бөлімі			
35.	Құрамында алтын бар кендерді байыту аппаратшысы	2-4	58
36.	Қымбат өнімдерді бақылаушы	3-4	61
37.	Драгашы	4-6	62
38.	Құрамында алмазы бар концентраттарды жеткеруші	3-4	64
39.	Жеткеруші	3-4	65
40.	Алтын араласқан кен орындарының тау-кен жұмысшысы	2-4	67
41.	Гидромыс қондырғыларын цемент тектендірушісі	2	71
42.	Қашауға май құюшы	4	71
43.	Драга матросы	1	72
44.	Драга машинисі	3-6	72
45.	Металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың моторисі	2-4	75
46.	Сульфидті кенді байыту учаскесінің әмбебап операторы	3-6	76
47.	Тау-кен техникасының әмбебап операторы	5-8	78
48.	Шағын литражды драгалардың пробуторшысы	2	83
49.	Шлихтаушы	2	83
50.	Шлюздеуші	2	84
«Кендерді агломерациялау» бөлім			
51.	Агломератшы	3-6	84
52.	Түйіршіктегіш машинаны баптаушы	5	88
53.	Елекші-көсеуші	2	88
54.	Агломерация мен күйдіру жұмысындағы көрікші	4	89
55.	Араластырғыш машинисі	2	89
56.	Араластырғыш барабанның машинисі	2	90
57.	Ауыспалы науаның машинисі	2	91
58.	Салқындатқыш машинисі	2	91

(Жалғасы 28-бетте)

(Жалғасы. Басы 22-27-беттерде)

59.	Түйіршіктегіш машинисі	4-5	92
60.	Шекемтасты опалағыш машинисі	3	93
61.	Ыстық қайтарымды мөлшерлеуші	4	93
62.	Құдықпештер мен пештерді тиеуші-түсіруші	2	93
63.	Ыстық агломератты түсіруші	3	94
«Жұмысшы кәсіптерінің көмір және сланец өндіру және байыту, көмір және сланец шахталары мен разрездерінің құрылысы»бөлім			
64.	Көмір байыту аппаратшысы	2-5	95
65.	Көмір қабылдауды бақылаушы	2	96
66.	Тау – кен қазбаларын жөндеу жөніндегі кен жұмысшысы	2-5	97
67.	Өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі кен жұмысшысы	3-4	100
68.	Разрездің тау-кен жұмысшысы	2-3	102
69.	Байыту және кесекшелеу қондырғыларының машинисі	1-5	104
70.	Жерасты қондырғыларының машинисі	2-4	106
71.	Жер соратын қондырғының машинисі	2-5	108
72.	Жерасты тау-кен монтажшысы	3-5	109
73.	Жол-көлік машиналарының машинисі	2-6	113
74.	Кептіргіш қондырғы машинисі	3	114
75.	Сұрыптау машинисі	2	115
76.	Сүрлемдерге және көмір мұнараларына қызмет көрсету жөніндегі машинисі	2	115
77.	Ұнтақтау - тиегіш агрегаттың машинисі	5	115
78.	Шахта оқпандарын тұтас қимамен бұрғылау қондырғысының машинисі	6	116
79.	Шой балғаларын ұрушы	6	117
80.	Жерасты электр слесарі	3-5	118
«Қоңыр көмір мен озокерит кендерін қайта өңдеу»бөлімі			
81.	Озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысы	3-6	121
82.	Реагент өндірісінің аппаратшысы	4-5	125
83.	Тау балауызы өндірісінің аппаратшысы	3-6	126
84.	Құйғыш машина машинисі	4	130
«Құрылыс материалдарын шығару және байыту» бөлім			
85.	Графит байытушы	3-4	131
86.	Суспензияны бақылаушы	2	131
87.	Реактивті суды дайындаушы	2	132
88.	Слюда дайындаушы	1-3	132
89.	Плиталар мен блоктарды жарушы	5	134
90.	Асбест байыту өндірісінің зертханашысы	3	134
91.	Забойшы	4	135
92.	Траншеяларды кесуші	3	136
93.	Асбест пен кенді қабылдаушы	2	136
94.	Саз балшық кесетін машинаның машинисі	4	136
95.	Слюда іріктеу қондырғысының машинисі	3-4	137
96.	Тас кесетін машинаның машинисі	4-5	138
97.	Асбест байыту жабдықтарын реттеуші	4-6	139
98.	Тасты таңдаушы-төсеуші	3	141
99.	Термокесуші	4	141
100.	Үйіндіні ұнтақтаушы	3	142
«Тау-кен және тау-кен-күрделі жұмыстарға(жалпы кәсіптері)» бөлім			
101.	Бекітуші	3-5	142
102.	Шпурларды бұрғылаушы	1-7	145
103.	Әуе-арқан жолының вагонетшісі	2	147
104.	Гидромониторшы	3-5	147
105.	Жарушы	4-6	150
106.	Бекіту материалдарын шахтаға жеткізуші	3	154
107.	Геологиялық жұмыстардағы тау-кен жұмысшысы	1-3	155
108.	Жерасты тау-кен жұмысшысы	1-4	157
109.	Жол жұмысшысы	2-4	165
110.	Тау-кен жұмысшысы	1-3	168
111.	Көшкінге қарсы қорғау жұмысшысы	2-3	171
112.	Маркшейдерлік жұмыстардағы тау-кен жұмысшысы	1-4	173
113.	Тазарту забойының тау-кен жұмысшысы	5-6	176
114.	Экскаваторлар, үйінді көпірлері мен үйінді жасаушылар жанындағы тау-кен жұмысшысы	2	179
115.	Бұрғыға май құюшы-ұста	4	180
116.	Лампашы	2	180
117.	Люкші	2-6	181
118.	Әуе-арқан жолының машинисі	3	183
119.	Бульдозер машинисі	3	183
120.	Бұрғы қондырғысының машинисі	1-6	185
121.	Вибротиеу қондырғысының машинисі	4-5	188
122.	Гидросалманы араластыру қондырғысының машинисі	3	189
123.	Еріту қондырғысының машинисі	2-3	190
124.	Жол қозғағыш машинисі	4-5	191
125.	Тау-кен жуып тазалау машиналарының машинисі	5-6	192
126.	Тау-кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысының машинисі	4-5	194
127.	Конвейер машинисі	2-5	195
128.	Көлік құралдарын өңдеу қондырғысының машинисі	3	197
129.	Өздігінен жүретін жерасты машиналардың машинисі	4	197
130.	Өздігінен жүретін кабельжылжытқыш машинисі	3	199
131.	Үңгілеу кешенінің машинисі	4-6	200
132.	Реактивті қондырғы машинисі	5	202
133.	Скрепер машинисі	3	203
134.	Скреперлік шығыр машинисі	3	204
135.	Сынама алу машинасының машинисі	5	205
136.	Тиеу-жеткізу машинасының машинисі	4-5	206
137.	Тиеу машинасының машинисі	4-6	208
138.	Үйінді жасаушы машинисі	4	208
139.	Үйінді көпір машинисі	5	210
140.	Үйінді соқасының машинисі	3	211
141.	Шахта электровозының машинисі	3	211
142.	Экскаватор машинисі	4	213
143.	Желдеткіш қондырғысының моторшысы	1	216
144.	Оқпаншы	2	217
145.	Пайдалы қазбаны геофизикалық опробациялау операторы	4-5	218
146.	Газ өлшеуші	1	220
147.	Үңгілеуші	5-6	221
148.	Тау баурайларын үңгілеуші	3-6	225
149.	Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь	3-7	228
150.	Жару материалдарын таратушы	3	236
151.	Төңкеруші	2	237
152.	Үйінділердегі түсіруші	2-3	238
153.	Тау-кен қазбаларын шабақтаушы	3	239
154.	Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электр слесарі	3-7	240
«Тау-кен химиялық шикізатты шығару және байыту» бөлім			
155.	Мирабилит шығару жөніндегі дренажшы	3	250
156.	Кратцер машинисі	3-4	250
157.	Фрезагрегат машинисі	4	250
158.	Күкірт шығаратын және сутөкпе ұңғымалардың операторы	4-5	251
159.	Ұңғыма жұмыстарын реттеуші	3-4	252
160.	Сульфатшы	2-3	253
161.	Мышьяк түсіруші	3	254
«Шымтезек шығару және қайта өңдеу» бөлім			
162.	Шымтезекті кептіру жөніндегі аппаратшы	4	255
163.	Шымтезек жұмысшысы	1-3	255
164.	Карьершілер	2	258
165.	Жыра қазушылар	2	259
166.	Шымтезек массасын қайнатушы	4	259
167.	Кесекті шымтезекті шығару және қайта өңдеу жөніндегі машиналардың машинисі	4-5	260
168.	Фрезер шымтезегін шығару және қайта өңдіру жөніндегі машиналардың машинисі	4-6	261
169.	Шымтезек кен орындарын пайдалануға даярлау жөніндегі машиналардың машинисі	4	263
170.	Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі	4-6	264
171.	Шымтезек плиталарын престеуші	4-5	266
172.	Түбір жұлушы	2	267

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының (4-шығарылым) 2-қосымшасы

2012 жылғы басып шығарылған (4-шығарылымы) БТБА-ның бұрын қолданыста болған атаулары көрсетілген, БТБА-ның осы бөлімінде көзделген жұмысшылар кәсіптері атауларының тізбесі

Р/с №	Осы бөлімде орналастырылған жұмысшылардың кәсіптерінің атаулары	Разрядтар диапазоны	Р/с №	2012 жылғы басып шығарылған (4-шығарылым) БТБА-ның қолданыстағы бойынша кәсіптердің атаулары	Разрядтар диапазоны
1	2	3	4	5	6
«Арнайы мақсаттағы метрополитендер, туннельдер және жерасты ғимараттарының құрылысы» бөлім					
1.	Көтеру-жылжыту тас төсегіштерінің машинисі	5	1.	Көтеру-жылжыту тас төсегіштерінің машинисі	5
2.	Топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғыларының машинисі	4-6	2.	Топырақты мұздату жөніндегі тоңазытқыш қондырғыларының машинисі	4-6
3.	Тау-кен жабдықтарының монтажшысы	3-6	3.	Тау-кен жабдықтарының монтажшысы	3-6
4.	Оқшаулаушы	3-5	4.	Оқшаулаушы	3-5
5.	Үстірт жұмыстардағы үңгілеуші	2-6	5.	Үстірт жұмыстардағы үңгілеуші	2-6
6.	Үңгілеудегі электр слесарі	3-6	6.	Үңгілеудегі электр слесарі	3-6
7.	Жер асты үңгілеу жабдықтарының электр слесарі - монтажшысы	3-6	7.	Жер асты үңгілеу жабдықтарының электр слесарі - монтажшысы	3-6
«Байыту, агломерациялау, кесекшелеу (жалпы кәсіптері)» бөлім					
1.	Кесекшелерді булаудағы автоклавшы	3	1.	Кесекшелерді булаудағы автоклавшы	3
2.	Кесекше қоспасын дайындау аппаратшысы	4-5	2.	Кесекше қоспасын дайындау аппаратшысы	4-5
3.	Қойылтқыш аппаратшысы	3	3.	Қойылтқыш аппаратшысы	3
4.	Байыту өнімін бақылаушы	2	4.	Байыту өнімін бақылаушы	2
5.	Дозалаушы	2	5.	Дозалаушы	2
6.	Електеуші	2	6.	Електеуші	2
7.	Реагенттерді ерітуші	3	7.	Реагенттерді ерітуші	3
8.	Жармалаушы	2-6	8.	Жармалаушы	2-6
9.	Лентадағы жинаушы	1	9.	Лентадағы жинаушы	1
10.	Кептіруші	2-3	10.	Кептіруші	2-3
11.	Концентраттаушы	2-5	11.	Концентраттаушы	2-5
12.	Күйдіруші	3-5	12.	Күйдіруші	3-5
13.	Диірмен машинисі	3	13.	Диірмен машинисі	3
14.	Жуу машиналарының машинисі	2-4	14.	Жуу машиналарының машинисі	2-4
15.	Кен орталау машинасының машинисі	4-6	15.	Кен орталау машинасының машинисі	4-6
16.	Кесекше пресінің машинисі	1-4	16.	Кесекше пресінің машинисі	1-4
17.	Қоректендіргіш машинисі	3	17.	Қоректендіргіш машинисі	3
18.	Басқару пультінің операторы	2-5	18.	Басқару пультінің операторы	2-5
19.	Қалдық шаруашылығын реттеуші	2	19.	Қалдық шаруашылығын реттеуші	2
20.	Сепараторшы	3	20.	Сепараторшы	3
21.	Сұрыптаушы	1	21.	Сұрыптаушы	1
22.	Сүзгіші	2-3	22.	Сүзгіші	2-3
23.	Тиеуші	1	23.	Тиеуші	1
24.	Тозаң түсіруші	2	24.	Тозаң түсіруші	2
25.	Флотатор	4	25.	Флотатор	4
26.	Центрифугалаушы	2-4	26.	Центрифугалаушы	2-4
27.	Шламдаушы-бассейнші	2-4	27.	Шламдаушы-бассейнші	2-4
«Кен және алтын араласқан пайдалы қазбаларды шығару және байыту» бөлімі					
1.	Құрамында алтын бар кендерді байыту аппаратшысы	2-4	1.	Құрамында алтын бар кендерді байыту аппаратшысы	2-4
2.	Қымбат өнімдерді бақылаушы	3-4	2.	Қымбат өнімдерді бақылаушы	3-4
3.	Драгашы	4-6	3.	Драгашы	4-6
4.	Құрамында алмазы бар концентраттарды жеткеруші	3-4	4.	Құрамында алмазы бар концентраттарды жеткеруші	3-4
5.	Жеткеруші	3-4	5.	Жеткеруші	3-4
6.	Алтын араласқан кен орындарының тау-кен жұмысшысы	2-4	6.	Алтын араласқан кен орындарының тау-кен жұмысшысы	2-4
7.	Гидромыс қондырғыларын цемент тектендірушісі	2	7.	Гидромыс қондырғыларын цемент тектендірушісі	2
8.	Қашауға май құюшы	4	8.	Қашауға май құюшы	4
9.	Драга матросы	1	9.	Драга матросы	1
10.	Драга машинисі	3-6	10.	Драга машинисі	3-6
11.	Металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың моторисі	2-4	11.	Металды алу жөніндегі жуғыш аспаптардың моторисі	2-4
12.	Сульфидті кенді байыту учаскесінің әмбебап операторы	3-6	12.	Жаңа кәсіп	
13.	Тау-кен техникасының әмбебап операторы	5-8	13.	Жаңа кәсіп	
14.	Шағын литражды драгалардың пробуторшысы	2	14.	Шағын литражды драгалардың пробуторшысы	2
15.	Шлихтаушы	2	15.	Шлихтаушы	2
16.	Шлюздеуші	2	16.	Шлюздеуші	2
«Кендерді агломерациялау» бөлім					
1.	Агломератшы	3-6	1.	Агломератшы	3-6
2.	Түйіршіктегіш машинаны баптаушы	5	2.	Түйіршіктегіш машинаны баптаушы	5
3.	Елекші-көсеуші	2	3.	Елекші-көсеуші	2
4.	Агломерация мен күйдіру жұмысындағы көрікші	4	4.	Агломерация мен күйдіру жұмысындағы көрікші	4
5.	Араластырғыш машинисі	2	5.	Араластырғыш машинисі	2
6.	Араластырғыш барабанның машинисі	2	6.	Араластырғыш барабанның машинисі	2
7.	Ауыспалы науаның машинисі	2	7.	Ауыспалы науаның машинисі	2
8.	Салқындатқыш машинисі	2-4	8.	Салқындатқыш машинисі	2-4
9.	Түйіршіктегіш машинисі	4-5	9.	Түйіршіктегіш машинисі	4-5
10.	Шекемтасты опалағыш машинисі	3	10.	Шекемтасты опалағыш машинисі	3
11.	Ыстыққай тарымды мөлшерлеуші	4	11.	Ыстыққай тарымды мөлшерлеуші	4
12.	Құдықпештер мен пештерді тиеуші-түсіруші	2	12.	Құдықпештер мен пештерді тиеуші-түсіруші	2
13.	Ыстық агломератты түсіруші	3	13.	Ыстық агломератты түсіруші	3
«Жұмыс кәсіптерінің көмір және сланец өндіру және байыту, көмір және сланец шахталары мен разрездерінің құрылысы» бөлім					
1.	Көмір байыту аппаратшысы	2-5	1.	Көмір байыту аппаратшысы	2-5
2.	Көмір қабылдауды бақылаушы	2	2.	Көмір қабылдауды бақылаушы	2
3.	Тау – кен қазбаларын жөндеу жөніндегі кен жұмысшысы	2-5	3.	Тау – кен қазбаларын жөндеу жөніндегі кен жұмысшысы	2-5
4.	Өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі кен жұмысшысы	3-4	4.	Өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі кен жұмысшысы	3-4
5.	Разрездің тау-кен жұмысшысы	2-3	5.	Разрездің тау-кен жұмысшысы	2-3
6.	Байыту және кесекшелеу қондырғыларының машинисі	1-5	6.	Байыту және кесекшелеу қондырғыларының машинисі	1-5
7.	Жерасты қондырғыларының машинисі	2-4	7.	Жерасты қондырғыларының машинисі	2-4
8.	Жер соратын қондырғының машинисі	2-5	8.	Жер соратын қондырғының машинисі	2-5
9.	Жерасты тау-кен монтажшысы	3-5	9.	Жерасты тау-кен монтажшысы	3-5
10.	Жол-көлік машиналарының машинисі	2-6	10.	Жол-көлік машиналарының машинисі	2-6
11.	Кептіргіш қондырғы машинисі	3	11.	Кептіргіш қондырғы машинисі	3
12.	Сұрыптау машинисі	2	12.	Сұрыптау машинисі	2
13.	Сүрлемдерге және көмір мұнараларына қызмет көрсету жөніндегі машинисі	2	13.	Сүрлемдерге және көмір мұнараларына қызмет көрсету жөніндегі машинисі	2
14.	Ұнтақтау-тиегіш агрегаттың машинисі	5	14.	Ұнтақтау-тиегіш агрегаттың машинисі	5
15.	Шахта оқпандарын тұтас қимамен бұрғылау қондырғысының машинисі	6	15.	Шахта оқпандарын тұтас қимамен бұрғылау қондырғысының машинисі	6
16.	Шой балғаларын ұрушы	6	16.	Шой балғаларын ұрушы	6
17.	Жерасты электр слесарі	3-5	17.	Жерасты электр слесарі	3-5
«Қоңыр көмір мен озокерит кендерін қайта өңдеу» бөлім					
1.	Озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысы	3-6	1.	Озокерит және озокерит өнімі өндірісінің аппаратшысы	3-6
2.	Реагент өндірісінің аппаратшысы	4-5	2.	Реагент өндірісінің аппаратшысы	4-5
3.	Тау балауызы өндірісінің аппаратшысы	3-6	3.	Тау балауызы өндірісінің аппаратшысы	3-6
4.	Құйғыш машина машинисі	4	4.	Құйғыш машинама шинисі	4
«Құрылыс материалдарын шығару және байыту» бөлім					
1.	Графит байытушы	3-4	1.	Графит байытушы	3-4
2.	Суспензияны бақылаушы	2	2.	Суспензияны бақылаушы	2
3.	Реактивті суды дайындаушы	2	3.	Реактивті суды дайындаушы	2
4.	Слюда дайындаушы	1-3	4.	Слюда дайындаушы	1-3
5.	Плиталар мен блоктарды жарушы	5	5.	Плиталар мен блоктарды жарушы	5
6.	Асбест байыту өндірісінің зертханашысы	3	6.	Асбест байыту өндірісінің зертханашысы	3
7.	Забойшы	4	7.	Забойшы	4
8.	Траншеяларды кесуші	3	8.	Траншеяларды кесуші	3
9.	Асбест пен кенді қабылдаушы	2	9.	Асбест пен кенді қабылдаушы	2
10.	Саз балшық кесетін машинаның машинисі	4	10.	Саз балшық кесетін машинаның машинисі	4
11.	Слюда іріктеу қондырғысының машинисі	3-4	11.	Слюда іріктеу қондырғысының машинисі	3-4
12.	Таскесетін машинаның машинисі	4-5	12.	Таскесетін машинаның машинисі	4-5
13.	Асбест байыту жабдықтарын реттеуші	4-6	13.	Асбест байыту жабдықтарын реттеуші	4-6
14.	Тасты таңдаушы-төсеуші	3	14.	Тасты таңдаушы-төсеуші	3

(Соңы 29-бетте)

(Соңы. Басы 22-28-беттерде)

15.	Термокесуші	4	15.	Термокесуші	4
16.	Үйіндіні ұнтақтаушы	3	16.	Үйіндіні ұнтақтаушы	3
«Тау-кен және тау-кен-күрделі жұмыстарға (жалпы кәсіптері)» бөлім					
1.	Бекітуші	3-5	1.	Бекітуші	3-5
2.	Шпурларды бұрғылаушы	1-7	2.	Шпурларды бұрғылаушы	1-7
3.	Әуе-арқан жолының вагонетшісі	2	3.	Әуе-арқан жолының вагонетшісі	2
4.	Гидромониторшы	3-5	4.	Гидромониторшы	3-5
5.	Жарушы	4-6	5.	Жарушы	4-6
6.	Бекіту материалдарын шахтаға жеткізуші	3	6.	Бекіту материалдарын шахтаға жеткізуші	3
7.	Геологиялық жұмыстардағы тау-кен жұмысшысы	1-3	7.	Геологиялық жұмыстардағы тау-кен жұмысшысы	1-3
8.	Жерасты кен жұмысшысы	1-4	8.	Жерасты кен жұмысшысы	1-4
9.	Жол жұмысшысы	2-4	9.	Жол жұмысшысы	2-4
10.	Тау-кен жұмысшысы	1-3	10.	Тау-кен жұмысшысы	1-3
11.	Көшкінге қарсы қорғау жұмысшысы	2-3	11.	Көшкінге қарсы қорғау жұмысшысы	2-3
12.	Маркшейдерлік жұмыстардағы тау-кен жұмысшысы	1-4	12.	Маркшейдерлік жұмыстардағы тау-кен жұмысшысы	1-4
13.	Тазарту забойының тау-кен жұмысшысы	5-6	13.	Тазарту забойының тау-кен жұмысшысы	5-6
14.	Экскаваторлар, үйінді көпірлері мен үйінді жасаушылар жанындағы тау-кен жұмысшысы	2	14.	Экскаваторлар, үйінді көпірлері мен үйінді жасаушылар жанындағы тау-кен жұмысшысы	2
15.	Бұрғыға май құюшы-ұста	4	15.	Бұрғыға май құюшы-ұста	4
16.	Лампышы	2	16.	Лампышы	2
17.	Люкші	2-6	17.	Люкші	2-6
18.	Әуе-канат жолының машинисі	3	18.	Әуе-канат жолының машинисі	3
19.	Бульдозер машинисі	3	19.	Бульдозер машинисі	3
20.	Бұрғы қондырғысының машинисі	1-6	20.	Бұрғы қондырғысының машинисі	1-6
21.	Вибротиеу қондырғысының машинисі	4-5	21.	Вибротиеу қондырғысының машинисі	4-5
22.	Гидросалманы араластыру қондырғысының машинисі	3	22.	Гидросалманы араластыру қондырғысының машинисі	3
23.	Еріту қондырғысының машинисі	2-3	23.	Еріту қондырғысының машинисі	2-3
24.	Жолқозғағыш машинисі	4-5	24.	Жолқозғағыш машинисі	4-5
25.	Тау-кен жуып тазалау машиналарының машинисі	5-6	25.	Тау-кен жуып тазалау машиналарының машинисі	5-6
26.	Тау-кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысының машинисі	4-5	26.	Тау-кен массасының шойтастарын бұзу қондырғысының машинисі	4-5
27.	Конвейер машинисі	2-5	27.	Конвейер машинисі	2-5
28.	Көлік құралдарын өңдеу қондырғысының машинисі	3	28.	Көлік құралдарын өңдеу қондырғысының машинисі	3
29.	Өздігінен жүретін жерасты машиналардың машинисі	4	29.	Өздігінен жүретін жерасты машиналардың машинисі	4
30.	Өздігінен жүретін кабель жылжытқыш машинисі	3	30.	Өздігінен жүретін кабель жылжытқыш машинисі	3
31.	Үңгілеу кешенінің машинисі	4-6	31.	Үңгілеу кешенінің машинисі	4-6
32.	Реактивті қондырғы машинисі	5	32.	Реактивті қондырғы машинисі	5
33.	Скрепер машинисі	3	33.	Скрепер машинисі	3
34.	Скреперлік шығыр машинисі	3	34.	Скреперлік шығыр машинисі	3
35.	Сынама алу машинасының машинисі	5	35.	Сынама алу машинасының машинисі	5
36.	Тиеу-жеткізу машинасының машинисі	4-5	36.	Тиеу-жеткізу машинасының машинисі	4-5
37.	Тиеу машинасының машинисі	4-6	37.	Тиеу машинасының машинисі	4-6
38.	Үйінді жасаушы машинисі	4	38.	Үйінді жасаушы машинисі	4
39.	Үйінді көпір машинисі	5	39.	Үйінді көпір машинисі	5
40.	Үйінді соқасының машинисі	3	40.	Үйінді соқасының машинисі	3
41.	Шахта электровозының машинисі	3	41.	Шахта электровозының машинисі	3
42.	Экскаватор машинисі	4	42.	Экскаватор машинисі	4
43.	Желдеткіш қондырғысының моторшысы	1	43.	Желдеткіш қондырғысының моторшысы	1
44.	Оқпаншы	2	44.	Оқпаншы	2
45.	Пайдалы қазбаны геофизикалық опробациялау операторы	4-5	45.	Пайдалы қазбаны геофизикалық опробациялау операторы	4-5
46.	Газ өлшеуші	1	46.	Газ өлшеуші	1
47.	Үңгілеуші	5-6	47.	Үңгілеуші	5-6
48.	Тау баурайларын үңгілеуші	3-6	48.	Тау баурайларын үңгілеуші	3-6
49.	Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь	3-7	49.	Жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь	3-7
50.	Жару материалдарын таратушы	3	50.	Жару материалдарын таратушы	3
51.	Төңкеруші	2	51.	Төңкеруші	2
52.	Үйінділердегі түсіруші	2-3	52.	Үйінділердегі түсіруші	2-3
53.	Тау-кен қазбаларын шабақтаушы	3	53.	Тау-кен қазбаларын шабақтаушы	3
54.	Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электр слесарі	3-7	54.	Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электр слесарі	3-7
«Тау-кен химиялық шикізатты шығару және байыту» бөлім					
1.	Мирабилит шығару жөніндегі дренажшы	3	1.	Мирабилит шығару жөніндегі дренажшы	3
2.	Кратцер машинисі	3	2.	Кратцер машинисі	3
3.	Фрезагрегат машинисі	4	3.	Фрезагрегат машинисі	4
4.	Күкіртшығаратын және сутөкпе ұңғымалардың операторы	4-5	4.	Күкіртшығаратын және сутөкпе ұңғымалардың операторы	4-5
5.	Ұңғыма жұмыстарын реттеуші	3-4	5.	Ұңғыма жұмыстарын реттеуші	3-4
6.	Сульфатшы	2-3	6.	Сульфатшы	2-3
7.	Мышьяк түсіруші	3	7.	Мышья ктүсіруші	3
«Шымтезек шығару және қайта өңдеу» бөлім					
1.	Шымтезекті кептіру жөніндегі аппаратшы	4	1.	Шымтезекті кептіру жөніндегі аппаратшы	4
2.	Шымтезек жұмысшысы	1-3	2.	Шымтезек жұмысшысы	1-3
3.	Карьершілер	2	3.	Карьершілер	2
4.	Жыра қазушылар	2	4.	Жыра қазушылар	2
5.	Шымтезек массасынқ айнатушы	4	5.	Шымтезек массасын қайнатушы	4
6.	Кесекті шымтезекті шығару және қайта өңдеу жөніндегі машиналардың машинисі	4-5	6.	Кесекті шымтезекті шығару және қайта өңдеу жөніндегі машиналардың машинисі	4-5
7.	Фрезер шымтезегін шығару және қайта өңдіру жөніндегі машиналардың машинисі	4-6	7.	Фрезер шымтезегін шығару және қайта өңдіру жөніндегі машиналардың машинисі	4-6
8.	Шымтезек кен орындарын пайдалануға даярлау жөніндегі машиналардың машинисі	4	8.	Шымтезек кен орындарын пайдалануға даярлау жөніндегі машиналардың машинисі	4
9.	Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі	4-6	9.	Шымтезек шығаратын экскаватордың машинисі	4-6
10.	Шымтезек плиталарын престеуші	4-5	10.	Шымтезек плиталарын престеуші	4-5
11.	Түбір жұлушы	2	11.	Түбір жұлушы	2

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18755 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 27 мамыр №88 Нұр-Сұлтан қаласы

«Дәрілік заттарды фармакологиялық қадағалауды және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жанама әсерлерінің мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы №421 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 85-бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Дәрілік заттарды фармакологиялық қадағалауды және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жанама әсерлерінің мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 421 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11485 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидалары бекітілсін.»;

Дәрілік заттарды фармакологиялық қадағалауды және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жанама әсерлерінің мониторингін жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 27 мамырдағы №88 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 421 бұйрығымен бекітілген

Фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Фармакологиялық қадағалау «Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 392 бұйрығымен бекітілген Тиісті фармацевтикалық практикалар стандартының (бұдан әрі – Стандарт) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) ақпараттың болмауы – қауіпсіздік бойынша немесе дәрілік препаратты олар клиникалық тұрғыдан маңызды болып табылуы мүмкін пациенттердің белгілі бір тобында қолдану ерекшеліктері туралы мәліметтердің жеткіліксіздігі;

2) әлеуетті тәуекел – фармакотерапияның, оған қатысты дәрілік препаратпен өзара байланыстың болуына күдіктерге негіздемелер бар, алайда осы өзара байланыс тиісті түрде расталмаған жағымсыз салдары;

3) валидацияланған сигнал – валидацияны орындау және растайтын деректерді бағалау процесінде қолда бар құжаттама жаңа әлеуетті себеп-салдар байланысының немесе күдікті дәрілік препаратты қабылдау және жағымсыз салдардың дамуы арасындағы белгілі өзара байланыстың жаңа аспектілерінің болуын болжау үшін жеткілікті деп белгіленген және сигналды бағалау бойынша одан арғы әрекеттер кешенін іске асыру қажеттілігі айқындалған сигнал;

4) дабыл – дәрілік препараттың әсері мен жағымсыз құбылыстың немесе өзара байланысты жағымсыз құбылыстардың жиынтығы арасында жаңа әлеуетті себеп-салдар байланыстың немесе белгілі өзара байланыстың жаңа аспектісінің болуын болжайтын бір немесе бірнеше көздерден түсетін және дабылды верификациялау мақсатында одан арғы әрекеттерге жеткілікті деп бағаланатын ақпарат;

5) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік орган – дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы реттеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы;

6) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы – дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету бойынша денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – сараптама ұйымы);

7) дәрілік препаратты қолданумен байланысты тәуекелдер – пациенттердің немесе тұрғындардың денсаулығына қатысты дәрілік препараттың сапасымен, қауіпсіздігімен немесе тиімділігімен байланысты кез келген қауіп немесе қоршаған ортаға қолайсыз әсер етуге әкелетін кез келген қауіп;

8) денсаулық жағдайының елеулі нашарлауы – өмір үшін қауіпті ауру, ағзаның қатты зардап шегуі немесе дене бітімінің алдын алуға болмайтын зақымдануы, емдеуге жатқызуды талап ететін жай-күйі немесе емдеуге жатқызылған пациенттің жағдайының күрт төмендеуін болдырмау мақсатында медициналық немесе хирургиялық араласуды талап ететін жағдай, емдеуге жатқызуды талап ететін жай-күйі немесе емдеуге жатқызылған пациенттің стационарда болу мерзімінің елеулі ұлғаюы, шарананың функциясының бұзылуы, оның өлімі, тума біткен аномалия және туу кезінде жарақат;

9) денсаулыққа күрделі қауіп – өмір үшін қауіпті ауруға, ағзаның қатты зардап шегуіне немесе дене бітімінің зақымдануына әкелген немесе әкелуі мүмкін және кезек күттірмейтін медициналық әрекетті талап ететін өмір үшін қауіпті ауру, ағзаның қатты зардап шегуі немесе дене бітімінің қатты зақымдануын болдырмау мақсатында медициналық немесе хирургиялық араласуды талап ететін жағдай кез келген ақау не (немесе) сипаттаманың нашарлауы, немесе медициналық бұйымдағы ілеспе ақпараттың жеткіліксіздігі мен дұрыс еместігі немесе өлімге алып келген немесе алып келетін қолдану нұсқаулығында көрсетілген жағымсыз әсерлер, тұтынушылардың денсаулығына немесе үшінші тұлғаның денсаулығына тигізген зияндары;

10) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) елеулі жағымсыз реакция – өлімге әкелетін немесе өмірге қауіп төндіретін, пациентті емдеуге жатқызуды немесе оны ұзартуды талап ететін, тұрақты немесе еңбекке жарамсыздыққа немесе мүгедектікке, туа біткен аномалияларға немесе даму ақауларына алып келетін, атап көрсетілген жай-күйлердің дамуын болдырмау үшін медициналық араласуды талап ететін, жағымсыз реакция, дәрілік препарат арқылы инфекциялық агентті кез келген аңдаусыз күдікті беру;

12) елеусіз жағымсыз реакция – елеулі жағымсыз реакцияның өлшем-шарттарына сәйкес келмейтін жағымсыз реакция;

13) жағымсыз оқиға – медициналық бұйымды қолданумен байланысты пайдаланушыларда немесе үшінші тұлғаларда кез келген жағымсыз медициналық оқиға, болжанбайтын ауру немесе зақымдану немесе жағымсыз клиникалық белгілер (нормадан өзгеше зертханалық көрсеткіштерді қоса алғанда);

14) жағымсыз реакция – дәрілік (зерттелетін) препаратты қолданумен байланысты организмнің аңдаусыз, жағымсыз реакция ретіндегі күдікті дәрілік (зерттелетін) препаратты қолданудан болуы мүмкін өзара байланыстың жағымсыз реакциясы;

15) жағымсыз реакциялар туралы карта-хабарлама – дәрілік препаратқа бір немесе бірнеше күдікті жағымсыз реакциялар туралы белгіленген нысанға және мазмұнға сәйкес берілетін ақпарат;

16) күтпеген жағымсыз реакция – дәрілік препараттың қолданыстағы жалпы сипаттамасында, дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі бекітілген нұсқаулықта не тіркелмеген дәрілік препаратқа арналған зерттеуші брошюрасындағы ақпаратқа сәйкес келмейтін жағымсыз реакция, сипаты, ауырлық дәрежесі немесе қайтыс болуы;

17) қауіпті барынша азайту қызметі (қауіпті барынша азайту шаралары) – дәрілік препараттың әсеріне байланысты қажетсіз реакциялар туындау ықтималының алдын алуға немесе азайтуға не жағымсыз реакция дамыған жағдайда оның ауырлық деңгейін төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешені;

18) қауіпсіздік бойынша жаңаратын мерзімдік есеп – дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасын бағалау үшін ұсынылатын тіркеуден кейінгі кезеңнің ішінде белгілі бір уақыт кезеңінде дәрілік препараттың тіркеу куәлігін ұстаушының есебі;

19) қауіпсіздікті тіркеуден кейінгі зерттеу – қауіпсіздік қатерінің сипаттамасын немесе сандық бағалауын анықтау, дәрілік препараттың қауіпсіздік бейінін растау немесе қауіптерді басқару бойынша шаралардың тиімділігін бағалауды растау мақсатында жүргізілген тіркелген дәрілік препартқа қатысты зерттеу;

20) қауіпсіздік бойынша проблема – маңызды сәйкестендірілген қауіп, маңызды әлеуетті қауіп немесе маңызды ақпараттың болмауы;

21) қауіпсіздік бейіні – дәрілік заттың «пайда-қауіп» арақатынасын анықтауға мүмкіндік беретін дәрілік затты қолдану көрсеткіштерінің жиыны;

22) қолайсыз оқиға (оқыс оқиға) – медициналық бұйымның кез келген жарамсыздығы және (немесе) сипаттамаларының нашарлауы немесе жұмыс істеуінің бұзылуы немесе медициналық бұйымға ілеспе ақпараттың (құжаттаманың) жеткіліксіздігі не дұрыс еместігі, қолдану жөніндегі нұсқаулықта немесе пайдалану жөніндегі нұсқауда көрсетілмеген, пайдаланушылардың немесе үшінші тұлғалардың өліміне немесе денсаулық жағдайының елеулі нашарлауына тікелей немесе жанама түрде алып келген немесе алып келуі мүмкін жанама әсерлер немесе жағымсыз реакция;

23) медициналық бұйымның қауіпсіздігі бойынша түзету әрекеті – медициналық бұйымды қолдануға байланысты пайдаланушылардың немесе үшінші тұлғалардың өлім қаупін төмендету немесе денсаулық жағдайының күрделі нашарлауы мақсатында медициналық бұйымдарды өндірушінің қабылдаған әрекеті және медициналық бұйымды медициналық бұйымдарды өндірушіге немесе оның уәкілетті өкіліне қайтаруды; медициналық бұйымды модификациялауды (медициналық бұйымның конструкциясындағы медициналық бұйымдарды өндірушінің жүргізген өзгерістеріне сәйкес модернизациялау, қолдану жөніндегі нұсқаулықты өзгерту, медициналық бұйымның бағдарламалық қамтамасыз етуін жаңарту); медициналық бұйымды ауыстыруды; медициналық бұйымды айналыстан алып тастауды; медициналық бұйымды жоюды; егер медициналық бұйым айналыстан алынып тасталса, дегенмен оны пайдалану ықтималдығы бар болса медициналық бұйымды пайдаланушылардың әрекеті туралы хабарлауды қамтиды.

24) медициналық бұйымның қауіпсіздігі бойынша хабарлама – медициналық бұйымның қауіпсіздігі бойынша түзетуші әрекеттерге байланысты медициналық бұйымның айналысы саласындағы субъектілерге медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі жолдаған хабарлама;

25) медициналық бұйымды өндіруші – медициналық бұйымды әзірлеуге және дайындауға жауапты, оны осы тұлға немесе оның атынан басқа тұлға (тұлғалар) әзірлегеніне және (немесе) дайындағанына қарамастан, оны өз атынан пайдалану үшін қолжетімді ететін және оның қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі үшін жауаптылықта болатын, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъект;

26) өндірушінің уәкілетті өкілі – медициналық бұйымдарға қойылатын міндетті талаптарды орындау және медициналық бұйымдардың айналысы мәселелері бойынша жауап беретін және оның мүдделерін білдіретін медициналық бұйымды өндірушінің сенімхаты негізінде уәкілетті дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға;

27) пайдаланушы – медициналық бұйымды өндіруші анықтаған сызба бойынша медициналық бұйымды қолданатын пациент, медициналық маман немесе кез келген басқа жеке тұлға;

28) «пайда-қауіп» арақатынасы – оны қолданумен байланысты қауіптерге қатысты дәрілік препараттың оң терапиялық әсерлерін бағалау (қауіп түсінігі

(Жалғасы 30-бетте)

(Жалғасы. Басы 29-бетте)

пациентің немесе халықтың денсаулығына қатысты дәрілік препараттың сапасымен, қауіпсіздігімен немесе тиімділігімен байланысты кез келген қауіпті қамтиды);

29) сәйкестендіру қаупі – күмәнді дәрілік препаратпен өзара байланысы болуының баламалы дәлелденген фармакотерапияның жағымсыз салдары;

30) себеп-салдарлы байланыс – жалпы қабылданған критерийлер бойынша (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының критерийлері, Наранжа шкаласы, бинарлық әдіс) анықталатын иммундау және дәрілік затты қолданғаннан кейінгі кез келген жағымсыз реакция немесе жағымсыз оқиғаның клиникалық белгілерінің арасындағы өзара байланыс;

31) тәуекелді басқару жоспары – қауіптерді басқару жүйесінің толық сипаттамасы;

32) тіркеу куәлігінің ұстаушысы – оның атына дәрілік препаратқа тіркеу куәлігі берілген заңды тұлға;

33) түзету әрекеті – айқындалған сәйкессіздіктің немесе жағымсыз оқиғаның себептерін жою мақсатында медициналық бұйымдардың өндірушісі қабылдаған әрекет;

34) фармакологиялық қадағалау – дәрілік препараттарды қолданудың жағымсыз әсерлерін анықтауға, талдауға, бағалауға және алдын алуға бағытталған қызмет түрі;

35) фармакологиялық қадағалау жүйесінің инспекциясы - тіркеу куәлігі ұстаушысының фармакологиялық қадағалау жүйесін Қазақстан Республикасының фармакологиялық қадағалаудың тиісті практикасының талаптарына сәйкестікке тексеру рәсімі;

36) фармакологиялық қадағалау жүйесінің мастер-файлы – бір немесе бірнеше тіркелген дәрілік препараттар туралы деректерге қатысты тіркеу куәлігінің ұстаушысы қолданатын фармакологиялық қадағалау жүйесінің толық сипаттамасы.

2-тарау. Фармакологиялық қадағалау жүргізу тәртібі

1-параграф. Дәрілік препартты қолданудың жағымсыз салдарлары туралы хабарламаны анықтау, талдау және бағалау

4. Фармакологиялық қадағалауды жүргізуді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қамтамасыз етеді және дәрілік препараттарды қолданудың жағымсыз салдарларын анықтауға, талдауға, бағалауға және болғызбауға бағытталған.

5. Дәрілік препаратты, соның ішінде вакциналарды қолданудың жағымсыз салдарлары туралы мәліметті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау субьектілері, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы субъектілер, сондай-ақ дәрілік препараттың жағымсыз әсерлері туралы карта-хабарлама түрінде дәрілік заттардың тіркеу куәлігінің ұстаушысы ұсынады (бұдан әрі – карта-хабарлама).

Карта-хабарлама дәрілік препартты қолдану және жағымсыз реакцияларды дамыту арасындағы себеп-салдар байланысын белгілеу үшін талап етілетін ақпарттың міндетті ең төмен көлемінен тұрады.

6. Карта-хабарлама факс, электрондық почта арқылы онлайн режимде (бұдан әрі – портал) сараптама ұйымының интернет-ресурсы немесе қағаз жеткізгіште сараптама ұйымына қолма қол беріледі.

7. Карта-хабарламаларды беру мақсатында уәкілетті ұйымның порталына рұқсат алу үшін:

1) денсаулық сақтау субъектілері дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне мониторинг жүргізуге жауапты тұлғаның деректерін көрсете отырып медициналық ұйымдардың тізбесін береді;

2) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органдардың аумақтық департаменттері дәрілік заттардың жағымсыз реакцияларына мониторинг жүргізуге жауапты тұлғаның деректерін көрсете отырып фармацевтикалық ұйымдардың тізбесін береді;

3) дәрілік заттардың тіркеу куәлігін ұстаушылар Қазақстан Республикасы аумағында фармакологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті және фармакологиялық қадағалау бойынша байланысатын тұлғаның деректерін береді.

8. Қазақстан Республиксының аумағында анықталған жағдайларда карта-хабарламаны ұсыну мерзімдері:

1) елеулі жағымсыз реакциялар – осы туралы белгілі болған кезден бастап 48 сағат ішінде (медициналық мекемелер мен денсаулық сақтау ұйымдары үшін) және ақпаратты алған сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде (ТК ұстаушылары үшін);

2) жағымсыз реакциялар – осы туралы белгілі болған кезден бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

3) клиникалық зерттеулер барысында анықталған зерттелетін дәрілік препаратқа елеулі күтпеген жағымсыз реакциялар (ЕКЖР) – ЕКЖР анықталғаны туралы ақпарат алынған күннен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде, егер ол өлімге әкелсе немесе өміріне қауіп төндіретін жағдайда және қалған ЕКЖР үшін ақпаратты алған күннен бастап күнтізбелік 15 күнге дейінгі мерзімде.

9. Қазақстан Республикасынан тысқары жерде өткен дәрілік препаратқа ЕКЖР жағдайында және науқасты өлімге әкелсе немесе өміріне қауіп төндіретін жағдайда тіркеу куәлігін ұстаушы ақпаратты алған күнінен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде тіркеу куәлігінің ұстаушысы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан тыс анықталған дәрілік затты елеулі күтпеген жағымсыз реакциялардың жағдайлары туралы есеп сараптама ұйымына жіберіледі.

10. Сараптама ұйымы алынған карта-хабарламаларды өңдеу, талдау және бағалау жүргізеді.

11. Қазақстан Республикасының аумағында анықталған жағымсыз реакциялар туралы алынған карта-хабарламаны өңдеген кезде сараптама ұйымы:

1) карта-хабарламаны валидациялауды (міндетті ақпараттың ең төмен көлемінің болуы);

2) карта-хабарламада ақпаратты верификациялауды;

3) қайталанатын карта-хабарламаны анықтауды;

4) сараптама ұйымының электрондық деректер базасында карта-хабарламаны тіркеуді;

5) клиникалық зерттеуді жүргізу процесінде дәрілік препараттың жағымсыз реакцияларын тіркеуді;

6) бастапқы медициналық құжаттаманы, эпидемиологиялық тергеп-қарау картасын, сондай-ақ күдікті дәрілік заттың үлгілерін қамтитын қосымша ақпаратты ұсыну туралы сұрау салуды денсаулық сақтау субъектілеріне және (немесе) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге және (немесе) денсаулық сақтау субъектілеріне, сондай-ақ дәрілік заттарды тіркеу куәлігінің ұстаушыларына жіберуді жүзеге асырады.

12. Карта-хабарламаларды талдау және бағалауды сараптама ұйымы жүргізеді және уақыты бойынша (немесе орны бойынша) дәрілік заттарды қолдану мен жағымсыз реакцияларыдң дамуы арасында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі – ДДҰ) жіктемесіне сәйкес себеп-салдар байланысын белгілеуді көздейді және:

1) карта-хабарлама деректерін талдауды;

2) медициналық ұйымнан, медициналық немесе фармацевтикалық қызметкерден алынған және тіркеу куәлігінің ұстаушысы ұсынған қосымша деректерді талдауды (себеп-салдарлы байланыс туралы ақпарат);

3) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 84-бабының 2-тармағында (бұдан әрі – Кодекс) көзделген тәртіпке сәйкес дәрілік заттардың үлгілерінің сапасы мен қауіпсіздігінің қосымша сараптамасының нәтижелерін бағалауды қамтиды.

13. Елеулі жанама реакциялары туралы карта-хабарлама түскен жағдайда карта-хабарламасын өңдеу сәтінен және валиациялау сәтінен бастап 48 сағат ішінде мемлекеттік органға хабарлайды.

Жағымсыз реакцияны елеулі жағымсыз реакциядан елеусіз жағымсыз реакция санатына көшірген жағдайда сараптама ұйымы тиісті ақпаратты мемлекеттік органға күнтізбелік 15 күн ішінде жібереді.

Егер жанама реакциялары туралы карта-хабарламаны ұсыну мерзімдері ақпаратты алған кезден бастап демалыс немесе мереке күндеріне келсе, ақпарат одан кейінгі жұмыс күнінен кейінгі бірінші күні ұсынылады.

14. Сараптама ұйымы 60 күнтізбелік күн ішінде себеп-салдарлы байланысты бағалауды жүргізеді және мемлекеттік органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттың жағымсыз әсері мен қолдану арасындағы себеп-салдарлы байланысын бағалау бойынша сараптама қорытындысын жібереді.

15. Сараптама ұйымы мемлекеттік органға ай сайын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келіп түскен хабарлама-карталар туралы есепті жібереді.

16. Сараптама ұйымы тіркеу куәлігін ұстаушының ресми сұранысы бойынша жазбаша сұраныста көрсетілген кезеңде дәрілік препаратқа барлық келіп түскен карта-хабарламалар туралы ақпаратты ұсынады.

17. Дәрілік заттың қауіпсіздігімен байланысты сигналды анықтау үшін халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады және тұрақты негізде ғылыми-медициналық әдебиеттердің деректерін жүйелі зерделеуді жүзеге асырады (шетелдік және жергілікті басылымдар), басқа елдердің реттеуші органдарының, ДДҰ сайттарын).

18. Сигналды бағалау және анықтау тиісті сигнал бойынша барлық қолда бар (фармакологиялық, медициналық, эпидемиологиялық) ақпараттың зерттелуін көздейді.

Шолуға қолжетімді ғылыми және клиникалық деректер, оған қоса дәрілік препарат дерекнамасының деректері, медициналық әдебиеттегі мақалалар, тіркеу куәлігі ұстаушыларының және басқа елдердегі регуляторлық органдардың спонтанды хабарламалары мен ақпараттары кіреді. Ақпарат бірнеше дереккөзден алынған жағдайда олардың дәлелдеу деңгейі ескеріледі.

19. Қолда бар барлық ақпаратты верификациялау процесі болжаммен жаңа себеп-салдарлы байланыс немесе белгілі өзара байланыстың жаңа аспектісі туралы растайтын болса сигнал валидацияланған болып есептеледі, демек, одан әрі бағалауға негіз болып табылады.

20. Сигналды бағалау нәтижелері бойынша сараптама ұйымы мемлекеттік органға және тіркеу куәлігінің ұстаушысына ұсынымдық сипаттағы шараларды қамтитын тиісті ақпарат жібереді:

1) адам денсаулығына және (немесе) қоғамдық денсаулық сақтауға әлеуетті қауіп болған жағдайда сигналды бағалау аяқталғанға дейін дәрілік препараттың тіркеу куәлігінің қолданысын тоқтата тұру туралы;

2) егер күдікті жағымсыз реакцияның даму механизмдері жағымсыз реакцияның алдын алу немесе ауырлық дәрежесін төмендету мүмкіндігін көрсетсе қосымша зерттеу немесе қауіптерді барынша азайту шараларын жүргізу туралы;

3) дәрілік препараттың қауіпсіздігі бойынша әлеуетті мәселені (проблемаы) зерделеу мақсатында қауіпсіздікті тіркеуден кейінгі зерттеу жүргізу туралы;

4) жалпы сипаттамаға және медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа қауіпсіздік жөніндегі қосымша ақпаратты енгізу туралы.

21. Тіркеу куәлігін ұстаушының осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген қосымша әрекеттер жүргізу қажеттілігі жағдайында сараптама ұйымы ұсынылған әрекеттерді орындаумерзімі көрсетілген ерікті нысанда тіркеу куәлігінің ұстаушысына хабарлама жібереді.

22. Пациенттер үшін қауіп болмаған жағдайда сараптама ұйымы кейіннен бағалау немесе одан әрі әрекет ету қажеттілігі жоқ екені туралы мемлекеттік органды хабардар етеді.

2-параграф. Дәрілік препаратты қолдануды жағымсыз салдарларын болғызбау

23. Мемлекеттік орган дәрілік заттарды қолданудың жағымсыз салдарын болғызбау мақсатында:

1) денсаулық сақтау субъектілері:

медициналық ұйымдарда дәрілік препараттарды қолданудың жағымсыз салдарларына мониторинг жүргізуге жауапты адамдарды тағайындау;

мониторинг, медициналық құжаттамада тіркеу бойынша стандартты жұмыс рәсімдерін әзірлеу және дәрілік препарттарды жағымсыз салдарлары туралы ақпаратты уақтылы ұсыну;

медициналық ұйымдарда анықталған дәрілік препараттарды қолданудың жағымсыз салдарларының жағдайлары бойынша статистикалық есептілікті жүргізу жолымен жұмысты ұйымдастырады;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға дәрілік препарттарды қолданудың жағымсыз салдарлары туралы есепті ұсыну;

2) Қазақстан Республикасының аумағында айналыстағы дәрілік препарттың тіркеу куәлігін ұстаушылар:

Қазақстан Республикасының аумағында фармакологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті тұлғаның және фармакологиялық қадағалау бойынша байланысатын тұлғаның болуы;

фармакологиялық қадағалау жүйесінің мастер-файлын құру және оны өзекті жай-күйінде қолдау;

Қазақстан Республикасының аумағында дәрілік препараттың қолданудың анықталған жағымсыз салдарлары туралы деректер базасын жүргізу;

Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік затқа қатысты басқа елдерде қабылданған кез келген қолдануға тыйым салу немесе шектеулер туралы мәліметтерді, сондай-ақ «пайда-қауіп» арақатынасын бағалауды жүргізу үшін деректерді сараптама ұйымына жібереді;

дәрілік препаратты шығару немесе оның айналысы тоқтағанға дейін кемінде екі ай бұрын Қазақстан Республикасының нарығында дәрілік затты шығару немесе оның айналысын жоспарланған тоқтату туралы және (немесе) дәрілік препарат үш жыл ішінде шығарылмаған туралы себептерді көрсетілген мемлекеттік органның хабарламасы (жазбаша еркін нысанда);

24. Мемлекеттік орган дәрілік заттарды қолданудың жағымсыз салдарын болғызбау мақсатында:

1) медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерге, халыққа фармакологиялық қадағалау туралы, сондай-ақ дәрілік препараттардың пайда-қауіп арақатынасын өзгерту туралы хабарлауды;

2) фармакологиялық қадағалау жүйесін инспекциялауды іске асырады.

25. Медицина және фармацевтика қызметкерлерін, халықты фармакологиялық қадағалау туралы ақпараттандыру мемлекеттік органның ремис ресурсында немесе бұқаралық ақпарат құралдарында дәрілік заттардың қауіпсіздігі бойынша мәліметті тұрақты жариялау арқылы жүзеге асырылады.

Дәрілік заттардың қауіпсізідігімен байланысты қауіпті азайту үшін мемлекеттік орган осы Қағидалардың 60-тармағында көзделген тәртіпте шараларды қабылдайды.

26. Фармакологиялық қадағалау жүйесін инспекциялау жалпы фармакологиялық қадағалау жүйесіне қатысты және (немесе) жеке дәрілік заттар бойынша жүзеге асырылады және:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес тіркеу куәлігін ұстаушыда фармакологиялық қадағалау бойынша өз міндеттемелерін орындауға қажетті персоналдың, емшаралардың, жүйелердің, сондай-ақ үй-жайдың, қаражаттың және жабдықтың болуын растауды;

2) халықтың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін сәйкессіздіктерді анықтау және бағалауды қамтиды.

Тіркеу куәлігін ұстаушыларға және басқа да ұйымдарға қатысты фармакологиялық қадағалау бойынша міндеттемелерді орындау үшін фармакологиялық қадағалау жүйесін инспекциялауды тіркеу куәлігін ұстаушы тартқандар жүргізеді.

Фармакологиялық қадағалау жүйесін инспекциялау фармакологиялық қадағалау бойынша міндеттемелерді орындау үшін тіркеу куәлігін ұстаушы тартқан тіркеу куәлігін ұстаушыға немесе өзге ұйымдарға қатысты жүргізіледі.

27. Фармакологиялық қадағалау жүйесін инспекциялауды Стандарттың талаптарына сәйкес фармакологиялық қадағалау жүйесінің түрлі аспектілерін бағалау үшін тиісті тәжірибесі мен дайындығы бар және фармацевтикалық инспекторлардың тізіліміне кіретін мемлекеттік орган немесе сараптама ұйымының қызметкерлері жүргізеді және Кодекстің 7-бабының 1-тармағы 63-1) тармақшасында көзделген тәртіпте қалыптастырылатын фармацевтикалық инспекторлардың тізіліміне кіреді.

Мемлекеттік орган дәрілік затты тіркеу куәлігінің ұстаушысына инспекцияны жүргізудің болжамды күніне дейін күнтізбелік 30 күн бұрын фармакологиялық қадағалау жүйесінің алдағы инспекциясы туралы жазбаша хабарламаны жібереді.

28. Фармакологиялық қадағалау жүйесін инспекциялау Стандарттың 4-бөлімінде көзделген жағдайларда, сондай мына жағдайларда:

1) тіркеу куәлігінің ұстаушысы дәрілік заттардың қауіпсіздік бейініне бағалау жүргізуге қажетті ақпаратты белгіленген мерзімде ұсынбағанда (ҚБЖ, МЖҚЕ), сондай-ақ сұратылған ақпаратты ұсынудан бас тартқанда;

2) дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасы өзгергенде, сондай-ақ дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасының өзгеруі туралы уақытында ақпарат бермегенде;

3) қауіптерді басқару жөніндегі жоспар шеңберінде міндеттемелерді орындамағанда, сондай-ақ қауіптерді анықтау рәсімдерін немесе қауіптерді азайту жөніндегі шараларды тиісінше немесе уақытында орындамағанда;

4) тіркеу куәлігінің ұстаушысы ұсынған ақпарат пен жақын және алыс шетелдердегі реттеуші органдардан сараптама ұйымы берген ақпарат арасында сәйкессіздіктер болғанда;

5) тіркеу куәлігінің ұстаушының дәрілік препараттың қауіпсіздігі бейін бағалау үшін қажетті ұсынған құжаттарда күдікті ақпараттың болуы.

29. Тіркеу куәлігін ұстаушысының фармакологиялық қадағалау жүйесін инспекциялау нәтижелері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттардың тіркеу куәлігін ұстаушыларының фармакологиялық қадағалау қызметі жұмыстарын бағалау нәтижелері туралы Есеп түрінде ресімделеді.

30. Сараптама ұйымы фармакологиялық қадағалау шеңберінде мерзімсіз тіркеуі бар дәрілік затттардың пайда-қауіп арақатынасына бағалауды жүзеге асырады (бұдан әрі - «пайда-қауіп» арақатынасын бағалау).

31. Дәрілік заттардың «пайда-қауіп» арақатынасын бағалау тіркеу куәлігінің ұстаушысы ұсынған мәліметтер негізінде мына түрде ұсынылады:

1) қауіпсіздігі бойынша мерзімдік жаңартылып отырған есептер (бұдан әрі - ҚМЖЕ);

2) қауіптерді басқару жоспары (бұдан әрі - ҚБЖ);

3) тіркеуден кейінгі қауіпсіздік зерттеулерінің хаттамалары мен есептері;

4) фармакологиялық қадағалау жүйесінің мастер-файлы.

32. ҚМЖЕ тіркеу куәлігінің ұстаушысы жасайды және дәрілік препаратты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап, осы деректердің дәрілік препараттың қауіпсіздігі мен тиімділігі бейініне қауіпсіздігі мен әсері бойынша барлық жаңа деректерді ескере отырып, дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасына толық және күрделі талдаудан тұрады.

ҚМЖЕ дайындаған кезде тіркеу куәлігінің ұстаушысы:

1) ақпараттың дұрыстығы, уақтылы жинау және сараптама ұйымына беру;

2) себеп-салдарлық байланысты талдай отырып, анықталған жағымсыз реакциялар туралы деректер есебінде ұсынуды;

3) дәрілік затты қолданатын адамдарға бағалауды қоса алғанда, тиісті дәрілік заттың сатылу көлемі немесе тағайындалу саны және рецептілер жазу көлемі туралы қосымша деректер ұсынуды;

4) есептік кезеңге алынған дәрілік заттың қауіпсіздігі туралы барлық деректерді қосуды қамтамасыз етеді.

33. ҚМЖЕ негізгі мазмұнын қысқаша мәлімдеу, мақұлданған көрсеткіштер мен қорытындылар бойынша пайда-қауіп арақатынасын интеграцияланған талдау бөлімдерін орыс тіліне аударумен орыс тілде немесе ағылшын тілде мәтіндік іздеу мүмкіндігімен электрондық түрде сараптама ұйымына ұсынады. ҚМЖЕ құрылымы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Сараптама ұйымының сұранысы бойынша тіркеу куәлігінің ұстаушысы күнтізбелік 30 күн ішінде ҚМЖЕ басқа бөлімдерін орыс тіліне аударуға ұсынады.

34. Сараптама ұйымы ҚМЖЕ ұсыну арнайы мерзімділікті талап ететін дәрілік заттардың әсер ететін заттарының тізбесін айқындайды және өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

35. Халықаралық патенттелмеген атауы немесе топталған атауы көрсетілген тізбеге кірмеген дәрілік препараттар үшін ҚМЖЕ ұсыну мерзімділігі:

1) халықаралық тіркеуден күнінен бастап әр 6 ай, алғашқы 2 жыл бойы;

2) жыл сайын кейінгі 2 жыл бойы;

3) бұдан әрі – әр 3 жыл сайын. күнтізбелік

ҚМЖЕ беру мерзімі деректерді жинау аяқталған күннен бастап 90 күннен аспайтын уақытты құрайды.

ҚМЖЕ дереу, сараптама ұйымынан жазбаша сұраныста алған күннен бастап күнтізбелік 60 күн мерзімге дейін беруге жатады.

36. ҚМЖЕ ұсыну кезеңділігі мына жағдайларда өзгереді:

1) белсенді субстанция үшін бұрын тіркелгеннен ерекшеленетін жаңа дәрілік түрлерді енгізу, әзірлеудің жаңа жолдарының және жаңа көрсеткіштерінің пайда болуы;

2) белсенді және қосымша заттардың бірдей сапалы және сандық құрамы, сондай-ақ бұрын тіркелген дәрілік түрі мен енгізу жолы бар дәрілік затқа жаңа тіркеу куәлігін беру;

3) дәрілік заттарды жаңа тіркеуді қажет ететін II типті тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде.

37. Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта (қосымша парақ) жазылмаған және дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасын өзгертетін жағымсыз реакцияларды және (немесе) қауіпсіздігі мен тиімділігі бойынша басқа ақпаратты анықтаған кезде сараптама ұйымы дәрілік препараттың тіркеу куәлігін ұстаушысынан кезектен тыс ҚМЖЕ сұратады.

38. ҚМЖЕ сараптамасы күнтізбелік 90 күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады және:

1) жаңа әлеуетті немесе сәйкестендірілген қауіптер туралы куәландыратын ықтималды анықталған жаңа сигналдарды белгілей отырып, есептік кезеңге алынған қауіпсіздігі бойынша барлық ақпаратты талдауды немесе бұрын сәйкестендірілген қауіптер бойынша бұрыннан бар білімдерді, осы сигналдардың ақпаратын толықтыруды;

2) дәрілік препараттың қауіпсіздігі мен тиімділігі бойынша есептік кезеңге алынған барлық ақпаратты қорыту (клиникалық зерттеулер шеңберінде де, медициналық практикада дәрілік препаратты қолданған кезде де) және дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасына бұл ақпараттың әсер етуін бағалауды;

3) дәрілік препаратты бірінші тіркеген күннен немесе қандай да бір мемлекетте интервенциялық клиникалық зерттеу жүргізуге бірінші рұқсат алу күнінен бастап барлық кумулятивтік деректер негізінде «пайда-қауіп» арақатынасын интегральді талдауды орындауды;

4) қауіптерді азайту шаралары бойынша ақпаратты қорыту;

5) фармакологиялық қадағалаудың қосымша шаралары бойынша сигналдарды, қауіптерді және (немесе) ұсыныстарды бағалау жоспарын айқындауды қамтиды.

39. ҚМЖЕ медициналық қолданылуы жақсы зерделенген дәрілік заттардан, дәстүрлі өсімдік және гомеопатиялық дәрілік заттардан басқа ҚР аумағында айналыстағы барлық дәрілік заттарға ұсынылады.

Дәстүрлі өсімдік және гомеопатиялық дәрілік заттардың, сондай-ақ медициналық қолданылуы жақсы зерттелген дәрілік заттардың қауіпсіздігі бойынша проблемалар болған жағдайда, ҚМЖЕ сараптама ұйымының жазбаша сұранысы бойынша тіркеу куәлігін ұстаушы ұсынады.

ҚМЖЕ міндетті сараптау түпнұсқалық дәрілік препараттардың, биосимилярлардың, вакциналардың, жаңғыртылған дәрілік препараттардың (тіркелген түпнұсқалық препарат пен оның аналогтары болмаған жағдайда) жағдайында жүргізіледі.

Бірегей дәрілік заттар ҚМЖЕ сараптама нәтижелері бірдей қолданыстағы заты, дәрілік түрі бар қайта өндірілген дәрілік заттарға да қолданылады.

40. ҚМЖЕ нәтижелері бойынша сараптама ұйымы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттар қауіпсіздігінің бойынша мерзімділікпен жаңартылатын есептерді бағалау жөніндегі сараптама қорытындысын жасайды. Қорытынды екі данада ресімделеді, оның біреуі тіркеу куәлігін ұстаушыға жіберіледі, ал екіншісі сараптама ұйымында қалады.

41. Кодекстің 71-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген тәртіпте сараптама ұйымы дәрілік заттардың ҚМЖЕ бойынша электрондық бағдарламаны Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімін ескере отырып жүргізеді.

42. ҚБЖ тіркеу куәлігінің ұстаушысы әзірлейді және дәрілік препаратты қолдануға байланысты қауіптерді бағалау, болдырмау, сондай-ақ азайту және іс-шаралар деректерінің тиімділігін бағалауға бағытталған фармакологиялық қадағалау бойынша іс-шаралардың толық сипаттамасы бар.

43. ҚБЖ мына жағдайларда:

1) құрамында бұрын тіркелмеген әсер етуші зат бар дәрілік препарат үшін;

2) құрамында бұрын тіркелмеген әсер етуші заттардың біріктірілімі бар дәрілік препарат үшін;

3) биобаламалы, биологиялық, биотехнологиялық, сондай-ақ иммунологиялық дәрілік препарат үшін;

4) Кодекстің 63-бабының 1-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес қолдану аясын, өндірістік процесстің аспектілерін қамтитын дәрілік препараттың тіркеу дерекнамасына (мысалы, жаңа дәрілік түрі, жаңа енгізу тәсілі, тиотехнологиялық дәрілік препараттарды жаңа өндіру тәсілі, педиатриялық көрсеткіштерді енгізу, көрсетілімдегі басқа елеулі өзгерістер)

5) «пайда-қауіп» арақатынасына ықпал ететін қауіпсіздік бойынша проблемалар болған кезде;

6) сигналдарды анықтау кезінде қауіпті азайту және болғызбау мақсатында түзету әрекетінің тиісті жоспарын орындау үшін;

7) қолданыстағы ҚБЖ –ны жаңарту мақсатында дәрілік заттарды жаңарту мақсатында дәрілік препаратты қайта тіркеу кезінде елеулі өзгерістер енгізген кезде ұсынылады.

44. ҚБЖ сараптама ұйымына электрондық түрде орыс тілде ұсынылады. ҚБЖ бөлімдерінің құрылымы мен мазмұны осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес келеді.

45. ҚБЖ сараптамасы:

1) дәрілік препараттың қауіпсіздігі бойынша спецификацияда қарастырылған маңызды сәйкестендірілген және (немесе) маңызды потенциалды қауіптерді бағалауды;

(Жалғасы 31-бетте)

(Жалғасы. Басы 29-30-беттерде)

2) тіркеу куәлігінің ұстаушысы ұсынған маңызды сәйкестендірілген және (немесе) маңызды әлеуетті қауіптерді төмендету бойынша ұсынылатын шараларды бағалауды;

3) ҚБЖ енгізілген медицина қызметкерлері және (немесе) пациенттер үшін білім беру материалдарын бағалауды;

4) қауіптерді азайту бойынша шаралардың тиімділігін бағалауды қамтиды.

46. ҚБЖ сараптамасын жүргізу мерзімі оны алған күннен бастап күнтізбелік 60 күнді құрайды. Сараптама ұйымы қажет болғанда ҚБЖ нақты ережелері бойынша түсіндірмелерді немесе анықтамаларды сұратады және (немесе) ұсынылатын ҚБЖ-ға өзгерістер енгізуді ұсынады.

47. Тіркеу куәлігінің ұстаушысы күнтізбелік 60 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде сараптама ұйымының сұратуына түсіндірмелер немесе анықтамалар ұсынады және (немесе) ҚБЖ толық әзірленген нұсқасын береді. Ұсынылған ҚБЖ-ға өзгерістер енгізу туралы сараптама ұйымының нұсқауларымен келіспеген жағдайда тіркеу куәлігінің ұстаушысы себептерін көрсете отырып негіздеме береді. Уәкілетті ұйымның сұратуына жауап дайындау мерзімдері сараптама жүргізу мерзімдеріне кірмейді.

48. ҚБЖ сараптама нәтижелері бойынша сараптама ұйымы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындыны қалыптастырады. Қорытынды екі данада ресімделеді, оның біреуі тіркеу куәлігінің ұстаушысына жіберіледі, ал екіншісі сараптама ұйымында қалады.

49. Сараптама ұйымы Кодекстің 71-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген тәртіпте Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімін ескере отырып, ҚБЖ бойынша электрондық бағдарлама жүргізеді.

50. Дәрілік заттар қауіпсіздігінің тіркеуден кейінгі зерттеулері потенциалды клиникалық маңыздылығы немесе халық денсаулығы үшін маңыздылығы бар дәрілік препараттың қауіпсіздігі туралы қосымша ғылыми деректер жиналатын зерттеулерді қамтиды.

51. Дәрілік заттар қауіпсіздігінің тіркеуден кейінгі зерттеулерін тіркеу куәлігінің ұстаушысы Қазақстан Республикасының аумағында өз еркімен немесе зерттеулерді жүргізу арқылы қосымша зерттеуді талап ететін тіркелген дәрілік препаратпен байланысты қауіптердің бар деп болжаған жағдайда мемлекеттік органның шешіміне сәйкес іске асырады.

52. Дәрілік заттардың қауіпсіздігін тіркеуден кейін зерттеуді Кодекстің 74-бабының 3-тармағында көздлеген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында тіркеу куәлігінің ұстаушысы жүзеге асырады.

53. Дәрілік заттар қауіпсіздігінің тіркеуден кейінгі зерттеулерінің хаттамасын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тіркеу куәлігін ұстаушы әзірлейді және сараптама ұйымымен келісіледі.

Дәрілік заттар қауіпсіздігінің тіркеуден кейінгі зерттеулерін аяқтағаннан кейін күнтізбелік 60 күннің ішінде сараптама ұйымына ұсынылатын есеп қалыптастырылады.

54. Мерзімсіз тіркеуі бар Қазақстан Республикасының аумағында айналыстағы дәрілік заттардың «пайда-қауіп» арақатынасын бағалау жыл сайын тіркеу куәлігін ұстаушымен шарт негізінде сараптама ұйымы жүргізеді.

55. Мерзімсіз тіркеуі бар дәрілік заттардың жүргізілген пайда-қауіп арақатынасын бағалау үшін дәрілік заттардың тізбесін мемлекеттік органмен келіседі және өзінің порталында орналастырады.

56. Мерзімсіз тіркеуі бар дәрілік заттардың пайда-қауіп арақатынасына жыл сайынғы бағалау жүргізу үшін есепті кезең тіркеу куәлігін беру күні болып есептеледі.

57. Тіркеу куәлігін ұстаушылар жыл сайын осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мерзімсіз тіркеуі бар дәрілік заттардың бейіні туралы мәліметті сараптама ұйымына жібереді.

58. Сараптама ұйымы тіркеу куәлігінің ұстаушысы ұсынған мәліметтер мен материалдардың негізінде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік препараттың пайда-қаупі арақатынасы туралы сараптама қорытындысын қалыптастырады.

59. Мерзімсіз тіркеуі бар дәрілік заттардың жүргізілген пайда-қауіп арақатынасына жүргізілген бағалау нәтижелері туралы мәлімет күнтізбелік жылдың 1 ақпанына кешіктірілмей мемлекеттік органға жіберіледі және сараптама ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

60. Мемлекеттік орган дәрілік заттың пайда-қауіп арақатынасын бағалаудағы өзгерістер туралы сараптама ұйымының ақпараты (қорытынды, есеп), сондай-ақ фармакологиялық қадағалау жүйесін инспекциялау нәтижелерінің негізінде мына реттеуші шараларды жүзеге асырады:

1) дәрілік препараттың жалпы сипаттамасындағы тиісті өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

2) дәріханадан дәрілік затты босату санатын немесе дәрілік заттың босатылуын шектеу және бақылау басқа шараларын өзгертеді;

3) дәрілік заттың клиникалық зерттеулерін жүргізуді немесе олардың жеке сатыларын тоқтатады, сондай-ақ қосымша клиникаға дейінгі және (немесе) клиникалық зерттеулер жүргізуді тағайындайды;

4) қауіпсіздігі мен сапасына қосымша зерттеулер жүргізу үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында субъектілерден дәрілік заттардың үлгілерін алып қояды;

5) Кодекстің 84-бабының 2-тармағында көзделген тәртіпте тіркеу куәлігінің қолдансын тоқтатады.

61. Мемлекеттік орган дәрілік заттың пайда-қауіп арақатынасын бағалауда өзгерістер туралы ақпаратты (қорытынды, есеп) алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сараптама ұйымына, мемлекеттік денсаулық сақтау жергілікті органдарына және тіркеу куәлігінің ұстаушысына қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

3-тарау. Медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу тәртібі

62. Медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг (бұдан әрі - Мониторинг) медициналық бұйымды қолданумен байланысты жағымсыз оқиғаларды (оқыс оқиғаларды) анықтауға және болдырмауға бағытталған.

63. Медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторингті мемлекеттік орган, мемлекеттік сараптама ұйымы, денсаулық сақтау субъектілері, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілер, медициналық бұйымның өндірушісінің уәкілетті өкілдері, сондай-ақ сервистік қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсететін заңды және жеке тұлғалар жүргізеді.

64. Сараптама ұйымы жүзеге асыратын мониторинг оның айналысының барлық кезеңдерінде медициналық бұйымдарды қолданумен байланысты жағымсыз оқиғалар (оқыс оқиғалар) туралы ақпаратты жинауды, тіркеуді, талдауды қамтиды және:

1) медициналық бұйымдарды пайдаланушылардан және (немесе) өндірушілерден алынған хабарламаларды талдауға;

2) медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен тиімділігін тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингілеу деректеріне негізделеді.

65. Медициналық бұйымдардың қолдану кезінде жағымсыз оқиғалары (оқыс оқиғалары) туралы ақпаратты осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық бұйымды қолданумен байланысты жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) туралы хабарлама түрінде мемлекеттік сараптама ұйымына жіберіледі.

66. Хабарлама сараптама ұйымының интернет-ресурсы арқылы онлайн режимде (бұдан әрі – портал), факс, электрондық пошта арқылы беріледі немесе сараптама ұйымына қағаз жеткізгіште қолма қол ұсынылады.

Хабарламада тиісті құжаттардың көшірмесімен расталатын нақты ақпарат көрсетіледі.

67. Медициналық ұйымдар жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) туралы медициналық бұйымның өндірушісіне немесе оның уәкілетті өкіліне хабарлайды және көрсетілген оқиғалармен байланысты медициналық бұйымдарға рұқсатты ұсынады.

Медициналық ұйым жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) байланысты медициналық бұйымға рұқсат беруден бас тартқан жағдайда медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі медициналық бұйымның жағымсыз оқиғамен байланысын айқындау және неғұрлым қысқа мерзімде жағымсыз оқиғалардың (оқыс оқиға) өлшемшарттарына сәйкестігін айқындау үшін медициналық бұйымға рұқсат беруді жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін мемлекеттік органға жүгінеді.

68. Медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі жағымсыз оқиғаның (оқыс оқиғаның) медициналық бұйымды қолдану кезінде мемлекеттік органға және сараптама ұйымына жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) туралы есепті (бұдан әрі – оқыс оқиға туралы есеп) және осы Қағидаларға 13 және 14-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша медициналық бұйымның қауіпсіздігі жөнінде түзетуші әрекеттер туралы есепті (бұдан әрі – түзетуші әрекеттер туралы есеп) жібереді.

Егер медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі бағалау бойынша жағымсыз оқиға жағымсыз оқиғаның (оқыс оқиғаның) өлшемшарттарына қанағаттандырмаса, медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі мемлекеттік органға және сараптама ұйымына көрсетілген оқиға жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) болып табылмайтыны туралы негіздемені ұсынады.

69. Сараптама ұйымы келіп түскен оқыс оқиға туралы бастапқы есепті тіркейді, медициналық бұйымның өндірушісіне немесе оның уәкілетті өкіліне көрсетілген есепті алғаны туралы хабарлайды және оқыс оқиға туралы одан кейінгі немесе қорытынды есепті ұсыну мерзімін, сондай-ақ түзетуші әрекеттер туралы одан кейінгі (қажет болса) және қорытынды есепті ұсыну мерзімін келіседі.

70. Оқыс оқиғалар туралы бастапқы есеп мынадай мерзімдерде жіберіледі:

1) денсаулыққа күрделі қауіп төнген жағдайда (ақталмаған кідіріссіз) дереу, дегенмен медициналық бұйымның өндірушісіне қауіптің бар екендігі туралы белгілі болған сәттен бастап 2 күнтізбелік күннен кешіктірмей;

2) пайдаланушы қайтыс болған немесе денсаулық жағдайы күтпеген жерден қатты нашарлаған жағдайда – дереу (ақталмаған кідіріссіз) медициналық бұйымның өндірушісі медициналық бұйымды қолдану мен орын алған оқиғаның арасындағы байланысты орнатқаннан кейін, дегенмен медициналық бұйымның өндірушісіне оқиға туралы белгілі болған сәттен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей;

3) өзге жағдайларда – дереу (ақталмаған кідіріссіз) медициналық бұйымның өндірушісі медициналық бұйымды қолдану мен орын алған оқиғаның арасындағы байланысты орнатқаннан кейін, дегенмен медициналық бұйымның өндірушісіне оқиға туралы белгілі болған сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберіледі.

71. Өлім қаупінен немесе денсаулық жағдайының нашарлауынан пайдаланушыларды немесе үшінші тұлғаларды қорғайтын шұғыл жағдайларда медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі түзетуші әрекеттер туралы бастапқы есепті сараптама ұйымына жолдағанға дейін түзетуші әрекеттерді орындайды. Мұндай жағдайда түзетуші әрекеттер туралы бастапқы есеп медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі түзетуші әрекеттерді орындағаннан кейін 2 күнтізбелік күннен кешіктірмей сараптама ұйымына жолданады.

72. Медициналық бұйымның өндірушісінде немесе оның уәкілетті өкілінде болған жағымсыз оқиғаны (оқыс оқиға) тергеу жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда өндіруші бұл туралы дереу сараптама ұйымына хабарлайды.

73. Егер жағымсыз оқиғаны (оқыс оқиға) тергеу барысында бірнеше медициналық бұйымдардың өндірушілері қатысатын болса мемлекеттік орган олардың әрекеттерін үйлестіруді іске асырады.

74. Медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі мемлекеттік органға және сараптама ұйымына пайдаланушының өліміне немесе денсаулық жағдайының күрделі өзгеруіне әкелген медициналық бұйымды пайдалану кезінде жол берілген қателіктер туралы хабарлайды.

75. Сараптама ұйымы медициналық бұйымның өндірушісінен немесе оның уәкілетті өкілінен оқыс оқиға туралы қорытынды есепті, түзетуші әрекеттер туралы қорытындыны алған күннен бастап 30 жұмыс күннен кешіктірмей мемлекеттік органға және медициналық бұйымның өндірушісіне немесе оның уәкілетті өкіліне көрсетілген есептерді қарастыру нәтижелері туралы хабарлайды.

76. Оқыс оқиға туралы есепті, түзетуші әрекеттер туралы есептерді және медициналық бұйымның қауіпсіздігі жөніндегі хабарламаны сараптама ұйымы медициналық бұйымдардың қауіпсіздігін, сапасы мен тиімділігін мониторингілеу бірыңғай ақпараттық деректер базасына орналастырады.

77. Оқыс оқиғалар туралы есеп сараптама ұйымына мынадай жағдайларда ұсынылмайды:

1) медициналық бұйымның қауіпсіздігі жөніндегі хабарламаларда сипатталған және жағымсыз оқиғаларды (оқыс оқиғаларды) тергегеннен кейін және медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі осындай хабарламаларды таратқаннан кейін және түзетуші әрекеттерді жүргізгеннен кейін болған әр жеке жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) бойынша;

2) жиі болатын және құжаттандырылған жағымсыз оқиғаның (оқыс оқиғаның) (медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі және сараптама ұйымы талдаған олар туралы есептер ұсынылып қойған медициналық бұйыммен байланысты қауіптерді талдауда осындай түрде белгіленген) ішінен әр жеке жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) бойынша;

3) пайдаланушы медициналық бұйымды тура пайдаланар алдында анықтайтын медициналық бұйымдардың көрініп тұрған ақауларымен байланысты жағымсыз оқиғалар (оқыс оқиғалар) туралы;

4) медициналық бұйымның сынуы салдарынан қауіп төндіруден қорғайтын конструкция ерекшеліктеріне байланысты денсаулық жағдайының күрделі нашарлауына немесе өлімге әкелмеген жағымсыз оқиғалар (оқыс оқиғалар) туралы;

5) төменде көрсетілген барлық критерийлерді бір уақытта қанағаттандыратын күтілетін және болжалды жағымсыз оқиғалар (оқыс оқиғалар) туралы:

жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) медициналық бұйымға ілеспелі ақпаратта (құжаттамада) көзделген;

клиникалық тәжірибеде жақсы белгілі жағымсыз оқиға (оқыс оқиға), егер медициналық бұйым өзінің нұсқаулығына сәйкес пайдаланылатын және жұмыс істейтін болса, оларды сапалы және сандық тұрғыдан болжау;

жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) болғанға дейін жүргізілген қауіптерді тиісті бағалаумен медициналық бұйымға техникалық құжаттамада көзделген жағымсыз оқиға (оқыс оқиға);

әр жеке пациент үшін медициналық бұйымның пайдасы тарапынан клиникалық жол берілетін жағымсыз оқиға (оқыс оқиға);

6) егер өлім қаупі немесе денсаулық жағдайының күрделі нашарлауы талданған және өте аз деп танылған болса, егер өлім де, денсаулықтың күрделі нашарлауы да болмаса және қауіп медициналық бұйымды тіркеу кезінде тіркеу дерекнамасының құрамында ұсынылатын қауіптерді талдау туралы есепте рұқсат етілген болып сипатталса және көзделсе.

78. Медициналық бұйымның қауіпсіздігі жөніндегі түзетуші әрекеттердің нәтижелері бойынша медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық бұйымның Қауіпсіздігі жөніндегі хабарламаны шығарады және пайдаланушыларға хабарлауды қамтамасыз етеді.

79. Қолданудың 3 әлеуетті қауіп класының медициналық бұйымдары, сондай-ақ адамның организміне имплантацияланатын қолданудың 2б әлеуетті қауіп класының медициналық бұйымдары үшін медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен тиімділігін тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингін (бұдан әрі – тіркеуден кейінгі клиникалық мониторинг) жүргізеді және «пайда-қауіп» арақатынасына бағалау жүргізу үшін тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингі бойынша есепті сараптама ұйымына жыл сайын ұсынады.

Тіркеуден кейінгі клиникалық мониторинг туралы бастапқы, одан кейінгі және қорытынды есепті медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі сараптама ұйымына тіркеу куәлігін алған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.

80. Тіркеуден кейінгі клиникалық мониторинг медициналық бұйымды тіркеу кезінде тіркеу куәлігінің құрамында ұсынылатын тіркеуден кейінгі кезеңде медициналық бұйымның қауіпсіздігі мен тиімділігі бойынша деректерді жинау және талдау жоспарына сәйкес жүргізіледі.

81. Тіркеуден кейінгі клиникалық мониторинг жоспары:

1) қолда бар клиникалық деректерді, спецификалық ерекшеліктерін және медициналық бұйыммен байланысты қауіп факторын ескере отырып, тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингінің мақсаттары мен міндеттерін;

2) тіркеуден кейінгі клиникалық мониторинг сызбасын, оның ішінде алу әдістерінің (тәсілдерінің) негіздемесін және клиникалық деректерді статистикалық талдауды, зерттелетін популяцияны таңдауды, қосу (шығару) критерийлерін және салыстыру тобының зерттеуіне қосу қажеттілігі бар зерттеу тобындағы субъектілердің ең аз санын қамтиды.

82. Медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен тиімділігін тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингілеу туралы есепті медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптама ұйымына ұсынады.

83. Сараптама ұйымы тіркеуден кейінгі клиникалық мониторинг туралы есепті алған күннен бастап 20 жұмыс күннен кешіктірмей тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингты аяқтау мүмкіндігі (мүмкінсіздігі) туралы қорытындысы мемлекеттік органға жолдайды.

84. Сараптама ұйымы халықаралық көздерден және медициналық бұйымның қауіпсіздігін мониторингілеу нәтижелерінен алынған мәліметтердің негізінде өндірушілердің және (немесе) олардың уәкілетті өкілдерінің ақпараттық ресурстары арқылы медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа немесе медициналық бұйымды пайдалану құжатына тиісті өзгерістерді енгізу арқылы тоқсан күнтізбелік күннің ішінде Кодекстің 63-бабы 1-тармағымен көзделген тәртіпке сәйкес медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу арқылы хабарлайды.

85. Осы Қағидалардың 84-тармағында көрсетілген шарттарды орындамаған жағдайда сараптама ұйымы (еркін түрде) тіркеу куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру қажеттілігі туралы мемлекеттік органға хабарлайды.

86. «Пайда-қауіп» арақатынасын бағалау нәтижелері бойынша сараптама ұйымы қорытындысының негізінде мемлекеттік орган мынадай:

1) тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингті аяқтау туралы;

2) алынған деректердің негізінде медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен тиімділігін растау және медициналық бұйымдардың өндірушісі қажетті түзетуші әрекеттерді қабылдамаса алынған деректер жеткіліксіз болса, қосымша мерзімін көрсете отырып, тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингті ұзарту туралы;

3) қолдану жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер енгізу туралы;

4) медициналық бұйымның тіркеу куәлігінің қолданысын тоқтата тұру және қосымша мерзімді көрсете отырып, тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингті ұзарту туралы;

5) айналысын тоқтата тұру, тыйым салу немесе алу не медициналық бұйымдардың қолдануды шектеу туралы шешімдерді қабылдайды.

87. Мемлекеттік орган осы Қағидалардың 86-тармағына сәйкес оны қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күннен кешіктірмей ол туралы сараптама ұйымына және медициналық бұйымның өндірушісіне хабарлайды (еркін түрде).

88. Мемлекеттік орган мынадай жағдайларда осы Қағидалардың 86-тармағының 5) тармақшасында көзделген шешімді қабылдайды:

1) медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) туралы ақпаратты ұсынбаса немесе Қазақстан Республикасының аумағында және (немесе) басқа елдерде болған жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) туралы ақпаратты ұсыну мерзімі бұзылса;

2) медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі жағымсыз оқиға (оқыс оқиға) туралы есеп және (немесе) түзету әрекеті туралы есеп ұсынбаса;

3) медициналық бұйымның өндірушісі немесе оның уәкілетті өкілі медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі клиникалық мониторингі туралы есептерді ұсынбаса.

Фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Дәрілік препаратты қолданудың жағымсыз салдары туралы карта-хабарлама

Жағымсыз реакцияға, оның ішінде өліммен аяқталуға немесе өмірге қауіп төндіруге, артық дозалануға, шамадан тыс тұтынуға немесе тиімділігінің болмауына, жүкті және бала емізетін әйелдерде қолданылуына, ДЗ арқылы инфекциялық агенттің берілуіне, бір немесе бірнеше препаратпен/вакцинамен дәрілік өзара әрекеттесуге күдік туындағанда осы хабарлама-картаны толтыруды өтінеміз.

Барлық бөлімдерді барынша толық толтыруыңызды өтінеміз (көк/қара қаламсаппен немесе компьютерде, сұрмен боялған толтыру шаршысын белгілеңіз). Пациент мен есеп берген тұлға туралы мәліметтер құпия болып қалады.

Ұйымның атауы:___ Мекенжайы:___ Телефон/факс: Email:____

Карта-хабарламаның ішкі нөмірі: Нөмір (амбулаторлық немесе стационарлық пациентнің медициналық картасының): _____ Хабарлама типі: өздігінен келіп түскен әдебиет
☐ клиникалық зерттеу
☐ постмаркетингтік зерттеу
☐ Бастапқы хабарлама:
☐ Алу күні: __.___.____ Кейінгі хабарлама:
☐ Кейінгі бақылау күні: __.___.____

2. Пациент туралы ақпарат: Аты-жөні:____ Туған жылы, айы, күні:__.___.____ Жасы: (жыл, ай, апта, күн, сағат) Жынысы: Ер
☐ Әйел
☐ Белгісіз
☐ Бойы:___см Салмағы: кг Ұлты:
☐ азиат
☐ азиат (шығыс азия)
☐ еуропалық
☐ басқа (көрсету) ____

3. Клиникалық диагноз (Денсаулық сақтау қызметкерлері ғана толтырады)	(АХЖ-10 коды):
Негізгі:	
Қосарлас:	

4. Жүктілік жөніндегі ақпарат Жүктілік? Иә
☐ Жоқ
☐ Белгісіз
☐ Егер Иә: Соңғы етеккір күні: __.__.__ Болжамды туу күні: ___.___.___
Ұрықтар саны Қалыпты ұрықтану (дәрілер қабылдауды қоса алғанда)
☐ In vitro
☐ Жүктілік нәтижесі:
☐ жүктілік жалғасады
☐ туа біткен патологиясыз тірі ұрық
☐ туа біткен патологиямен тірі ұрық
☐ туа біткен патология көрінбейтін тоқтату
☐ туа біткен патологиямен тоқтату
☐ туа біткен патологиясыз өздігінен түсік тастау (<22 апта)
☐ туа біткен патологиямен өздігінен түсік тастау (<22 апта)
☐ көрінбейтін туа біткен патологиясыз өлі ұрық (>22 апта)
☐ туа біткен патологиямен өлі ұрық (>22 апта)
☐ жатырдан тыс жүктілік
☐ көпіршікті қағанақ
☐ әрі қарай қадағалау мүмкін емес
☐ Белгісіз

(Жалғасы 32-бетте)

(Жалғасы. Басы 29-31-беттерде)

Егер жүктілік аяқталып қойған болса: Босану күні: __.__.__ Туу/үзу/тоқтату кезіндегі гестациялық мерзімі: __.__.___ Туу типі:
☐
қалыпты қынаптық
☐
кесарь тілігі
☐
патологиялық қынаптық (қысқаштар, вакуум экстракция)
Сәби салмағы: ___ гр. Бойы ___см Жынысы
☐
Еркек
☐
Әйел Апар шкаласы: 1 минут ___, 5 минут ____,10 минут ___ Қосымша ақпарат: _____

Күдікті препарат/ вакцина* (Патенттелмеген & коммерциялық атауы)	Қабылдау басталған күн	Қабылдау аяқталған күн	Енгізу жолы, қабылдау жиілігі	Серия/ партия №:, жарамдылық мерзімі	Көрсетілімдер

Қабылданған шаралар
☐
Препарат тоқтатылды
☐
Курс тоқтатылды
☐
Доза азайтылды
☐
Өзгеріссіз
☐
Доза арттырылды
☐
Белгісіз
☐
Басқалары _____

Күдікті препарат/ вакцина *2 (Патенттелмеген & коммерциялық атауы)	Қабылдау басталған күн	Қабылдау аяқталған күн	Енгізу жолы, қабылдау жиілігі	Серия/партия №:, жарамдылық мерзімі	Көрсетілімдер

Қабылданған шаралар
☐
Препарат тоқтатылды
☐
Курс тоқтатылды
☐
Доза азайтылды
☐
Өзгеріссіз
☐
Доза арттырылды
☐
Белгісіз
☐
Басқалары _____

Жанама әсері	Басталу күні	Аяқталу күні	Нәтиже	ДЗ-пен байланысы
1.			☐ Сауығу ☐ Жалғасады ☐ Ауруханаға жатқызу ☐ Туа біткен. аномалиялар ☐ Еңбекке жарамсыздық ☐ Өлім ☐ Жақсару ☐ Нашарлау	☐ Ықтималды ☐ Байланыссыз ☐ Болжамды
2.			☐ Сауығу ☐ Жалғасады ☐ Ауруханаға жатқызу ☐ Туа біткен. аномалиялар ☐ Еңбекке жарамсыздық ☐ Өлім ☐ Жақсару ☐ Нашарлау	☐ Ықтималды ☐ Байланыссыз ☐ Болжамды
3.			☐ Сауығу ☐ Жалғасады ☐ Ауруханаға жатқызу ☐ Туа біткен. аномалиялар ☐ Еңбекке жарамсыздық ☐ Өлім ☐ Жақсару ☐ Нашарлау	☐ Ықтималды ☐ Байланыссыз ☐ Болжамды

[1]Егер вакцина болса, дозасының нөмірін енгізіңіз. Егер доза нөмірі белгісіз болса, бастапқы вакцинация үшін Б деп, ал бустерлік доза үшін Б деп жазыңыз.

Егер қандай да бір вакцина бір еккіште енгізілген болса, атап көрсетуіңізді өтінеміз.

3. Сіз осы жағымсыз әсерді КҮРДЕЛІ деп қарастырасыз ба? Иә
☐
Жоқ
☐
Егер Иә, бұл құбылысты неліктен күрдері деп қарастыратыныңызды атап көрсетуіңізді өтінеміз (мысалдардың бәріне белгі қойыңыз):

Өмірге қатерлі ме? ☐	Айқын немесе тұрақты мүгедектік бар ма? ☐	Ауруханаға жатқызу талап етіле ме немесе ұзаққа созыла ма? ☐
Туа біткен аномалиялар бар ма? ☐	Медициналық тұрғыда маңызды ма? ☐	Пациент қайтыс болды ма? ☐

Жағымсыз реакцияның сипаттамасы, түзетуге арналған ДЗ, қосымша ақпарат: Егер пациент өлсе, өлімнің себебі не болды? Мүмкін болса аутопсия нәтижелерін ұсыныңыз.

Күдікті препарат болды ма немесе вакцинация курсы тоқтатылды ма? Иә
☐
Жоқ
☐

Қосарлас ДЗ 1 (жағымсыз әсерді түзетуге арналған ДЗ қоспағанда) (Патенттелмеген және коммерциялық атауы)	Дәрілік түрі/ серия нөмірі	Жалпы тәуліктік доза/ тағайындау жолы/тарап	Қабылдау басталған күн	Қабылдау аяқталған күн	Көрсетілімдер

Қабылданған шаралар
☐
Препарат тоқтатылды
☐
Курс тоқтатылды
☐
Доза азайтылды Өзгеріссіз
☐
Доза арттырылды
☐
Белгісіз
☐
Басқалары _____

5. Қосарлас ДЗ 2 (жағымсыз әсерді түзетуге арналған ДЗ қоспағанда) (Патенттелмеген & коммерциялық атауы)	Дәрілік түрі/ серия нөмірі	Жалпы тәуліктік доза/ тағайындау жолы/тарап	Қабылдау басталған күн	Қабылдау аяқталған күн	Көрсетілімдер
Қабылданған шаралар ☐ Препарат тоқтатылды ☐ Курс тоқтатылды ☐ Доза азайтылды ☐ Өзгеріссіз ☐ Доза арттырылды ☐ Белгісіз ☐ Басқалары _____					

5. Қатарлас ДЗ 3 (жағымсыз әсерді түзетуге арналған ДЗ қоспағанда) (Патенттелмеген & коммерциялық атауы)	Дәрілік түрі/ серия нөмірі	Жалпы тәуліктік доза/ тағайындау жолы/тарап	Қабылдау басталған күн	Қабылдау аяқталған күн	Көрсетілімдер

Қабылданған шаралар
☐
Препарат тоқтатылды
☐
Курс тоқтатылды
☐
Доза азайтылды
☐
Өзгеріссіз
☐
Доза арттырылды
☐
Белгісіз
☐
Басқалары _____

*Ескерту:

дәрілік заттың жанама реакциялары/әсерлері дамуының және/немесе қолдану тиімділігінің болмауы арасындағы себеп-салдар байланыстың бағалануын анықтауға талап етілетін хабарлама – картада міндетті түрде болу керек ақпараттың ең аз көлемі:

пациент туралы ақпарат: жасы, жынысы;

жанама реакциялары/әсерлері және/немесе тиімділігінің болмауы жөніндегі ақпарат: реакцияның басталу, өту, басылу уақыты.

күдікті дәрілік зат туралы ақпарат: саудалық атауы, халықаралық патенттелмеген атауы, дозалануы, енгізу тәсілі, қабылдаудың басталу және аяқталу күні, қолдану көрсетілімдері, серия нөмірі.

жағымсыз реакциялары/әсерлерінің туындауы және/немесе тиімділігінің болмауы жөніндегі хабарламаны жолдаған репортер туралы ақпарат (ақпарат құпиялы болып табылады және тек деректерді тексеру және толықтыру, сондай-ақ динамикалық қадағалау үшін пайдаланылады).

Фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Фармацевтикалық компанияның атауы _____
Тіркеу куәлігінің ұстаушысы _____
_____

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс анықталған дәрілік заттың елеулі күтпеген жағымсыз реакцияларының жағдайлары туралы есеп

Дәрілік препараттың саудалық атауы _____
ХПА _____
Әлем бойынша компанияның өндірушісі _____

Ай:
Жауапты тұлға:
Есептің күні:

Есептің түрі	Өліммен аяқталған күрделі күтпеген (сипатталмаған) жағымсыз әсерлер	Өмірге қауіп төндірген күрделі күтпеген (сипатталмаған) жағымсыз әсерлер	Хабарламаның жалпы саны
Аңдаусыз хабарламалар			
Жергілікті хабарламалар			
Шетелдік хабарламалар			
Клиникалық сынақтар			
Жергілікті хабарламалар			
Шетелдік хабарламалар			
Маркетингтен кейінгі зерттеулер, әдеби оқиғалар, басқалары			
Жергілікті хабарламалар			
Шетелдік хабарламалар			

ҚР фармакологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті тұлға

_____
Қолы, күні

Фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Жағымсыз реакция және дәрілік затты қолдану арасындағы себеп-салдарлы байланысты бағалау жөніндегі сараптама қорытындысы

Саудалық атауы: _____
Өндіруші: _____
Қазақстан Республикасында тіркеу нөмірі: _____

1.	Бастапқы ақпарат:	
1)	Хабарлама ДЗСҰО келіп түскен күн:	
2)	Күдікті ДЗ:	
3)	Пациент туралы ақпарат:	
4)	Диагноз:	
5)	Жағымсыз реакцияның (ЖР) сипаттамасы:	
6)	ДЗ ЖР күрделілігін бағалау (хабарламада көрсетілгендей)	
2.	Хабарламаны валидациялау (ҚР ДСӘДМ 27.05.2015ж. № 392 бұйрығына сәйкес, 7.1.2-тармақ) Ең аз қажетті ақпаратқа кіреді:	
1)	Репортер: аты немесе аты-жөнінің бірінші әріптері, мекенжайы немесе біліктілігі (әсіресе дәрігер, провизор, фармацевт, басқа медицина қызметкері, пациент (тұтынушы) немесе денсаулық сақтау жүйесінің маманы болып табылмайтын басқа медици маманы) бойынша сәйкестендіріледі. Репортер хабарламаны растайтын немесе әрі қарай бақылауды қажет болса орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін байланыс деректері бар болған жағдайда сәйкестендірілетін болып есептеледі.	
2)	Пациент: аты-жөнінің бірінші әріптерін, пациенттің сәйкестендіру нөмірін, туған жылын, жасын немесе жас тобын, жынысын көрсете отырып сәйкестендіріледі. Пациент туралы ақпарат көп болып есептеледі;	
3)	Күдікті дәрілік препарат: хабарламада кем дегенде бір күдікті дәрілік препарат көрсетілуі тиіс (саудалық атауы немесе ХПА); *1) Хабарламада көрсетілген күдікті ДП қолдануға көрсетілім *2) Енгізу жолы және дозасы *3) ДП енгізуді бастау күні және ДП тоқтату күні немесе егер бастау және аяқтау күні көрсетілмесе препаратты пайдалану ұзақтығы *4) Пациенттің дәрілік тарихы *5) ДП сапасына шағым (иә/жоқ; егер «иә» болса, хабарламада көрсетілгендей шағымды сипаттау). * - Егер ақпарат қолжетімді болса	
4)	Жағымсыз реакцияның сипаттамасы: хабарламада кем дегенде бір күдікті жағымсыз реакция көрсетілуі тиіс.	
5)	Валидациялаусыз хабарлама: Хабарлама егер хабарламада толық қажетті ең аз ақпарат болмаса жағымсыз реакция туралы валидті емес жеке хабарлама болып анықталады.	
3.	Ілеспелі дәрілік заттар (ДЗ) туралы ақпарат	
	1) Ілеспелі ДЗ тағайындау және тоқтату күні 2) Осы мәліметтерді ДП тағайындаған және тоқтатқан күнмен, ЖР дамуының басталуыман салыстыру	
4.	і. Жағымсыз реакция туралы ақпарат	
	- Орын алған күн. - Егер бар болса, өлшем бірлігін көрсете отырып зертханалық тестілердің нәтижелері. - Жағымсыз реакцияның/әсердің нәтижесі: сауығу, жалғасуда, госпитализация/госпитализацияны ұзарту, мүгедектік/еңбекке жарамсыздық, туа біткен аномалия, өмірге төнген қауіп, өлім, медициналық маңызы бар ДП ЖР дамуының басталу күні Жағымсыз реакцияның күрделілігін бағалау: - хабарламада көрсетілгендей - сарапшының бағалауы: ЖР күрделілігін растау/растамау, сипатталған/сипатталмаған ЖР, белгілі/белгісіз ЖР, әсер немесе жағымсыз құбылыс Қабылданған шаралар: - препарат тоқтатылды - курс тоқтатылды - доза азайтылды - өзгеріссіз - доза көбейтілді - белгісіз Қабылданған шаралардан кейінгі әсер: Дәрілік препаратты қайта тағайындау әсері: - қайтадан ЖР дамуына әкелді - қайтадан ЖР дамуына әкелмеді - белгісіз Ілеспелі ДЗ жағдайында немесе бірден көп күдікті ДЗ көрсеткен кезде ЖР/ЖҚ дамуындағы дәрілік өзара әрекеттесу мүмкіндігін бағалаған жөн.	
5.	ДП ЖР түзетуге арналған дәрілік препараттар	
6.	Қосымша ақпарат Анамнездің елеулі деректері, ілеспелі аурулар, аллергия	
7.	Қосымша материалдың тізбесі және бағалау	
8.	Зертханалық сынақтардың нәтижелері (күрделі ДП ЖР жағдайында немесе осы бұйрыққа сәйкес тиімділігі болмаса/жеткілісіз болса)	
9.	ЖР және ДП арасындағы себеп-салдарлы байланысты бағалау	
10.	Өзара байланысын бағалау:	
	1) Пациент дәрілік затты қабылдауды бастағанға дейін құбылыс орын алды ма?	
	2) Құбылыс орын алғанға дейінгі уақыт шынайы (ықтимал) болып табыла ма?	
	3) Құбылыс қандай да бір басқа дәрілік затты қабылдауды бастағаннан кейін орын алды ма? Егер құбылыс басқа дәрілік затты қабылдай бастағаннан кейін орын алса, онда екі мүмкіндікті ескеру қажет: - Әсер жаңа дәрілік заттан туындауы мүмкін. Әсерді туындатқан екі дәрілік заттың арасындағы өзара әсердің орын алуы мүмкін.	
	4) Әсер қандай да бір жаңа ауру пайда болғаннан кейін орын алды ма?	
	5) Әсердің туындауының қандай да бір басқа ықтимал мүмкіндігі бар ма? - Әсер пациент ем алуға байланысты аурумен шартталған ба? - Әсер басқа ліспелі аурумен шартталған болуы мүмкін бе? - Әсер қатар тағайындалған қандай да бір басқа дәрілік затты қабылдаумен шартталуы мүмкін бе?	
	6) Дәрілік затты тоқтатуға реакция қандай? - Пациент жазылды ма? - Пациенттің жағдайы жақсарды ма? - Жағдайы өзгеріссіз бе? - Пациенттің жағдайы нашарлады ма? - Тоқтатуға реакция белгісіз бе? Мұндай жағдайда «белгісіз» деп міндетті түрде жазу керек.	
	7) Дәрілік затты қайта тағайындауға реакция қандай? (Егер қолдануға болса)	
11.	Өзара байланыс санаттары:	
	Нақты себеп-салдарлы байланыс - зертханалық көрсеткіштердің жағымсыз өзгерістерін қоса, жағымсыз реакция симптомдарының клиникалық белгілері уақыты бойынша дәрілік затты қабылдауға (қолдануға) байланысты, - ілеспелі аурулардың бар болуымен немесе бір уақытта қабылданатын басқа дәрілік заттармен түсіндірілмеуі мүмкін	
	Мүмкін себеп-салдарлы байланыс - зертханалық көрсеткіштердің жағымсыз өзгерістерін қоса, жағымсыз реакция симптомдарының клиникалық белгілері уақыты бойынша дәрілік затты қабылдауға байланысты, - ілеспелі аурулардың бар болуымен немесе бір уақытта қабылданатын басқа дәрілік заттармен түсіндірілуі мүмкін - дәрілік затты қабылдауды тоқтату нәтижелері туралы ақпарат жоқ немесе нақты емес	

(Жалғасы бар)